Егер бұрын жалданып кісі өлтіруді орындаушылар қатарында көп жағдайда қылмыскерлер, белгілі бір тұрғылықты жері және жұмысы жоқ адамдар, жоғары емес және орташа білікті жұмысшылар қару-жарақты пайдалану жолымен өз құрбандарымен теңескен болса, онда соңғы жылдары кісі өлтірушілерге өмір сүру үшін тұрақты табыс көзі болып табылатын кәсіби өлтірушілер негізінде пайда болды. Осыдан оларды жалданып кісі өлтірушілерді кәсіпқойлар мен әуесқойларға бөлуге болады. Жалдамалылардың негізгі тобын 20-дан 35 жасқа дейінгі адамдар құрайды.

Адам өмірін айырумен тікелей байланысты жұмысты таңдап, "жалданып" кісі өлтіруші, әдетте, бір қылмыс жасаумен шектелмейді. Өйткені онсыз ол жалданған кісі өлтірудің кәсіби сапасын жоғалтады, бұл тек оған ғана емес, сондай-ақ "Тапсырыс беруші" адам үшін де қауіпті. Жалданып кісі өлтіруші сонша адамды "алып тастауға" әруақытта дайын болады, оған қанша төлем бергеніне қарамастан. Бұл ретте "Тапсырыс берушімен" мәміле жасайтын киллер

"тапсырысты" қайда және қашан орындайтыны, қандай құралдар мен әдістерді пайдаланатындығын өзі анықтайды.

Қару-жарақпен қарым-қатынас жасаудың кәсіби дағдылары және оларды мақсаты бойынша қолдану киллер-кәсіпқойлардың көп бөлігі Ауғанстандағы, Қарабақта, Шешенстанда, Абхазияда, Тәжікстандағы және басқа да елдердің соғыс нүктелерінде және одан тыс жерлерде әскери іс-қимылдар мен операциялар барысында алды. Көптеген орындаушылар сотталады. Арнайы астыртын әскери лагерьлерде дайындықтан өтті.

Басқа бөлігі құқық қорғау органдарында (ІІМ, арнайы қызметтердің бұрынғы қызметкерлері), оның арнайы бөлімшелерінде жұмыс істеу кезінде қажетті дағдыға ие болды.

Үшінші санат атыс қаруы түрлерінің спортшыларына жатады. Әскери, заңгерлік, спорттық және басқа да мамандықтарды ала отырып; содан кейін "криминалдарға" жалданған соң кәсіби дағдыларды құқыққа қарсы мақсаттарда пайдаланады, көбінесе қылмыс жасаумен ғана емес, сонымен қатар орындаушыларға қылмыстық әрекеттің кейбір бағыттары бойынша кеңес береді. Олар жаңа болашақ киллерлерге үйрете отырып, қылмыс жасаудың жаңа әдістері мен тәсілдерін енгізеді. Осы санаттағы 80 қылмыстық істі зерделеу барысында 14,7% - да әскери қызметшілер қылмыс орындаушылары болып шыққаны анықталды.

Әрине, өткен жауынгерлік жолы арнайы қызметтердің әрбір бұрынғы қызметкері, "Ауған" немесе "киллер" жанындағы кик-боксшы екеніне кепілдік емес. Бұл физикалық және психологиялық қасиеттердің белгілі бір үйлесімі турасында пайда болатын құбылыс. Жалдамалы кісі өлтіруші мамандығы арнайы оқытумен ғана емес, сынақтар мен қателерді жөндеу әдісімен де өңделеді. Қателіктер бас бостандығынан айыруға сотталуына байланысты, жазасын атқару мекемесіндегі қылмыстық мектептен өту жағдайында қадағаланады. Киллерлерді қалыптастыруда бас бостандығынан айыру орындарындағы сотталғандардың қылмыстық топтары ерекше рөл атқарады және оған кәсіпқой жалданып кісі өлтірушілер тартылады.

Төртінші категорияны криминалитеттің өкілдері құрайды, олар қылмыстық өмір мектебінен өткен және бұйрық бойынша кісі өлтіргендер. Тапсырысты орындаудан бас тарту, өзінің өлімінің негізі болуы. Орындаушылардың бұл санаты, әдетте, белгілі бір қылмыстық топтың тұрақты мүшесі болады және әдетте оның құрамына көбінесе күзетші, содырлар, оққағар рөлінде кіреді.

Кәсіби киллер жалғыз әрекет ете алады. Киллер-жалғыз адам өлтіруге "тапсырыстар" алатын қылмыстық әлеммен ақпараттық байланыстары бар, бірақ құрылымдардың өз қызметіне қатыспайды. Ұйымдастырушылар адам өлтіруге ұсыныспен жиі жүгінетін адамдар, өздері қылмыс жасаудан бас тартады, алайда адам өлтіруді жасауға келісім беретін басқа адамдарды табады. Бас тарту себептері материалдық пайымдаудан, "тиімсіз" болғандықтан және жеке қауіпсіздік тұрғысынан.

Бәсекелес топтардың көшбасшылары өз қарсыластарын жою үшін басқа қаладан, кейде басқа елден содырларды шақырады. Бұл лидерлер мен қылмыстық топтардың мүшелері өздерінің мүшелеріне қарсы қылмыс жасаған адамдар туралы ақпарат болған жағдайда да, құқық қорғау органдарын орындаушылармен және ұйымдастырушылармен танысқаны жөн. Шабуыл кезінде қылмыстық топ мүшелерінің біреуі тірі қалу мүмкін болған жағдайда, олар оқиға орнынан жасырынып, алғашқы медициналық көмек көрсетілгеннен кейін медициналық мекемелерден кетеді.

Сондай-ақ, сот отырысы залынан қамаудан қашып шығып " жалданып "кісі өлтіруді жасаған жағдай да болған. Қиын материалдық жағдайда болғанда, олар кез келген " жалданып " кісі өлтіруді орындауға дайын.

Көптеген киллерлер кәсіпқойлар күнделікті өмірде парасатты азаматтардың, табысты коммерсанттар мен бизнесмендердің астында жасырынады. Олардың кейбіреулері бала кезінен

мүгедек, психикалық аурумен ауырады. Бұл ретте, делинквентті өмір салтын ұстанушыларға қажетті құжаттар алу үшін қомақты ақша төленеді және мұндай жалған құжат табу қиын. Олардың кейбіреулері ресми түрде коммерциялық құрылымдарда, басқалары заңсыз жағдайда, республиканың және республикаданы тыс жақын және алыс шетелдердің аймақтары бойынша гастрольдерде жүреді. Қазіргі уақытта жалданып кісі өлтіруді орындаушылар тобының құрамында (2-8 адам) жүреді, бұл оларға қарсыласуды жеңуге және (күрбандар, оққағар, қатысушылар), ой-ниетін аяғына дейін жеткізуге мүмкіндік береді.

Әрбір кильер-кәсіби өзі сияқты адамдар туралы біледі. Табысты кәсіби қылмыскер өзінің "кәсібилігін" мақтан тұтады және өзінің қылмыстық, құқыққа қарсы ойларына ие. Бұл жалпы білім деңгейіне байланысты емес. Көптеген мысалдар тек өзгенің ойын оқи алатын орындаушылар да аз емес екенін, дайындықты, қылмыс іздерін жасауды және жасыруды шебер атқаратындары да бар екендігін дәлелдейді.

"Жалданып "кісі өлтіруді жасаудың таңдаулы тәсілі киллер-ит дайындау бойынша қызметтерді ұсыну болды және иттің көмегімен өлтіруді мінсіз жүзеге асыруға болады. Тапсырыс берушілермен, делдалдармен өзара қарым-қатынасын сипаттайтын " жалданып " кісі өлтіруді жасаған адамдардың жеке ерекшеліктерін білу мұндай қылмыстарды неғұрлым табысты тексеруге және олар бойынша алдын алу жұмыстарын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1.А.Н.Ағыбаев.Жалданып кісі өлтіруші мен жалдаушы тұлғалардың әрекеттерінің субъективтік белгілері. Алматы.2010.

2.А.А.Тайбаков.Профессиональная преступность:основные понятие и направление предупреждение в ОВД.Учебник. М. ВЮЗШ МВД,2013.

3.Қазақстан Ішкі істер министрлігінің қылмыстық статистикасының 2015-2019жж аралығындағы мәліметтері

4. В.А.Номоконов., В.И.Шульга.Заказные убийства как атрибут организованной преступности. М.2008.

5..К.К. Кораблин. Заказные убийства: понятие, классификация, типовые характеристики участников. Сборник «Совершенствование деятельности ОВД».- Дальневосточный юридический институт МВД России.М.2009

#### **ӘОК 34(343)**

### **ТАЛАН-ТАРАЖ БЕЛГІЛЕРІ БАР МЕНШІККЕ ҚАРСЫ ПАЙДАКҮНЕМДІК ҚЫЛМЫСТАР**

**БАЙКЕНЖИНА К.А.**

Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетінің доценті,  
заң ғылымдарының кандидаты

**ӘКІМЖАН А.Е.**

Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті  
Ю-13П тобының магистранты

ҚК-нің 6-тарауында меншікке қарсы пайдакүнемдік қылмыстар алдау немесе сенімді теріс пайдалану жолымен қорқытып алу және мүліктік залал келтіру болып табылады. Екі қылмыстың да ұрлықпен белгілі бір ұқсастығы бар, алайда оларды жасаған кезде ұрлыққа

қарағанда бөтеннің мүлкін кінәлі адамның немесе басқа адамдардың пайдасына алып қою және (немесе) айналдыру жоқ.

Қорқытып алушылық (ҚК-нің 194-бабы) - "күш қолдану не бөтен мүлікті жою немесе бүлдіру қатерін төндіріп, сол сияқты жәбірленушіні немесе оның жақындарын масқаралайтын мәліметтерді не жәбірленушінің немесе оның жақындарының құқықтарына немесе заңды мүдделеріне елеулі зиян келтіруі мүмкін өзге де мәліметтерді тарату қатерін төндіріп бөтен мүлікті немесе мүлікке құқықты беруді немесе мүліктік сипаттағы басқа да әрекеттерді жасауды талап ету".[1]

Қорқытып алушылықтың негізгі объектісі-меншік. Жәбірленушінің және оның жақындарының ар-намысы мен қадір-қасиеті, сондай-ақ олардың жеке басына қол сұғылмаушылық пен денсаулығы қосымша тікелей объект болып табылады. Бопсалау нысанасы бөтен мүлікке құқықты қоса алғанда жасалатын әрекет болып табылады. Егер мүлік кінәліге тиесілі болса, онда қорқытып алушылық ретінде сараланбайды. Қорқытып алушылық құрамы-формальды. Ол кінәлінің қойылған мақсатына жетуіне қарамастан, қауіп төндіріп талап қойылған сәттен бастап аяқталды деп есептеледі. Қорқытып алушының талап етілетін мүлікті немесе мүлікке құқықты алуы немесе оның мүддесінде мүліктік сипаттағы басқа да іс-әрекеттер жасауы қаралып отырған қылмыс құрамынан саралауға көмектеседі. Олар жаза тағайындалған кезде есепке алынуда тиіс.

ҚК-нің 194-бабының 1-бөлігіне сәйкес, кінәлі адам қорқытуы мүмкін: зорлық-зомбылық жасаумен; бөтен мүлікті жою немесе бүлдірумен; жәбірленушіні немесе оның жақындарын масқаралайтын мәліметтерді не аталған адамдардың құқықтарына немесе заңды мүдделеріне елеулі зиян келтіруі мүмкін өзге де мәліметтерді таратумен.

Жәбірленушіні немесе оның жақындары туралы мәліметтерді жария етуі, сондай-ақ, жәбірленушінің немесе оның жақындарының ар-намысы мен абыройына нұқсан келтіруі мүмкін өзге де мәліметтерді жария ету қатері бар мүлікті беру талабын қорқытып алу ретінде саралау керек. Бұл ретте, бопсалау жасалатын жария ету қаупімен мәліметтердің шындыққа сәйкес келуінің маңызы жоқ. Егер, жәбірленуші немесе оның жақындары туралы көрінеу жала жабу сипатындағы мәліметтер жария етілген жағдайда, жасалған әрекет оған негіздер болған жағдайда қылмыстардың жиынтығы бойынша саралануы керек, деп жазды А.Н:Ағыбаев[2,1876].

Ендеше, кінәлі адамның меншігінде немесе қарамағында талап ететін мүлкі бар адам жәбірленуші бола алады. Жәбірленушінің жақын туыстары да, басқа да адамдар да жәбірленуші ретінде танылуы мүмкін. Соңғы мән-жайды сот жәбірленушінің өзінің айғақтарын ескере отырып анықтауы тиіс.

Елеулі зиян келтіруі мүмкін мәліметтерге жәбірленуші немесе оның жақындары туралы заңмен қорғалатын дербес деректер (мысалы, жеке өмірі туралы ақпарат, сондай-ақ жеке құпиясын, отбасы құпиясын, хат жазысу, телефон арқылы сөйлесу, пошта, телеграф және жеке тұлғаның өзге де хабарламалары құпиясын бұзатын ақпарат), сот шешімі немесе оған заңды негіздерден басқа, оның келісімінсіз таратылатын болады. Алайда, ҚК-тен шыққандықтан, мәліметтер заңмен қорғалатын ғана емес, сонымен қатар ол қорғалмайтын да болуы мүмкін. Осы мағынадағы шектеулерді ҚК 194-бабы көрсетпейді.

Субъективті жағынан қорқытып алушылық кінәнің қасақана түрімен сипатталады. Қорқытып алу субъектісі-14 жасқа толған адам.

Қорқытып алушылықтың сараланған құрамы: адамдар тобының алдын ала сөз байласуы бойынша жасауы; күш қолданып; ірі мөлшерде. Күш қолдану арқылы жасалған қорқытып алушылық жәбірленушінің денсаулығына соққы, ұрып-соғу, кез келген зиян келтіруді (оның денсаулығына ауыр зиян келтіруден басқа) және т. б. болжайды. Күш қолдану немесе оны қолданамын деп қорқыту тек қорқытып алушылық ғана емес, сонымен қатар тонау мен

қарақшылық белгілері болып табылады, сондықтан бұл қылмыстарды ажырату туралы мәселе маңызды болып табылады. Бұл мәселені шеше отырып, егер тонау және қарақшылық кезінде зорлық-зомбылық мүлікті иелену немесе оны ұстап қалу құралы болып табылса, онда қорқытып алушылық кезінде ол қауіп-қатерді күшейтетінін ескеру қажет. Тонау және қарақшылық кезінде мүлікті иелену зорлық-зомбылық әрекеттер жасаумен бір мезгілде не оларды жасағаннан кейін бірден болады, ал қорқытып алушылық кезінде кінәлінің ниеті болашақта талап етілетін мүлікті алуға бағытталған.

Қорқытып алушылықтың ерекше сараланған құрамы:

- а) ұйымдасқан топ;
- б) аса ірі мөлшерде мүлік алу мақсатында;
- в) жәбірленушінің денсаулығына ауыр зиян келтіру.

Қорқытып алушылық жасаған ұйымдасқан топ деп бір немесе бірнеше қылмыс жасау ниетімен біріктірілген екі немесе одан да көп адамнан тұратын тұрақты топты түсіну керек. Бұдан басқа, топтың тұрақтылығы туралы, атап айтқанда, бірге қатысушыларды іріктеу және тарту, олардың арасында рөлдерді бөлу, қылмысты жасыру жөніндегі шараларды қамтамасыз ету, топтық тәртіпке бағыну және топ ұйымдастырушысының нұсқауларына куә бола алады.

Жәбірленушінің денсаулығына ауыр зиян келтірумен жасалған қорқытып алушылық қосымша саралауды талап етпейді. Адам өлтіру қорқытып алу құрамымен қамтылмайтындықтан, оны жасау қылмыстардың жиынтығы бойынша саралауды талап етеді, сондай-ақ абайсызда жәбірленушінің өліміне әкеп соққан денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіруде сол сияқты.

Алдау немесе сенімге қиянат жасау жолымен мүліктік залал келтіру ҚК-нің 194-бабында көзделген қылмыстың мәні-қозғалмалы да, жылжымайтын да мүлік. Ол ҚК - нің 188-194-бабында көзделген қылмыстардағыдай бөтен адам болып табылады. Объективті жағынан ҚК-нің 194-бабында көзделген қылмыс меншік иесіне немесе өзге мүлік иесіне мүліктік залал келтіруден тұрады. Ол әрекетпен де, әрекетсіздікпен де туындауы мүмкін. Мүліктік залал келтіру тәсілдері алаяқтық кезіндегі сияқты нақты мазмұны бар алдау немесе сенімге қиянат жасау болып табылады.

Құрылымы бойынша қаралып отырған қылмыстың құрамы материалдық болып табылады. Ол мүліктік залал келтірілген сәттен бастап аяқталған. Заңда мүліктік залалдың нысаны анықталмаған. Алайда, тұлға меншік иесінің (оның өзге иесінің) иелігіне әлі түспеген, бірақ не істеу керек болатын мүлікті алдау немесе сенімге қиянат жасау жолымен мүліктік зиян келтіреді. Осылайша, мұнда мүліктік залал келтіріледі.

Теорияда да, тәжірибеде де кінәлі адамның мүліктік залал келтірген жағдайда ҚК-нің 194-бабы бойынша жауапкершілікке тарту мүмкіндігі туралы пікір басым болады. Олай болмаған жағдайда ҚК-нің 14-бабының 2-бөлігін қолдану керек.

Тәжірибе көрсетіп отырғандай, алдау немесе сенімге қиянат жасау жолымен мүліктік залал келтіру түрлері: көрінеу жалған құжаттарды пайдалану арқылы міндетті төлемдерді төлеуден жалтару нәтижесінде мүліктік залал келтіру; халыққа қызмет көрсету саласындағы кәсіпорын қызметкерінің өзі орындаған жұмысы үшін тапсырыс берушіден прејскурант бойынша алған ақшалай қаражатын өз меншігіне алуы (кәсіпорынның өзінің шикізаты немесе материалдары пайдаланылмаған жағдайда); жүргізушінің кәсіпорынға тиесілі автомашинаны пайдакүнемдік мүддесінде пайдалануы; мемлекеттік бажды және т.б. төлемеу мақсатында сатып алынатын үй құрылысының нақты құнын жасыру.

ҚК-нің 195-бабы бойынша азаматтардан билетсіз жол жүру немесе құжаттарды ресімдемей заңсыз жол жүру үшін өз пайдасына ақша алған немесе жолжүтін алып жүрген көлік қызметкерінің әрекеттері де саралануға жатады (алайда өзінің қызмет жағдайына байланысты азаматтардан көлік қызметі үшін ақша алуға уәкілдік берілген көлік қызметкерінің жасаған іс-



әрекеттері ұрлық деп саралануы керек). Сонымен қатар, ҚК-нің 195-бабы бойынша коммуналдық қызметтерді (газды, электр энергиясын және т.б.) пайдаланғаны үшін төлеуден жалтару да сараланады.

Субъективті жағынан қаралып отырған қылмыс қасақана жасалады. ҚК-нің 195-бабында әңгіме оның салдары мүліктік залал болып табылатын қылмыс туралы болып отыр. Соңғысының сипаты мен кінәлінің жүгінетін тәсілдері адамның осындай залал келтіре отырып, материалдық пайда алу, заңсыз баю немесе материалдық шығындардан жалтару мақсатын көздейтіні туралы айтады. Осыдан сот тәжірибесі де шығады. Белгілі бір мақсаттарды іздей отырып, қылмысқа кінәлі тек тікелей ниетпен әрекет етеді.

ҚК-нің 195-бабында көзделген қылмыс субъектісі деп тек жеке адам танылады. Бұл ретте өзінің қызметтік жағдайын пайдаланған лауазымды адамның немесе коммерциялық немесе өзге ұйымда басқару функцияларын атқаратын адамның тарапынан алдау немесе сенімге қиянат жасау жолымен мүліктік залал келтіру, оған негіздер болған жағдайда ҚК-нің 195 немесе 285-баптары бойынша сараланады.

Қылмыстың сараланған құрамы (ҚК - нің 195-бабының 2-бөлігі) оны адамдар тобының алдын ала сөз байласуы бойынша не ірі мөлшерде жасауы, ал аса сараланған (3-бөлігі) - ұйымдасқан топтың ("а" тармағы) жасауы немесе аса ірі залал келтіруі ("б" тармағы) көздейді.

Автомобильді немесе өзге де көлік құралын ұрлау мақсатынсыз заңсыз иелену (ҚК 200-бабы). Қаралатын қылмыстың мәні-автомобиль немесе өзге де көлік құралы (механикалық, сондай-ақ механикалық емес). Әуе немесе су көлігі кемесін не жылжымалы темір жол құрамын айдап әкету, сол сияқты айдап әкету мақсатында осындай кемені немесе құрамды басып алу ҚК-нің 200-бабы бойынша сараланады. Алайда шағын көлемді су кемелері (моторлы қайықтар, катамарандар, байдаркалар, яхта және т.б.) тәжірибе ҚК-нің 200-бабында көзделген қылмыс мәніне жатқызады. Кез келген тұлға - көлік құралының меншік иесі (иесі), сондай-ақ басқа да тұлғалар (мысалы, тұрақ күзетшісі) жәбірленуші деп танылуы мүмкін [3, 196].

Қылмыстың объективті жағы көлік құралын иеленуден тұрады. Ұрлық мақсатынсыз көлік құралын заңсыз иелену деп көлік құралдарын басып алуды және олармен жол жүруді түсіну керек. Қылмыс құрамы-формальды. Ұрлық мақсатынсыз көлік құралын заңсыз иелену көлік құралы болған жерден кеткен сәттен бастап аяқталған қылмыс болып табылады.

Қылмысты аяқталған деп саралау үшін автомобильді немесе өзге де көлік құралын тұрақ орнынан алып тастау қашықтығы маңызды емес. Алайда, егер адам көлік құралына кірсе және оған тұрақ орнынан шыға алмаса (мысалы, қозғалтқышты бұрмаса), онда қылмыс аяқталған болып саналмайды. Іс жүзінде ұрлық мақсатынсыз көлік құралын иелену ретінде, мысалы, автомашинадағы жұмыстан шеттетілген және оны жеке мақсатта айдап әкеткен жүргізушінің әрекеттері сараланды. Керісінше, қызмет бойынша көлікке рұқсаты бар адамның жеке мақсатта жол жүру үшін автокөлікті өз бетімен пайдалану үшін айдап әкету ретінде саралаудан бас тартылды.

Субъективті жағынан айдап кету кінәнің қасақаналық нысанымен сипатталады. Көлік құралын айдап әкету бөтеннің мүлкін кінәлі адамның немесе басқа адамдардың пайдасына айналдыруға емес, ал бұл мүлікті пайдакүнемдік немесе өзге де мақсаттарда заңсыз уақытша пайдалануға меншік иесінің немесе өзге де иеленушінің келісімінсіз ұрлау ниетімен ерекшеленеді.

Көлік құралын ұрлау ниетін (мақсатын), сондай - ақ ұрлаудың өзге де белгілерін анықтаған кезде кінәлінің әрекетін ҚК-нің 188, 200-баптары бойынша саралау керек. 14 жасқа толған есі дұрыс адам ұрлау мақсатынсыз көлік құралын заңсыз иелену субъектісі болып табылады.

Қылмыстың сараланған құрамы көлік құралын заңсыз иеленуді көздейді:

а) адамдар тобының алдын ала сөз байласуы бойынша;

б) өмірге немесе денсаулыққа қауіпті емес күш қолданып не осындай күш қолданамын деп қорқыту арқылы.

Бірнеше адамның ұрлау мақсатынсыз көлік құралын заңсыз иелену кезінде барлық бірлесіп орындаушылардың әрекеттерін топқа қатысушылардың қайсысының көлік құралын іс жүзінде жүргізгеніне қарамастан, айдап әкету ретінде саралау керек. Көлік құралын заңсыз иеленудің ерекше саралау белгілері (ҚК 166-бабының 3-бөлігі) оны ұйымдасқан топ жасау не аса ірі залал келтіру болып табылады.

Ұрланған көлік құралы құнының өзі аса ірі залал келтірген айдап әкету ретінде жасалған әрекетті саралау үшін негіз бола алмайды. Мұндай саралау үшін көлік құралын заңсыз иелену нәтижесінде меншік иесіне нақты, аса ірі материалдық залал (атап айтқанда, автомобильдің бүлінуі, жойылуы) келтірілгенін анықтау қажет [4, 112б].

Көлік құралын ұрлау мақсатынсыз, өмірге немесе денсаулыққа қауіпті күш қолданып не осындай күш қолдану қатерін төндіріп заңсыз иелену ҚК-нің 200-бабының 4-бөлігінде көзделген аса сараланған құрамның белгісі болып табылады. Денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтірумен жасалған, абайсызда жәбірленушінің өліміне әкеп соққан айдап әкету қылмыстардың жиынтығы бойынша саралануы қажет (ҚК-нің 99-бабының 4-бөлігі және 200-бабының 4-бөлігі). Жәбірленушіні өлтірумен ұштасқан қосымша саралауды және айдап әкетуді талап етеді (ҚК-нің 99 және 200-баптары).

Бөтеннің мүлкін қасақана жоюмен немесе бүлдірумен ұштасқан ұрлық мақсатынсыз көлік құралын заңсыз иеленуді ҚК-нің 200 бапта көзделген қылмыстардың жиынтығы бойынша саралау қажет. Егер көлік құралын ұрлау мақсатынсыз заңсыз иеленген адам оны басқару кезінде ҚК-нің 264-бабында көрсетілген салдарға әкеп соққан жол қозғалысы және көлік құралдарын пайдалану ережелерін бұзуға жол берсе, оның әрекеттері ҚК-нің 200 және 264-баптарында көзделген қылмыстардың жиынтығы бойынша саралануға тиіс.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. ҚР Қылмыстық кодексі. 03.07.2014ж. қабылданған
2. А.Н. Ағыбаев. ҚР Қылмыстық құқығы. Оқулық. Алматы. 2015
3. А.А. Смагулов. Меншікке қарсы жасалатын талан-тараж қылмыстарының сипаттамасы. Астана. 2004.
4. Н. Орынбасаров. Меншікке қарсы пайдакүнемдік және пайдакүнемдік емес қылмыстар. Алматы. 2008.

#### **ӘОК 34(343)**

### **ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚТАҒЫ ГЕНОЦИД ТҮСІНІГІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ**

**БАЙКЕНЖИНА К.А.**

Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетінің доценті,  
заң ғылымдарының кандидаты

**МАХАНОВ Б.А.**

Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті  
Ю-11НП тобының магистранты

«Геноцид» сөзі күнделікті тұрмыста да, арнаулы әдебиеттерде де (ғылыми және көркем) адамзат істерінің келеңсіз, кейде, тіпті саңаға сыймайтын көріністерімен

ұштастырылады. Сондықтан әуел баста біз осы ұғымның құқықтық мағынасын анықтап алғанымыз жөн болады.

«Геноцид» сөзінің өзі күрделі болып табылады, ол гректің «genos» («тайпа», «ру») және латынның «caedo» («жою», «өлтіремін») сөздерінен құралған [1, 263б].

Орыс тілінде ол XX-ғасырдың орта шенінде пайда болған - В.И. Даль және басқа да орыс және кеңестік филологтардың анықтама сөздіктерінде оны 1960-жылдарға дейін анықтау мүмкін емес. Тек С.И.Ожегов қана 1960-жылы алғаш рет геноцидті «тұрғындардың жеке топтарын, тұтастай халықты нәсілдік, діни немесе ұлттық негізде жою» деп анықтаған» [2, 98б]. Геноцидтің дәл осыған ұқсас анықталуы қазіргі кезде де сақталып келеді. Демек, геноцид күнделікті тілде адамдарды белгілі бір топқа, нәсілге, дінге немесе ұлтқа қатыстылығына бола жаппай қырып-жоюды білдіреді. Мұнда айта кететін жағдай - осы терминнің жоғарыда көрсетілген мағынасы ғылыми тұрғыда осы құбылысты игеретін ғалымдардың басым көпшілігі тұжырымдайды.

Осы тектес әрекеттердің санаға сыйыспайтындығы және оларды істегендерді мейлінше қатал жазалау қажеттігі айқын. Алайда, өкінішке орай, геноцид адамзат тарихында оның істерінің неғұрлым зұлымдық көрінісі ретінде дереу қалыптаса қойған емес, ол бүкіл тарихи кезеңдер бойында орын алып келді.

Әлем өркениетінің дамуының барша кезеңдерінде, Батыста да, Шығыста да, бір нәсіл, дін не ұлт өкілдерінің басқа осы тектес топтарға қатысты зұлымдық әрекеттері әрдайым орын алып отырды. Мұнда еврейлерді қудалаған библиялық аңыздарды, түріктердің Европа халықтарын экспансиялауы кезеңіндегі христиандарды жаппай қыруы (XIV-XVIII-ғасырлар), XIV-XVII-ғасырлардағы католиктердің протестанттарға және протестанттардың католиктерге қарсы қудалау әрекеттеріне байланысты еуропалық тарихты және т.с.с. қанды оқиғаларды атап өту жеткілікті болады [3, 79б].

Біздің мақсатымыз тарихтағы осы тектес оқиғаларды тізбектеу емес - бізді геноцид терминінің эволюциясы және оның істелуі үшін орын алатын заңнамалық жауаптылық болып табылады. Бұл құбылыстың көнелілігі адамзат тарихымен пара-пар, әрі осы келеңсіз құбылыстан аман өткен бір де бір тарихи кезең не халық бар деуге болмайды. Кез келген геноцид - бұл тарих өнімі болып табылады, ол өзін пайда еткен қоғамның бет-бейнесін сипаттай алатын құбылыс.

«Геноцид» деген арнаулы атаулы заң термині ұзақ уақыт бойында болған емес, оны дүниежүзілік соғыстар аралығында Лемкин (Lemcine) атты заңгер шығарған, заңгер оны Османдық Түркияның билеушілерінің 1914-1918-жж. аралықтарындағы нұсқаулары бойынша армян халқын жаппай қыруға бағытталған әрекеттеріне қатысты пайдаланған [4, 14б].

Демек, қарастырып отырған ұғымның алғашқы заңи мағынасы әлдебір ұлттық, нәсілдік, діни топтың өкілдеріне немесе жалпы осы топқа байланысты мемлекеттік саясаттың көрінісін білдірді.

Мемлекеттік саясат деңгейіне жеткен іс-шаралардың геноцид ретінде заңи бағалануының өзі тарихи заңнамалық айғақтарға мұқият тоқталып өту қажеттілігінен пайда болды. Мұндай тарихи оқиғалардың бірі күні бүгінге дейін өз айыптарын мойындамай келетін Түркия елінің билеушілерінің армяндарға қатысты геноцидтік әрекеттері болып табылады.

Армяндарға қатысты геноцидтік әрекеттерді бірнеше факторлар шарттаған болатын. Олардың қатарында Осман империясының билеушілері XIX-ғасырдың орта шенінен бастап жетекшілікке алған Панисламизм және Пантюркизм саясаты бастысы болды. Панисламизмнің жауынгерлік саясаты мен идеологиясы мұсылман еместерге қатысты өрескел шыдамсыздылығымен сипатталады, ол ашық шовинизмді насихаттады, барша түрік

емес халықтарды түркілеуге бағытталған. Соғыс аша отырып, Осман империясының жас түркі үкіметі «Ұлы Тұран» империясын құру мақсатын көздеген болатын (империясына Закавказьені, Солтүстік Кавказды, Қырымды, Поволжьені, Орта Азияны қосу арқылы). Осы мақсатқа жету жолында агрессорлар ең алдымен барша армян халқын қыруды көздеді - армян халқын жою жоспарларын түріктер дүниежүзілік соғыстың басталуына дейін-ақ әзірлеген болатын.

1911-ж. қазан айында Салоникиде өткен «Бірігу және прогресс» партиясының съезінің шешімдерінде империяның түркі емес халықтарын түріктендіру туралы талаптар орын алды. 1914-ж. соғыстың басталуына дейін жергілікті билік өкілдеріне армяндарға қатысты қандай іс-шаралар қолдану керектігі туралы арнаулы нұсқамалар берілген болатын. Мұндай нұсқаудың дүниежүзілік соғыстың басталуы қарсаңында берілуі биліктің осы әрекеттерінің соғыс жағдайын пайдалану емес, керісінше, алдын ала ойластырылған іс-шаралар кешені екендігін айғақтайды.

Армян текті тұрғындарды жоя отырып, Түркияның билеушілері бірнеше мақсатты көздейді олардың қатарында ең бастысы «Армян мәселесін» өз пайдасына шешу болды. Түріктер экономикалық басты бәсекелестерінен арылып, олардың қолына армян халқының барша игіліктері өтетін еді. Басқа жағынан, армян халқының ұлт ретінде жойылуы түріктерге Кавказдың басқа халықтарына жол ашып, «тұрандылықтың ұлы идеалдарының» іске асырылуына мүмкіндік берер еді.

Сол тұста орын алған қайғылы оқиғалардың куәлары армян халқының басына түскен ауыртпалықтарды баяндайды. Ағылшынның «Таймс» газетінің корреспонденті 1915-ж. қыркүйек айында бұл жайында былай жазады: «Сасун мен Трапезундадан, Орду мен Аинтабтан, Марат пен Эрзрумнан түріктердің озбырлығы туралы біркелкі хабарлардың келуі азаяр емес: аяусыз атылған, мерт болған не ауыр жарақатталған, не болмаса еңбек батальондарына еріксіз алынған ер адамдар жайында, күштеп ұрланған және күштеп мұсылмандыққа аударылған балалар туралы, зорланған және шалғай тың жерге жер аударылған әйелдер жайында, не болмаса тұрған жерінде балаларымен бірге атылған немесе Мосулдың батысына қарай шөлді мекенге сусыз-тамақсыз айдап әкетілген адамдар туралы...

Осы бейшалардың көпшілігі аударылған жерлеріне жетпей-ақ ғайып болған, олардың өлекселері арқылы барар жерлерін оңай анықтауға болады». Жам түрік үкіметінің армяндарға қатысты 1915-1918-жж. жүргізген геноциді арқасында 1,5 миллион адам мерт болды. 600 мыңға жуық армяндар қашқынға айналып, әлемнің бірсыпыра елдеріне бой тасалады [5, 186].

Түркияның армяндарға қатысты геноциді армян халқының рухани және материалдық мәдениетіне орасан зор келеңсіз зиянын келтіргені анық. Түрік тарихшылары мен саясаткерлері геноцид айғақтарын мойындамастан, армяндардың Бірінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі жаппай депортациясын олардың түрік игісінен батыс елдері мен Ресей арқылы босауға ұмтылғанымен түсіндіреді. Алайда бұл мүлдем ақиқатқа сай емес. Армяндардың ұлы державаларға бой тасалауы (оларға, сонымен бірге, болгарлар, румындар, сербтер де қосылды) геноцидтің жүргізілуіне түрткі болды.

Осы оқиғаға байланысты бізді қызықтыратын бір жағдай - түрік билеушілері мен түрік әскерлерінің армяндарға қатысты осындай әрекеттері әлемдік тарихта тұңғыш рет адамзатқа қарсы қылмыс ретінде танылған болатындығы - ол Одақтас мемлекеттердің (Англияның, Францияның, Ресейдің) бірлескен Декларациясында осылай аталған (1915-ж. 24-мамыры). Геноцид термині алғашында заңи ғылымда пайда болып, бірінші дүниежүзілік соғыстан соң заңнамалық практикаға жедел енуі назар аудартады.

Түрік әскери трибуналы 1919-ж. 22-сәуірінде (Түркияның соғыста жеңілгенінен соң) Жас түрік үкіметін армяндарға қарсы геноцидтік әрекеттер жасады деп айыптады, ол өзінің

үкімінде «армяндарды жою туралы шешімді Иттихад партиясының Орталық комитеті (жас түріктердің билеуші партиясы) қабылдағанын, армяндарды депортациялау мен қыру «тазалау» әрекеттері болғанын, армяндардың мәселесін біржолата шешуге бағытталғанын атап өтті. Армян жойқынын адамзат тарихындағы геноцид деп танылған алғашқы айғақ ретінде заңи бағалануы Ресей Федерациясы Мемлекеттік Думасының 1995-ж. 14-сәуіріндегі «1915-1925-жж. армян халқының геноцидін әшкерелеу туралы» Арызында да орын алған, Бұл құжатта «Ресей бастамасымен 1915-жылы-ақ Еуропаның ұлы державалары түрік империясының армян халқына қатысты әрекеттерін «Адамзатқа қарсы қылмыс» ретінде сараланғандығы, оның әскери қажеттіліктен тумағандығы, негізгі көрінісі армян халқын тұтастай жою болғандығы» баяндалды.

Дегенмен, бірінші дүниежүзілік соғыс кезеңіндегі армяндарға қатысты ұлттық діни өрескел әрекеттердің көптеп орын алуына қарамастан, геноцид адамзатқа қарсы қылмыс ретінде заңи бекітілген жоқ. Әлем қауымдастығы осы тектес әрекеттердің адамзат санасына сыйыспайтындығын ұғынуы үшін тағы бір әлемдік соғыс өрті қажет болды, осы арқылы ғана оның ең ауыр қылмыс ретіндегі қылмыстылығы мен жазаланушылығына қатысты позиция қалыптасты. Адамдар тобын олардың дініне, нәсіліне, ұлтына қатысты қырып-жою саясаты нацистік Германияда теориялық негізін тауып, мемлекеттік саясат дәрежесіне көтерілді.

Нәсілдік геноцидтің идеологиялық негіздемесі үшінші рейхтің бағдарламасына айналған «Mein Kampf» («Менің күресім») еңбегінде көрініс тапты. Кітаптың негізгі тақырыбы Гитлердің нәсілдік доктринасы болды: «Немістер ария нәсілінің үстемдігін ұғынуы керек және нәсілдік тазалықты сақтауы керек. Олардың парызы - өзінің басты тұғыры - әлемдік үстемдікке қол жеткізуі үшін ұлт санын көбейту» [6, 246], Гитлердің пайымдауынша, ұлт пен нәсіл тілде емес, қанда. Герман мемлекетіндегі қан араласуды одан толыққұнсыздарды арылту арқылы ғана тоқтатуға болады.

Нәтижесінде нацистік Германияның мемлекеттік ұлттық саясаты «холокосттың» (Holocaust) – яғни Еуропаның еврейлерін физикалық қыруға әкеп соқты. Нацистердің билік басына келуіне дейін әлдеқашан-ақ қабылданған НСДАП бағдарламасында («25тармақ») 4 және 5 тармақтарында еврейлерді Германияның қоғамдық және мәдени өмірінен толық алшақтату пайымдалған болатын.

Еврейлерді жаппай қыруға бағытталған Гитлердің жоспары екінші дүниежүзілік соғыстың бастапқы күндерінен-ақ іске асырыла басталды. 1940-ж. мамырында артынша адамдарды жоюдың орасан үлкен фабрикасына айналған оккупацияланған Польша аумағында атышулы Аушвиц концлагері құрылды. Лагерь коменданты Хёсс 1941-ж. мамырында Гитлердің жеке өзінен лагерьді газ камераларымен жабдықтауға бұйрық алды. 1941-ж. шілдесінде Геринг СД жетекшісі Гейдрихқа келесі өкімін жеткізеді: «Осы арқылы сізге Еуропаның германдық ықпал аймағындағы еврей мәселесін толық шешуге арналған барша қажетті ұйымдастырушылық, қаржылық және әскери дайындықтарды жүргізуге бұйырамын».

Холокост өркениет орын алғалы адамзат тарихында кездескен неғұрлым зұлымдық құбылыс болып табылады. Тарихшылардың, психологтардың, әлеуметтанушылар мен психиатрлардың осындай тарихи келеңсіз феноменнің түп-тамырын анықтауға талпыныстары әлі күнге дейін табысты болмай келеді.

Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталған соң ғана геноцид ресми түрде адамзатқа қарсы аса ауыр қылмыстардың бірі ретінде сараланған болатын. Геноцид жайлы құқықтық құжаттар негізіне гитлерлік Германияның басты әскери қылмыскерлерін соттаған Нюрнбергтегі халықаралық әскери трибунал әзірлеген негізгі қағидаттар алынды. Артынша Біріккен Ұлттар Ұйымы да геноцидке қатысты бірнеше құжаттар қабылдады, олардың бастыларының қатарында Геноцид қылмысының алдын алу және оны жазалау туралы

Конвенцияны (1948-ж.) және 1968-ж. қабылданған Адамзатқа қарсы әскери қылмыстар мен қылмыскерлерге мерзім ұзақтылығының қолданылмайтындығы туралы Конвенцияны атауға болады.

1945-1946-жж. Нюрнберг процесінде геноцид қылмыстық әрекет ретінде «белгілі бір жаулап алынған аумақтардағы азаматтық тұрғындардың нәсілдік немесе ұлттық топтарын белгілі бір нәсілді немесе топты, халықтар мен ұлттарды, нәсілдік және діни топтарды жою мақсатымен әдейі және жүйелі жою» деп анықталған (Халықаралық (Нюрнберг) Әскери Трибуналының Жарғысының 6-тармағының «с» тармақшасы, 1945-ж. 8- тамызы).[7].

Демек, соғыстағы кейінгі халықаралық құқықта қатардағы қарулы ұйымдастырылған әскерлер бір-бірімен соғысатын кәдімгі соғысқа қарағанда, геноцид - бұл мемлекеттің немесе үстемдік күшке ие болатын басқа бір ұйымның өз еркімен анықтаған ұлттық, этникалық немесе діни қауымдастықтың едәуір бөлігін әдейі жоятын әрекеттер екендігі туралы ұғыну қалыптасқан.

Сонымен қатар, халықаралық құқықтық құжаттарда «соғыс жәбірленушілері» деп аталатындар - өз еркімен тұтқынға берілген және шабуылшының қарулы күштеріне қарсы тұруға қабілетті ұйымдасқан қарулы күші жоқ әскерилер мен азаматтық тұрғындар (жәбірленушілер тобынан басқалары) геноцид жәбірленушілері ретінде танылуы мүмкін еместігі айтылады. Нюрнберг процесіндегі анықтамада геноцид ұғымына қарсы тараптың азаматтық тұрғындарының әуеден бомбалау салдарынан жәбір шеккендері кірмейді.

Алайда, өткен ғасырдың 40-60-жж. геноцидтің ғылыми ұғымының, мазмұны кеңейтілді. Отандық заңгерлеріміз айналымға «ұлттық-мәдени» геноцид түсінігін енгізді, ол тұтастай топты жою мақсатын көздеместен, осы топты қауым ретінде ерекшелейтін мәдени айрықшалығын агрессордың жоюы немесе оған талпынуы жағдайларында қолданылады. Мұндайда этникалық топ физикалық түрде жойылмаса да, әлдебір халықтың, ұлттың, діни немесе нәсілдік топтың тарихи қалыптасқан мәдениеті әралуан әдістермен жойылатын болады.

Демек, геноцид қылмыс ретінде алғаш рет халықаралық құқықта — Бірікке Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 1946-ж. 11 -желтоқсанындағы 96 (1) резолюциясында анықталған. Соңынан, БҰҰ БА 1947-ж. 21-қарашасындағы 180 (11) резолюциясында халықаралық сипатқа ие қылмыс ретіндегі геноцид үшін мемлекет те, жеке тұлғалар да жауапты болатындығы аталды. Көптеген авторлар осы қоғамдық қауіпті әрекеттің халықаралық құқықтық актлерде қылмыстылығы мен жазаланушылығын анықтаудан әлемдік мәдениеттің заңнамалық феномені ретінде халықаралық қылмыстық құқықтық бастау алатындығын пайымдайды [8, 316].

БҰҰ Бас Ассамблеясының 3-ші сессиясында 1948-ж. 9-желтоқсанында Геноцид қылмысының алдын алу және оны жазалау туралы конвенция қабылданып, қол қоюға ұсынылған болатын [9], 1951-ж. заңды күшіне енген осы халықаралық құқықтық құжатта геноцид қылмыс құрамы ретінде былай анықталды: «...әлдебір ұлттық, этникалық, нәсілдік немесе діни топты толық немесе ішінара жою мақсатымен жасалатын келесі әрекеттердің кез келгені:

1. Мұндай топ мүшелерін өлтіру;
2. Мұндай топ мүшелеріне елеулі дене жарақаттарын келтіру немесе психикалық науқастылыққа жеткізу;
3. Әлдебір топ үшін оның толық немесе ішінара жойылуына бағытталған өмірлік жағдайларды қасақана жасау;
4. Мұндай топта бала туылуын болдырмауға бағытталған іс-шаралар жасау;
5. Балаларды бір топтан басқа топқа күштеп аудару».

Үкіметтік биліктің тіпті өз аумағының шектеріндегі өз азаматтарына қатысты жасайтын геноцидтік әрекеттері мемлекеттің ішкі юрисдикциясына қатысты мәселе болып қоймай, халықаралық қауымдастықтың араласу затына айналатындығы халықаралық және қылмыстық құқық теориясында жалпы мойындалған болатын. Сонымен қоса, Геноцид туралы Конвенцияның бірінші бабында осы Конвенцияны ратификациялаған кез келген мемлекет осы қылмыстың бейбіт те, соғыс уақытында да жасалған жағдайында Біріккен Ұлттар Ұйымының сәйкес институттарына шағымдана алатындығына жол береді.

Ал Геноцид туралы Конвенцияның IV-бабында осы қылмыс бойынша «Конституция бойынша жауапты билеушілер, лауазымды адамдар немесе жеке тұлғалар болғанына қарамастан, кез келген адамдар жауапқа тартылатындығы» пайымдалады.

1968-ж. 26-қарашада қабылданған Адамзатқа қарсы әскери қылмыстар мен қылмыскерлерге мерзім ұзақтылығын қолданбау туралы конвенцияның 1-бабына сәйкес, геноцид «ешқандай да мерзім ұзақтылығы қолданылмайтын» қылмыстар қатарына жатқызылған. Өкінішке орай, Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі кезеңде де тарихта геноцидтің аса қатыгездік айғақтарының орын алуы аз болған емес. Сонымен қатар, осы тектес әрекеттердің ұйытқысы болған геноцид акттерін орындауға бұйрықтар берген мемлекеттік қайраткерлердің де, осы заңсыз бұйрықтардың атқарумен айналысқан қатардағы адамдардың зұлымдықтарына заңи баға берілмеді (1968-ж. француз колониалдық әскерлерінің 45 мың алжирліктерді атуы, АҚШ-тың Вьетнамдағы соғысы, кеңестік әскерлердің; 1979-1989-жж. Ауғаныстандағы қарулы әрекеттер барысында бейбіт халықты қыруы және т.с.с).

Қайтсе де, геноцид адамзаттың жаңа тарихында қарулы қақтығыстар кезеңіндегі сыртқы саясатының бірден бір құралына айналғанын мойындауға тура келеді, мұндайда қай мемлекетте үстемдік болғаны, не болмаса мемлекеттегі қай саяси топта артықшылық болғаны маңызы рөл атқармайды. Геноцид тектес әрекеттердің халықаралық құқықта толық тыйым салынғанына қарамастан, геноцид акттері мемлекеттік саясаттың дәстүрлі құралдарына айналғанының да куәсі болып келеміз. Осы аталған айғақтар геноцидтік әрекеттер үшін неғұрлым қатаң жауаптылық орнатудың әлеуметтік тарихи шарттылығын ғана емес, сонымен бірге, оны шынайы жүзеге асыру қажеттілігінің де орын алғанын көрсетеді.

Геноцидтің қылмыстылығын анықтаған халықаралық құқықтық акттер формальдық заңнамалық тұрғыдан осы қоғамдық қауіпті әрекеттің түсінігінің көпсалалылығына да, оның заңи маңызды белгілерінің қалыптасуына да үлкен септігін тигізгенін атап өту керек. Осы арқылы геноцид жауаптылығы көпсалалылығы, сол сияқты конвенционалдық сипаттағы халықаралық құқықтық құжаттарда реттелген көптеген басқа халықаралық сипаттағы қылмыстардан ерекшеленеді.

Соғыстан кейінгі кезеңде халықаралық құқықта бекітілген геноцидтің қылмыстық жауаптылығы көптеген мемлекеттердің ұлттық заңнамаларында да орын алған болатын. Өкінішке орай, біздің мемлекетімізде қарастырып отырған қылмыс түрі үшін қылмыстық жауаптылық, Кеңес Одағының аталған Конвенцияны 1954-ж. ратификациялағанына қарамастан, 1997-ж. қабылданған Қылмыстық Кодексте ғана орнықтырылған болатын.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Большой энциклопедический словарь. - М.; СПб., 1997
2. С.И. Ожегов. Словарь русского языка. 4-е изд. - М., 1960
3. М.А. Заборов. Крестовые походы. - М., 1996
4. И.И. Карпец. Преступления международного характера. М., 2001

5. Ж.П.Сартр. О геноциде // Материалы Расселовского трибунала по военным преступлениям (1968 г.) - М., 2000
6. А. Гитлер А, Mein Kampf. - Рига, 1990
7. Халықаралық (Нюрнберг) Әскери Трибуналының Жарғысы (1945-ж. 8- тамызы).
8. Ованесян В. Геноцид - преступление против человечества. М. 2000
9. БҰҰ Бас Ассамблеясының 3-ші сессиясында 1948-ж. 9-желтоқсанында қабылданған «Геноцид қылмысының алдын алу және оны жазалау туралы конвенциясы»

**УДК 343.985:У84**

## **ЦИФРОВЫЕ ДАННЫЕ – ДОКУМЕНТ ИЛИ ВЕЩЕСТВЕННОЕ ДОКАЗАТЕЛЬСТВО**

**БИРЖАНОВ Б.К.,**

старший преподаватель кафедры криминалистики  
Карагандинской академии МВД РК им. Б. Бейсенова,  
майор полиции

Законом Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам совершенствования системы отправления правосудия» № 378-V от 31.10.15 г. в УПК РК введено новое понятие, изложенное в подпункте 15 статьи 7, следующего содержания «электронный документ - документ, в котором информация предоставлена в электронно-цифровой форме и удостоверена посредством электронной цифровой подписи» [1, с. 27].

Исходя из этого, следует вывод о том, что законодатель предпринимает попытки идти в ногу со временем и не отрицает существование информации в электронно-цифровой форме. Вместе с тем, текущее положение понятия «компьютерная информация», имеющегося в Уголовно-процессуальном кодексе Республики Казахстан, значительно сужает круг источников информации, ограничиваясь лишь той, что содержится в компьютерах.

Изменение данного положения, позволить расширить круг источников информации содержащих уголовно-релевантную информацию, обличаемых в дальнейшем в доказательства.

В противном случае, имеющиеся терминологические неточности, приведут к сложностям правоприменительной практики в процессе доказывания и расследования в целом.

Тенденция отграничения документа существующего в электронной форме от документа в традиционной его форме набирает обороты, о чем свидетельствуют вышеупомянутые нами изменения, внесенные в Уголовно-процессуальный кодекс Республики Казахстан. Положительная тенденция законодателя по отношению к развитию электронно-цифровых технологий и неизбежности их внедрения в уголовный процесс и криминалистику не может не радовать.

Однако следует отметить, что нововведенное понятие электронного документа, ограничено обусловленностью наличия такого реквизита как электронная цифровая подпись, а также его применение предусматривается лишь в информационном обеспечении досудебного расследования (для подачи различного рода заявлений).

Изучение и анализ научной литературы, позволил сделать вывод о том, что происходит отождествление электронного документа с цифровыми данными в целом.

Исходя из содержания статьи 120 УПК Республики Казахстан «материалы, содержащие компьютерную информацию» законодатель относит к документам. Текущее положение



рассматриваемого вида доказательств на современном этапе видится актуальным, т. к. по нашему мнению данное положение не совсем верное.

Так, Т. Ю. Кукарникова под электронным документом понимает «объект, несущий информацию, имеющую смысловое значение и существующий только в электронной среде», при этом отмечая, что в качестве судебных доказательств он представляет собой – «объект, несущий информацию, имеющую значение для установления обстоятельств, подлежащих доказыванию по уголовному делу, и существующий только в электронной среде в виде допустимом для использования в уголовном судопроизводстве» [2, с. 64]. Рассматривая данную позицию, следует отметить, что самим автором документ отождествляется с абстрактным «объектом» находящимся в электронной среде. Таким образом, следует вывод о том, что под документом понимается любой электронный объект, находящийся в электронно-цифровой среде.

По мнению В. А. Образцова и С. В. Андреева, при определении понятия документа, не обязательно его надлежащее оформление, т. е. независимо от того как оформлен материальный носитель информации, он является ее носителем по факту. Основным признаком документа является его осознанный, целенаправленный характер отображения и фиксации образной, письменной, звуковой и иной информации на материальном носителе. В этом и заключается основное отличие документа от вещественных доказательств, возникающих в результате объективного процесса взаимодействия материи [3, с. 7]. Исходя из данного мнения, следует что, «независимо от того как оформлен материальный носитель», т. е. любое периферийное устройство будучи носителем информации по факту может выступать в качестве документа (принтер, сканер, фотоаппарат, ОЗУ и т.д.), что на наш взгляд недопустимо.

Классическая схема, эффективно используемая в трасологии «следообразующий объект – следовой контакт – следовоспринимающий объект», находит свое место лишь в гносеологическом плане, фактически же в связи с отсутствием такого важнейшего свойства как форма. При этом электронный документ представляет собой комплекс цифровой данных, имеющий сложную структуру и физическое размещение.

С криминалистической точки зрения документ рассматривается как материальный объект, на котором с помощью знаков, символов и т. п. элементов естественного или искусственного языка зафиксированы сведения о фактах. [4, с. 68]. Реквизит в определении документа как обязательный признак не указывается, однако при рассмотрении его свойств упоминается. Понимание документа с точки зрения криминалистики сложилось в период, когда содержание документа было неразрывно связано с его материальным носителем. Изменение его содержания, обусловлено отражением внесенных изменений на свойствах и признаках его материального носителя, которые впоследствии выявлялись в ходе их исследования.

Эра цифровых технологий данное положение изменила, т. к. ситуация с «электронным документом» обстоит иначе. «Электронный документ» не имеет жесткой привязки к ее материальному носителю. Изменение его содержания не влечет изменений по отношению к ее материальному носителю, при этом материальный носитель никак не отражает свойств содержащейся в нем информации.

Электронный документ при наличии вышеупомянутых реквизитов (ЭЦП) соответствует понятию документа в традиционном его понимании, т. е. это деловая бумага, подтверждающая какой-нибудь факт или право на что-нибудь; удостоверение, официальная бумага, свидетельствующая о личности предьявителя; письменное свидетельство о каких-нибудь исторических событиях, фактах [5, с. 89], но в электронно-цифровой среде.

Рассматривая критерии доказательств, применительно к электронному документу, следует указать на то, что он соответствуют им в полной мере. Относимость электронного документа

имеет место в случае, если он содержит в себе информацию, имеющую значение для дела и установления обстоятельств, входящих в предмет доказывания.

В соответствии с требованием допустимости доказательств, они должны обеспечивать достоверность средств доказывания и тем самым создать основу для признания определенных обстоятельств быть доказанными. Доказательства должны быть собраны в надлежащем порядке и из надлежащих источников, иначе они теряют свое значение. Достоверность доказательств заключается в их соответствии действительности.

На сегодняшний день сложно говорить об использовании доказательств в цифровой форме, т. к. нормативная основа практически отсутствует, а имеющаяся часть не соответствует современным требованиям.

Начальный этап использования электронного документа в уголовно-процессуальном праве обеспечивает права участников путем подачи заявлений и ходатайств. Для его дальнейшего внедрения в процесс доказывания, учитывая вышеуказанные отличительные признаки от документа в традиционном его понимании, а также то, что законодатель предусмотрел возможное расширение форм исполнения документов в качестве «иной формы», считаем уместным включение «электронного документа» в перечень документов перечисленных в части 3 статьи 120 УПК РК.

По результатам опроса следователей территориальных подразделений ОВД, материалы применения научно-технических средств относят к составной части протокола – 31%, к вещественным доказательствам – 23%, к документам – 12%, по мнению – 34% опрошенных респондентов, для решения данной проблемы необходимо совершенствование закона, т. к. процессуальный статус подобных материалов законом не определен [6]. Следует отметить, что ряд респондентов рассматривают видеозапись допроса в качестве приложения к протоколу, а видеозапись, выполненную при оперативно-розыскных мероприятиях, относят к вещественным доказательствам. По мнению А. Ю. Горинова, Ю. С. Рогозина, К. С. Скрамникова результаты оперативно-розыскных мероприятий следует относить к вещественным доказательствам, в то время как видеозапись следственного действия считают приложением к протоколу [7, с. 8-11].

В данном случае допущена методологическая ошибка, т. к. законом не определено доказательственное значение видеозаписей произведенных при производстве следственных действий, т.е. к какому виду доказательств их следует относить и какова их судьба при разрешении дела.

Наряду с вышеуказанными аспектами использования цифровых данных в качестве доказательств, дискуссионным остается вопрос о доказательственном значении материалов звуко-, видеозаписи и других результатов применения научно-технических средств в процессе доказывания.

По отношению к результатам использования научно-технических средств при производстве негласных следственных действий, данное положение четко определено, т. е. они «используются в доказывании наравне с доказательствами, полученными в результате следственных действий» [1, с. 173].

По нашему мнению, данные методологические ошибки возникли по причине отсутствия в законе такого источника как «доказательства на электронных носителях». По нашему мнению видится, что при наличии разграничения документов в традиционном его понимании и электронных документов, вещественных доказательств и доказательств на электронных носителях (электронно-цифровых объектов) данное положение будет исправлено.

Таким образом, считаем, что изъяты в ходе расследования, в качестве источников доказательств, произведенные при производстве, как гласного, так и негласного следственного действия фото-, звуко- и видеоматериалы следует относить к электронному документу.

Цифровые данные же подпадают к основным признакам вещественного доказательства, т. к. может выступать в роли орудия преступления, цифрового следа и быть объектом преступного посягательства. Учитывая изложенное, а также особенности цифровых данных, мы относим их к вещественным источникам криминалистической информации, т. к. к последним относятся «любые объекты, отражающие информацию, необходимую для раскрытия и расследования преступления, в форме изменения материальных свойств и признаков источника, в том числе вещественные доказательства; материальные модели следов; образцы, необходимые для сравнительного исследования» [8, с. 346]. По мнению А. В. Кудрявцевой и Ю. В. Худяковой, цифровые данные следует относить к вещественным доказательствам, т. к. «носителем этой информации является предмет, а доказательственное значение имеет содержание, свойства этого предмета» [9, с. 51]. Рассматривая данное мнение, следует указать, что, цифровые данные это не предмет материального мира, это содержание сведений, представляющих доказательственное значение для разрешения дела. Внешний вид носителя, его свойства никак не отражают содержания цифровых данных, т. е. доказательственное значение имеет содержание данных, а не их носитель.

- анкетирование, наблюдения, беседы при определении исходного уровня сформированности навыков самостоятельной работы;
- хронометрия и анкетирование при определении затрат времени.

Здесь возникает необходимость соблюдения еще одного принципа обучения – *доступности*. Условием реализации этого принципа является строгая классификация видов по сложности и по месту выполнения (дома, в классе). Справедливо считается, что никакие рекомендации по организации самостоятельной работы не могут дать желаемых результатов, если у учеников не будет времени для выполнения этой работы. Перегрузка, как и недогрузка, создает условия для формального отношения к учебе, ослабляет волю учащихся в достижении цели, снижает чувство ответственности за результаты обучения.

Поэтому возникает необходимость соблюдения еще одного принципа организации самостоятельной работы: *научно-обоснованного расчета времени и дозировки домашних заданий*. При реализации этого принципа обязательным условием является изучение фактических затрат времени на выполнение различных видов домашних заданий учащимися с разным уровнем подготовки и учет их при разработке новых заданий.

При определении учебно-обоснованных затрат времени следует руководствоваться схемой алгоритмической модели процесса разработки норм затрат времени, представленной в работе А.П. Верховы [37]. Эта модель состоит из 6 этапов:

- 1) расчленение задания на этапы;
- 2) определение затрат времени на выполнение отдельных видов заданий методами хронометража и экспериментальных определений;
- 3) математическая обработка данных;
- 4) анализ и корректировка данных о затратах времени;

- 5) установление экспериментальных норм и затрат времени;
- 6) составление расчетной нормы затрат времени на выполнение нового задания.

В самом задании также необходимо иметь четкие инструкции по выполнению его. Значит, важно соблюдение *принципа определенности и ясности заданий*.

Условиями реализации этого принципа являются:

- четко и ясно сформулированная цель задания;
- определенная методическая организация материала, подлежащего самостоятельному усвоению;
- наличие необходимых указаний по выполнению задания [2].

В тесной связи с последним принципом находится и *принцип наглядности* в самостоятельной работе. Условием реализации этого требования является использование таблиц, схем, образцов выполнения заданий. Тогда учащийся будет знать не только что выполнять, но и как. Для того, чтобы судить о состоянии самостоятельной работы необходимо соблюдать единые критерии эффективности этой работы. Анализ литературы показал, что такие критерии еще не определены. Так как целью самостоятельной работы является не просто приобретение знаний, а овладение навыками самостоятельного приобретения знаний, то одним из критериев эффективности работы, по нашему мнению, должна быть степень сформированности у обучающихся навыков самостоятельной учебной деятельности. Также важно, какими условиями достигается цель самостоятельной работы, сколько времени затрачивается на нее. Поэтому еще одним критерием являются затраты времени.

Исходя из вышеизложенного, мы предлагаем следующие критерии оценки эффективности самостоятельной работы:

- степень сформированности навыков самостоятельной работы;
- качество знаний;
- затраты времени [2].

Кроме описанных принципов организации самостоятельной работы также необходимо выполнение *принципа систематичности и последовательности* в формировании навыков работы и предъявления единых требований к руководству самостоятельной работой младших школьников со стороны педагогов всех предметов в начальной школе. Правильно организованная самостоятельная работа позволяет выработать у ученика психологическую установку на самостоятельное пополнение своих знаний и умений, ориентироваться в потоке научной информации, при решении учебных задач, то есть готовность к самообразованию и саморазвитию.

Все вышеуказанное и представляет собой систему принципов организации самостоятельной работы младших школьников. Необходимо отметить, что все эти принципы должны выступать в тесном единстве, только тогда можно ожидать желаемый результат от самостоятельной работы. Реализация этих принципов должна осуществляться через деятельность обучающихся, направленную на достижение цели повышения эффективности самостоятельной работы.

### **Список литературы:**

1. Концепция образования Республики Казахстан до 2015 года // Учитель Казахстана. – 2004. - № 1-2. – С. 2–6.
2. Сарсекеева Ж.Е. Технология организации самостоятельной работы младших школьников: Учебное пособие. - Караганда: ТОО «САНАТ - Полиграфия», 2008. – 125 с.
3. Верхола А.П. Качественная оценка учебной деятельности в школе. Киев: Изд-во Киев. ун-та, 1991. – 166 с.

## ВОПРОСЫ КВАЛИФИКАЦИИ НАСИЛЬСТВЕННЫХ ДЕЙСТВИЙ СЕКСУАЛЬНОГО ХАРАКТЕРА

СЕМЧЕНКО Л.Г.,

магистрант

Чебоксарский кооперативный институт (филиал)  
Российского университета кооперации (г. Чебоксары)

**Аннотация:** В этой статье будут обсуждаться основные проблемы квалификации сексуального насилия, основные различия между сексуальным насилием и изнасилованием и принуждением к сексуальному акту, а также вопрос квалификации сексуальных преступлений против несовершеннолетних, не достигших двенадцатилетнего возраста.

**Ключевые слова:** половые преступления, насильственные половые преступления, насильственные действия сексуального характера, изнасилование, несовершеннолетние, педофилия, заведомость, понуждение к действиям сексуального характера.

**Annotation:** This article will discuss the main problems of qualification of sexual violence, the main differences between sexual violence and rape and compulsion to act of a sexual nature, as well as the question of qualification of sexual crimes against minors who have not reached the age of twelve.

**Key words:** sexual offenders, violent sexual offenders, violent sexual acts, rape, underage, pedophilia, zavadovski, compulsion to actions of sexual character.

В теорию уголовного права к насильственным сексуальным преступлениям относятся изнасилования и насильственные действия сексуального характера.

Специфическим объектом сексуального насилия, как следует из названия главы 18 Уголовного кодекса Российской Федерации, является совокупность социальных отношений, обеспечивающих половую свободу и половую неприкосновенность личности. [2]. В качестве детализации объекта преступления следует отметить, что половая свобода предполагает личный выбор полового партнера человека, если существует взаимное желание вступить в половые отношения, и относится к категориям лиц, достигших возраста восемнадцать лет, а половая неприкосновенность характеризует объект насилия над несовершеннолетними потерпевшими, предполагающий нормальное моральное, психическое и физическое развитие подростка.

Определение объекта сексуального насилия, совершенного в отношении взрослой женщины или мужчины, находящегося в беспомощном состоянии, является проблематичной.

Согласно М.Д. Точенону, беспомощное состояние любого человека может быть вызвано психической или физической неполноценностью. В случае психической неполноценности человек не понимает характера действий, совершенных против него, и не осознает возможности определенных последствий после совершения таких действий. Если человек беспомощен из-за физической неполноценности, объектом сексуального насилия является половая свобода, поскольку физическая неполноценность человека не исключает возможности понимания характера совершаемых против него действий и осознания возможности определенных последствий. таких действий [2].

Проблемой квалификации насильственных половых преступлений является и разграничение изнасилования и насильственных действий сексуального характера. Трудно представить ситуацию, когда виновный в изнасиловании выражает угрозу причинить жертве только легкую или среднюю степень тяжести [1]. Следует также отметить, что половая неприкосновенность как часть личной неприкосновенности рассматривается как гарантия половой свободы как часть свободы личности [3]. В то же время насильственные действия



сексуального характера могут быть совершены как против женщины, так и против мужчины, то есть жертва - это человек любого пола, а не только женщина.

Второе ключевое отличие - способ насильственных половых отношений.

Объективная сторона преступлений, предусмотренных ст. 132 УК РФ, характеризуется двумя взаимосвязанными действиями:

1. Нарушение воли потерпевшего лица. Как и в объективном аспекте изнасилования, оно выражается в применении насилия или угрозе его применения к потерпевшему (потерпевшей) или другим лицам либо в использовании беспомощного состояния потерпевшего (потерпевшей);

2. Действия сексуального характера (мужеложство, лесбиянство, иные действия сексуального характера). Это главное различие между сексуальным насилием и изнасилованием [4].

Объективная сторона изнасилования включает в себя два действия:

- применение насилия или угроза его применения, либо использование беспомощного состояния потерпевшего лица, то есть действия, направленные на преодоление сопротивления;

- половой акт совершается в естественной форме;

Из вышеизложенного следует, что потерпевшими изнасилования могут быть только женщины. Зачастую для устранения проблем квалификации необходимо пересмотреть положение ч.1 ст. 131 УК, в которой указывается, что половой акт происходит в форме естественного полового акта, или добавляется примечание, содержащим разъяснение о потерпевшем [4].

По мнению М.Д. Точеного, следующее отличие насильственных действий сексуального характера от изнасилования состоит в субъекте. Совершить изнасилование может только вменяемое физическое лицо мужского пола, достигшее четырнадцати лет [2].

Автор поясняет, что, зачастую, сексуальные преступления против несовершеннолетних совершаются с использованием информационно-телекоммуникационной сети «Интернет». Установив доверительные отношения с ребенком, преступник начинает говорить на интимные темы, отправляет фото и видео. В некоторых случаях позиция защиты основана на том факте, что обвиняемый не мог знать об истинном возрасте жертв, поскольку, исходя из возможности регистрации в социальной сети, обвиняемый предполагал, что все прошедшие такую регистрацию, являются лицами, достигшими как минимум 12 лет, особенно в тех случаях, когда жертвы охотно вступали в диалоги на интимные темы, отправляли фотографии, оставляли номера мобильных телефонов и т.д. [2].

Помимо осмотра пострадавших, необходимо проводить амбулаторные комиссии и сложные судебные сексолого-психолого-психиатрические обследования лиц, которые несут уголовную ответственность за половые преступления против несовершеннолетних, поскольку они выявляют признаки расстройства сексуального предпочтения в форме гетеросексуальной или гомосексуальной педофилии, а также риск рецидива половых преступлений против детей. Чтобы решить, имеется ли прямое намерение совершить половое преступление против лица в возрасте до 12 лет, все доказательства должны быть приняты в совокупности. По результатам проведенных проверок целесообразно допросить эксперта как на этапе предварительного следствия, так и в судебном заседании [2].

В связи с этим в некоторых случаях суд классифицирует действия виновных по соответствующим частям ст. 135 УК РФ, а не ст. 132 УК РФ. Представляется целесообразным вернуть признак «заведомости» в отношении таких преступлений, поскольку квалификация учитывает направление намерения виновного [5].

Таким образом, основными проблемами квалификации являются разграничение насильственных половых преступлений между собой, а также различия между

насильственными половыми действиями, изнасилованием и насильственными сексуальными действиями. В настоящее время не существует единого подхода к классификации сексуальных преступлений против лиц в возрасте до двенадцати лет, поскольку сложно определить направление намерения преступника. Ввиду различий в позициях следственных органов и судов целесообразно включить знак «заведомости» в отношении несовершеннолетних.

#### **Список литературы:**

1. Нуркаева Т.Н. О судебной практике по делам о преступлениях против половой свободы и половой неприкосновенности // Уголовное право. 2014. № 5. С. 83-85.
2. Точеный М.Д. Об объекте насильственных половых преступлений // Вестник Волжского университета им. В.Н. Татищева. 2010. № 72. С. 73-79.
3. Тыдыкова Н.В. Насильственные половые преступления: обоснованность криминализации и квалификация по объективным признакам [текст] : дис. ... канд. юрид. наук : 12.00.14. / Н.В. Тыдыкова ; – Барнаул, 2008. – 203 с.
4. Уголовный кодекс Российской Федерации от 13.06.1996 № 63-ФЗ (ред. от 29.05.2019) // Российская газета, № 113, 18.06.1996, № 114, 19.06.1996, № 115, 20.06.1996, № 118, 25.06.1996.
5. Чугунов А.А., Морозова А.А. Особенности квалификации насильственных действий сексуального характера [текст] / А.А. Чугунов, А.А. Морозова // Современное право. – 2016. – № 6. – Доступ из справ.-правовой системы «КонсультантПлюс». – Дата обращения 13.11.2017.

**УДК 341.1/8**

## **ИЗМЕНЕНИЯ ДЕЙСТВИЯ НОРМ МЕЖДУНАРОДНОГО ПРАВА В РОССИЙСКОЙ ПРАВОВОЙ СИСТЕМЕ ПОСЛЕ ВНЕСЕНИЯ В КОНСТИТУЦИЮ РОССИИ ПОПРАВOK 2020 ГОДА**

**СЕРОВ Г.И.,**

студент,

Сибирский государственный университет путей сообщения

Вместе с постепенной всемирной глобализацией в различных сферах жизни общества свое развитие во всех странах мира получает и международное право, в их числе и Россия. С начала своей истории действие норм международного права в Российской Федерации закреплено в основном законе страны, Конституции Российской Федерации. В ней, в ст. 15, ч. 4, закрепляется значимость положений международного права в правовой системе Российской Федерации, принципы международного права, его нормы, а также международные договоры, признаются составляющей правовой системы Российской Федерации. Действие норм международного права также закреплено в Федеральном Законе «О международных договорах Российской Федерации» от 15.07.1995, который регулирует процедуру заключения, регистрации, официального опубликования международных договоров, процессы их выполнения, а также прекращения и приостановления действия [1, с.1], [2, с.1], [3, с.1].

Помимо вышеупомянутых нормативно правовых актов, следует отметить Постановление Конституционного Суда РФ от 31 июля 1995 г. «По делу о проверке конституционности Указа Президента Российской Федерации от 30 ноября 1994 года N 2137 "О мероприятиях по восстановлению конституционной законности и правопорядка на территории Чеченской Республики", Указа Президента Российской Федерации от 9 декабря 1994 года N 2166 "О мерах по пресечению деятельности незаконных вооруженных формирований на территории Чеченской

Республики и в зоне осетино-ингушского конфликта», где обозначено содержание норм международного права в отечественной системе права, как ее составные части [4, с. 255].

Таким образом, в правовой системе Российской Федерации акты международного права изначально являлись основополагающим регулятором разнообразных общественных отношений внутри государства, национальное законодательство соответствовало нормам международного права [5, с. 189].

В июле 2020 года в результате общероссийского референдума в Конституцию Российской Федерации были внесены поправки, напрямую затрагивающие положение норм международного права. В статью 79 Конституции Российской Федерации были внесены изменения, было добавлено положение: «Решения межгосударственных органов, принятые на основании положений международных договоров Российской Федерации в их истолковании, противоречащем Конституции Российской Федерации, не подлежат исполнению в Российской Федерации». Это означает, что теперь нормы международного права не имеют полного приоритета над российским законодательством. При этом приоритет норм международного права для российской правовой системы сохраняется, но лишь той части, которая утверждена в России.

Действующий Президент страны, Владимир Владимирович Путин, в Послании Президента РФ Федеральному Собранию от 15.01.2020 ссылаюсь на необходимость установления «безусловного суверенитета» в стране, защиты прав граждан, экономики страны от «внешнего давления» прокомментировал это так: «Требования международного законодательства и договоров, а также решения международных органов могут действовать на территории России только в той части, в которой они не влекут за собой ограничения прав и свобод человека и гражданина, не противоречат нашей Конституции» [6, с. 1].

Как повлияла внесенная поправка на правовую систему России? Скорее всего российская правовая система не претерпит никаких глобальных изменений в силу того, что задолго до внесения поправок Постановлением Конституционного Суда РФ от 14.07.2015 N 21-П "По делу о проверке конституционности положений статьи 1 Федерального закона "О ратификации Конвенции о защите прав человека и основных свобод и Протоколов к ней", пунктов 1 и 2 статьи 32 Федерального закона "О международных договорах Российской Федерации", частей первой и четвертой статьи 11, пункта 4 части четвертой статьи 392 Гражданского процессуального кодекса Российской Федерации, частей 1 и 4 статьи 13, пункта 4 части 3 статьи 311 Арбитражного процессуального кодекса Российской Федерации, частей 1 и 4 статьи 15, пункта 4 части 1 статьи 350 Кодекса административного судопроизводства Российской Федерации и пункта 2 части четвертой статьи 413..." было закреплено, что решения, принимаемые Европейским Судом по Правам Человека, должны исполняться, учитывая верховенство Конституции России. Такое решение было принято на основании того, что из участия России в международных договорах не следует ее отказ от суверенитета страны.

Тем не менее Венецианская Комиссия Совета Европы высказала беспокойство по поводу внесенных поправок, объяснив это тем, что решения ЕСПЧ являются обязательными для членов Совета Европы, которым является и Россия с 1996 года. Подобные изменения противоречат обязанностям Российской Федерации по Европейской Конвенции по правам человека. Следует отметить, что ранее Комиссия Совета Европы уже высказывала несогласие с Постановлением Конституционного Суда РФ от 14.07.2015 [7, с. 1].

В ответ на доклад Венецианской Комиссии Министр иностранных дел России, Сергей Лавров, подтвердил, что внесенная поправка не подразумевает отказ Российской Федерации от своих международных обязательств. Также Сергей Лавров уточнил, что, по его мнению, конкретный аспект абсолютно легитимен с точки зрения международного права [8, с.1].

При этом уже, 9 июля 2020 года, спикер Государственной Думы Российской Федерации, Вячеслав Володин, вынес на заседании Совета Законодателей предложение о проведении проверки международных соглашений России на соответствие Конституции РФ [9, с.1].

Таким образом, на примере внесенных поправок в Конституцию РФ можно наблюдать плавный переход к монистической концепции международного права, где верховенством обладают нормы национального права над международным. К сожалению, сейчас нельзя дать однозначную оценку таким изменениям, но следует отметить, что подобное верховенство внутригосударственного права над международным сегодня можно наблюдать в правовых системах таких развитых стран, как, например, Германия, Великобритания.

#### **Список литературы:**

1. Конституция Российской Федерации 12.12.1993. – Режим доступа: [http://www.consultant.ru/document/cons\\_doc\\_LAW\\_28399/](http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_28399/)
2. Федеральный Закон Российской Федерации от 15 июля 1995 года № 101-ФЗ «О международных договорах Российской Федерации». – Режим доступа: [http://www.consultant.ru/document/cons\\_doc\\_LAW\\_7258/](http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_7258/)
3. Артюх С. А. К вопросу о действии норм международного права в правовой системе России // Законность и правопорядок в современном обществе. – 2014. – № 1. – С. 1-3.
4. Петров Е. А. Действие принципов международного права в российской правовой системе // Юридическая техника. – 2020. – № 14. – С. 255-258.
5. Каламкарян Р. А. Международное право: учебник для бакалавров / Р. А. Каламкарян, Ю. И. Мигачев — 5-е изд., перераб. и доп. — М.: Издательство Юрайт, 2020. — 632 с.
6. Послание Президента РФ Федеральному Собранию от 15.01.2020. – Режим доступа: [http://www.consultant.ru/document/cons\\_doc\\_LAW\\_342959/](http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_342959/)
7. Венецианская комиссия оценила поправки к Конституции РФ, касающиеся отношений с ЕСПЧ. – Режим доступа: <https://tass.ru/mezhdunarodnaya-panorama/8763851>
8. Лавров прокомментировал позицию Венецианской комиссии по поправкам. – Режим доступа: <https://ria.ru/20200619/1573205771.html>
9. Володин предложил проанализировать международные соглашения РФ на соответствие конституции. – Режим доступа: <https://tass.ru/politika/8921225>

**УДК 349.6 (574)**

## **ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚ ЖҮЙЕСІНДЕ РЕКРЕАЦИЯЛЫҚ ТАБИҒАТ ПАЙДАЛАНУ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ**

**СОПЫХАНОВА А.Б.,**

з.ғ.к., доцент

Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті

Рекреациялық табиғат пайдалану құқығын зерттеу барысында оның экологиялық құқық жүйесіндегі орнын анықтап алған жөн.

Құқық жүйесі дегеніміз құқықтық нормалардың бірігуі мен жіктелуін айқындайтын құқықтың ішкі құрылымы (құрылысы)[1]. Құқық жүйесі басқа нормалармен жиынтық нәтижесінде құралатын субинституттардан, құқықтық институттардан, құқық салаларынан тұрады.

Құқық нормасы дегеніміз мемлекет тарапынан танылатын баршаға бірдей міндетті

биліктік сипаттағы мінез-құлық ережесі.

Құқық саласы дегеніміз не, соны қарастырайық.

Құқық саласы дегеніміз-осы жүйенің ішіндегі нақты белгілі бір саладағы қоғамдық қатынастарды реттейтін біртекті құқық нормаларының жиынтығы.

Дербес құқық саласы ретінде қалыптасу үшін мына алғышарттардың маңызы зор:

А) қандай да бір қатынастардың өздеріне ғана тән ерекшеліктерінің болуы;

Ә) олардың салмағының – қомақты болуы;

Б) пайда болған қатынастарды басқа сала нормаларының реттей алмауы;

В) ерекше реттеу әдісін қолдану қажеттілігі.

Экологиялық құқық көптеген ғалым-заңгерлердің пікірлерінше құқықтың дербес жеке саласы деп танылады. Себебі, ол салыстырмалы түрде жас, жеке дара құқық саласының барлық белгілерін қамтыған.

1. Экологиялық құқықтың салыстырмалы түрде жас болуы және экологиялық заңдардың қарқынды түрде дамуы; ол ХХ ғасырдың соңғы ширегінде пайда болды;

2. Нормативтік актілердің мәтіндерінде жаратылыстану ғылымы терминологияларының көп мөлшерде қолдануы: олар құқықтық реттеу объектілерін айқындап, экологиялық құқықтың қайнар көздеріндегі олардың маңызы мен байланыстылығын көрсету үшін биология, химия, физика және басқа да ғылымдарда (мысалы, биотоп, канцероген, зиверт, бэр, фуран, популяция, таксон және т.с.с.) өңделген терминдер мен ұғымдарды пайдалану;

3. Нормативтік материалдардың көлемділігі мен әртүрлілігі, экологиялық-құқықтық реттеу объектілері түрлерінің сан алуандылығы: қоршаған орта, жер, су, жануарлар және өсімдіктер әлемі, химиялық және биологиялық қару, гендік-инженерлік қызмет, отындарды даярлау және т.б., сәйкесінше, олардың әрқайсысына жеке-жеке заңдар, заңға тәуелді актілер, көптеген құқықтық нормалар арналған; кей жағдайларда ол нормалардың ерекшеліктері де сан алуан болып келеді (мысалы, модификациялық организмдерді қоршаған ортаға шығару ережелері немесе континентальді шельфте бұрғылау платформаларын залалсыздандыру ережелері), кейде олар нақты құқықтық институтты (лицензиялау) қалыптастырады;

4. Жария-құқықтық және жеке құқықтық реттеу әдістерінің бір-бірімен араласуы және өзара күшеюінің жоғары деңгейі: қоршаған ортаны қорғауда алғашқы әдіс кеңінен таралған, сондықтан да, императивті сипаттағы әкімшілік-құқықтық әдістер басым;

5. Көптеген құқықтық нұсқаулардың жаһандық сипаттамасы: бұл тек жаһандану процестерімен ғана түсіндірілмейді, ол қоршаған ортаның реттелетін объектісінің ерекшеліктеріне және оның бірқатар компоненттеріне байланысты болады (мысалы, мемлекеттер арасындағы Киот хаттамасының шешімдерін тек бірлесіп қана жүзеге асыруға болады);

6. Ұлттық экологиялық заңдардың ауқымды түрде халықаралық-құқықтық реттеу актілеріне тәуелділігі: экономикалық, экологиялық және басқа да тұрғыдағы адамзат үшін аса маңызды объектілер мен қызмет түрлеріне қатысты халықаралық – құқықтық нормалар мен актілердің талаптары нақты бір елдің немесе бір топ елдердің ұлттық заңнамаларында көбінесе тиісті орындарын алып отыр;

7. Ашық түрде жүргізілуі: экологиялық құқық, біріншіден, адамдардың тіршілігін реттей келе, олардың табиғи ресурстарды пайдалану тәртібін қадағалап отырады, басқа салалардың жетістіктері мен қателіктерін өз назарынан қалыс қалдыра алмайды, екіншіден, ол барлық азаматтар мен лауазымды адамдарға, мемлекет мен құқықтың басқа да субъектілеріне түсінікті болуы тиіс;

8. Құқықтық нормалардың жаңалылығы және жаңарып отыруы: экологиялық құқықтың бұл қасиеттері оның жаңа мәселелерге қатысты жоғары дәрежеде мән беруін

сипаттайды, сондай-ақ заң шығарушы мен құқық шығармашылығының басқа да субъектілерінің жаңа шешімдер қабылдауға даярлығын көрсетеді;

9. келіспеушілік (экологиялық және экономикалық басымдылықтардың, мемлекет пен жеке тұлға мүдделерінің арасындағы, мемлекетаралық қатынастар арасындағы келіспеушіліктер); көптеген жағдайларда экологиялық қатынастарда әлі де болса шектеулі сипаттағы шараларды қолдануға тура келеді, бірақ көбінесе халықты жұмыспен қамтамасыз етуге және басқа да экономикалық мүдделерді қамтамасыз етуге көңіл бөлінуде, мысалы, Батыс Еуропа елдеріне тюлень балаларының тері - жүндерін апаруда Ресей, Канада және АҚШ мемлекеттерінің мүдделеріне нұқсан келтіріледі;

10. Қоршаған ортаны қорғау міндеттерін шешу үшін басқа салалардың нормалары мен институттарын пайдаланудың жоғары деңгейде болуы: «қылмыстық-экологиялық құқық», «азаматтық, кәсіпкерлік құқықтарының экологияландырылған нормалары» деген терминдерді жиі кездестіруге болады;

11. Құқықтық реттеу пәнінің дәстүрлі объектілерді өзіне сіңіру жолымен тұрақты дамуы (реттеу аясын қоса алғанда), мысалы, су, тау және жер құқықтары институттарының экологиялық құқыққа сіңіп кетуі арқылы қазіргі кездегі құқықтық жүйедегі «керемет сала» мәртебесін иеленуге талпыну;

12. Ғылым және техника жетістіктеріне тікелей бағынышты болуы, биология, генетика, медицина, физика, химия және басқа да жаратылыстану ғылымдарының жаңалықтары мен нұсқаулықтарына тікелей тәуелді болу (клон жасау, гендік-инженерлік қызмет, радиациялық қауіпсіздік, атом энергиясын пайдалану, химиялық қару және т.б. туралы заңдарды қабылдау қажеттілігі осы саладағы жетістіктерден туындаған).

Экологиялық құқық ұғымын қарастырамыз.

О.Л. Дубовиктің пікірінше, экологиялық құқық – қоршаған орта немесе оның жекелеген компоненттерімен қоғам мен адамның өзара байланыстылығы саласында туындаған қатынастарды реттейтін құқықтың дербес кешенді саласы. [2,117б.]

Б.В. Ерофеевтың пікірінше, экологиялық құқық- ортақ және жалғыз үйіміз-Жерде өмір сүретін адамдардың мүдделері үшін қоғам мен табиғат арасындағы үйлесімді қатынастарға қол жеткізу мақсатында арнайы экологиялық қоғамдық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығын құрайтын құқық саласы ретінде танылады[3,92б.]

М.М. Бринчук экологиялық құқық ретінде (қоршаған орта құқығы) экологиялық-құқықтық идеяларға негізделген, табиғи ресурстарға меншік қатынастарын реттейтін, шаруашылық және басқа да қызмет үрдісінде қоршаған ортаға химиялық, физикалық және биологиялық әсерден қорғау мен табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету бойынша заңды және жеке тұлғалардың заңды мүдделері мен экологиялық құқықтарын қорғау бойынша нормалардың жиынтығын таниды [4,102б.]

А.С. Стамқұлов экологиялық құқықты қоғам мен табиғаттың арақатынасы саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы ретінде санаған[5,39б.]

Д.Л. Байдельдиновтың пікірінше, экологиялық құқық –мемлекет пен оның субъектілері арасында табиғат пен жекеленген табиғи ресурстардың өзара байланысы нәтижесінде пайда болатын экологиялық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалар жиынтығын құрайтын қазіргі уақыттағы жекеленген кешенді құқық салаларының бірі болып табылады. [6,75б.]

Экологиялық құқық құқықтық институттардан тұрады.

Құқықтық институт – ол біртектес қоғамдық қатынастардың топтарын реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы түріндегі құқық жүйесінің элементі.

Құқықтық институттарды мынадай түрлерге жіктеуге болады: материалдық және процессуалдық, салалық және салааралық (немесе аралас), жай және күрделі (кешенді), реттеуші, қорғаушы.

Экологиялық құқық өзіне әртүрлі құқықтық институттарды қамтиды. Бірақ та, сол институттардың саны мен құрылымы жөнінде ғалым-заңгерлердің арасында әртүрлі пікірлер қалыптасқан.

Д.Л. Байдельдиновтың пікірінше, экологиялық құқық табиғат ресурстарына меншік құқығы институты, табиғатты пайдалану құқығы институты, экологиялық сараптама институты, экологиялық құқық бұзушылық үшін жауаптылық институты сияқты т.б.институттардан тұрады.

Экологиялық құқықтың Ерекше бөлімі, профессор Д.Л. Байдельдинов атап өткендей, құқықтың дербес салалары болып табылатын мынадай институттардан тұрады:

1. Жер құқығы.
2. Су құқығы.
3. Таукен құқығы.
4. Орман құқығы.
5. Фауналық құқық.
6. Атмосфераауалық құқық.
7. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар.
8. Экологиялық зардап аймақтары.
9. Шаруашылық қызметке қойылатын экологиялық талаптар.

С.Т.Күлтелеев «ҚР Экологиялық құқығы» оқу курсының Жалпы бөлімі бойынша келесі институттарды қарастырады:

1. Қоғам және табиғаттың өзара байланыстылығы – қоршаған ортаны қорғаудың өзекті мәселесі;
2. Әлемдегі және Қазақстан Республикасындағы экологиялық мәселелер;
3. Табиғатты, қоршаған ортаны құқықтық қорғау ұғымы, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану және қалпына келтіру;
4. Қазақстан Республикасының экологиялық құқығының даму тарихы;
5. Экологиялық құқықтың ұғымы, пәні, әдісі, қағидалары;
6. Экологиялық құқықтың қайнар көздері;
7. Табиғи ресурстарға меншік құқығы;
8. Табиғат пайдалану құқығы;
9. Экологияпайдалану мен қоршаған ортаны қорғауды мемлекеттік реттеу және басқару;
10. Экологиялық бақылаудың ұйымдастырушылық-құқықтық нысандары;
11. Қоршаған табиғи ортаға әсер етуді бағалау және экологиялық сараптама;
12. Экологиялық мониторинг және табиғи ресурстар кадастры;
13. Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін жауаптылық.

Ал Ерекше бөлімінде С.Т. Күлтелеев келесі институттарды атайды: жер, су, қойнау, ормандарды пайдалану мен сақтаудың экологиялық-құқықтық режимі; атмосфералық ауаны экологиялық-құқықтық қорғау; жануарлар әлемін пайдаланудың экологиялық-құқықтық режимі; ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың экологиялық-құқықтық режимі. Одан басқа, атом энергиясын құқықтық реттеу және қоршаған ортаға радиациялық әсер ету мәселелері; қоршаған табиғи ортаны халықаралық-құқықтық қорғау. [7,436.]

О.Л. Дубовиктің пікірінше, Жалпы бөлімге: 1) экологиялық құқықтың пәні, жүйесі, әдісі туралы ғылыми сұрақтары, оның басқа салалармен арақатынасы, экологиялық заңнаманың құқықтық жүйедегі орны; 2) экологиялық басқару ұғымы мен принциптері туралы сұрақтар, бақылаушы органдар мен тұлғалардың құқықтары мен міндеттері, құзіреттері мен мәртебесі, қызметтері жайындағы мәселелер; 3) экологиялық құқықтың әкімшілік-құқықтық және экономикалық-құқықтық механизмдерін айқындайтын қоршаған ортаны қорғау негізгі

құралдарының сипаттамасы, оларға: экологиялық сараптама, экосертификаттау, тіркеу және рұқсат ету жүйелері, декларация, экологиялық төлемдер (салық және алымдар), аудит, сақтандыру және т.б.: 4) экологиялық құқықбұзушылықтар үшін заңды жауапкершілік мәселелері жатады.

Кей жағдайларда Жалпы бөлімде экологиялық басқару шеңберінде емес, экологиялық ақпарат және қоршаған ортаны ақпаратты қамтамасыз ету мәселелері мынадай құрал-тәсілдердің көмегімен қарастырылады: мониторинг, кадастр және т.с.с. экологиялық аумақтандыру және төтенше экологиялық жағдайлар.

Ерекше бөлімнің құрылымы одан да күрделі болып келеді, себебі құқықтық реттеу объектілері сан алуан. Қазіргі уақытта оған: а) жер, ауа, су, орман, қойнау, жануарлар және өсімдіктер әлемін, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен объектілердің құқықтық қорғалуы сияқты дәстүрлі топтама; б) ауылшаруашылығында және өндірістегі, оның ішінде - өндіріс салалары бойынша, көлікте, қалаландырылған аумақтардағы қоршаған ортаны қорғау туралы заң; в) қоршаған ортаны ластаумен күрес туралы заңдар биологиялық, радиациялық, химиялық қалдықтармен, қауіпті заттарды пайдалануды құқықтық реттеу, гендік - инженерлік қызметті реттеу, атом құқығы және тағы басқалары жатады.

Ең соңында, үшінші – оқу пәнінің арнайы бөлімі – қоршаған ортаның халықаралық құқығы.

Анықтамалардың әртүрлілігіне және құқықтық институттардың санына қарамастан аталған авторлардың ойларының бір түйісетін жері бар – ол «табиғат пайдалану құқығы» деп аталатын құқықтық институттың болуы, ол, өз кезегінде, табиғи ресурстарды пайдалануды реттейтін нормалардың жүйесінен (объективті мағынада) және табиғи ресурстарды пайдаланудан туындайтын құқықтар мен міндеттердің (субъективтік мағынада) жиынтығынан тұрады.

Бірақ та аталған авторлардың бірде-біреуі «Курорттық, емдеу-сауықтыру және рекреациялық аймақтардың құқықтық режимі» деген құқықтық институтты жеке қарастырмаған.

Ресей экологтары бұл нормаларды жеке институт ретінде қарастырмайды, себебі олар оны «ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен объектілер» институтының құрамдас бөлігі ретінде санайды. Осындай көзқарасты қазақстандық авторлар да ұстанады.

Дегенмен де, біздің пікірімізше, курорттық, емдеу-сауықтыру және рекреациялық аймақтар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға жатпайды. Курорттық, емдеу-сауықтыру және рекреациялық аймақтардағы қызмет пен ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы қызметтің мақсаттары әртүрлі болса керек, сондықтан да, рекреациялық табиғат пайдалану аумақтарын мемлекеттік ұлттық табиғат парктерінен ажыратып қарастыру керек.

Көрсетілген шаралар экологиялық құқықтың құқықтық институттарын егжей-тегжейлі жүйелендіруді талап етеді. Біздің ойымызша, Экологиялық құқықтың Ерекше бөлімінде «Курорттық, емдеу-сауықтыру және рекреациялық аймақтардың құқықтық режимі» деген дербес құқықтық институт енгізу қажет, «Экологиялық туризмді құқықтық қамтамасыз етуді» оның субинституты ретінде бөліп көрсету керек. Мұндай жағдайда рекреациялық табиғат пайдалану туралы нормалар «Табиғат пайдалану құқығы» (Экологиялық құқықтың Жалпы бөлімі) және «Курорттық, емдеу-сауықтыру және рекреациялық аймақтардың құқықтық режимі» (Экологиялық құқықтың Ерекше бөлімі) деген құқықтық институттардың аралас субинституты ретінде өз орнын алар еді.

### **Пайдаланылған тізімі:**



1. Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі N 477 Орман Кодексі // Егемен Қазақстан. - 2003 жылғы 19 шілде N 180-181; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 жыл., N 16, 140-құжат.

2. О.Л. Дубовик, Л. Любе-Вольфф Кремер. Экологическое право. – М.: Эксмо, 2005. 18-20-беттер.

3. Б.В. Ерофеев. Экологическое право России. – М., 1996.

4. М.М. Бринчук. Экологическое право России /Право окружающей среды/. – М., 1998.

5. Стамкулов А.С. Экологическое право Республики Казахстан. Часть 1. – Тараз: Университеті, 2003

6. Д.Л. Байдельдинов. Правовой механизм государственного управления в области экологии. – Алматы: Қазақ Университеті, 1998.

7. Культелев С.Т. Экологическое право Республики Казахстан. – Алматы, 2003

## **ӘОЖ 347**

### **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ**

**САДУАКАСОВА Л.Б., АБИШЕВ Ч.**

з.ғ.м., аға оқытушы; 3 курс студенті

I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті

Қазіргі таңда Қазақстан әлемдік шаруашылықтың толық қанды мүшесі болып табылады. Республикамыздың экономикасының дамуы экономикалық ортада инвестициялық бағытты құруды талап етті. Инвестицияның құйылуы өндірістің масштабының кеңеюіне және сонымен қатар экономиканың әлеуметтік экономикалық дамуының сапалы, жаңа деңгейге шығуын қамтамасыз етеді. Экономикадағы жаңалықтар мен өсулер инвестицияның көлемімен, құрылымымен және олардың жүзеге асырылу сапалары мен қарқынымен анықталынады. Инвестициясыз ішкі және сыртқы нарықтағы тауар өндірушілердің бәсеке қабілеттілігін қамтамасыз ету, қазіргі кездегі капитал жұмсалымдарының болулары мүмкін емес. Нарықтық инфрақұрылымдардың және әлемдік тауар өндірушілердің құрылымдық және сапалық өзгертулерінің процесстері инвестициялаудың есебімен, жолымен жүзеге асырылады. Инвестициялау экономикалық өсуді, аймақтың әлеуметтік жағдайын, халықтың жұмыспен қамтылуын және сонымен қатар елдің экономикасының дамуын анықтайды.

Сонымен, қазіргі таңда Қазақстанда жүзеге асырылып жатқан инвестициялық процесс әлеуметтік-экономикалық дамуымыздың негізгі алғы шартына айналып, еліміздегі реформаларды табысты іске асырудың басты себебі болып отыр. Инвестициялар кез-келген ұлттық экономиканың маңызды да қажетті қоры болып саналады. Инвестициялық жобаларды іске асыру өндірісті жетілдіріп, сатылатын тауарлардың сапасын арттыру онымен қоса жұмыс орындарының көбейіп, тұрғындарды еңбекпен толығымен қамтамасыз етуге, сөйтіп халқымыздың өмір деңгейінің өсуіне мүмкіндік береді. Жалпы, инвестиция дегеніміз – бұл пайда (табыс) табу және әлеуметтік оң пікірге қол жеткізу мақсатында кәсіпкерлік және басқа қызмет нысанына салынатын мүліктің барлық түрлері. Инвестор – Қазақстан Республикасында инвестицияларды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар. Қазақстан Республикасының инвестициялық заңының негізін инвестицияларға байланысты қатынастарды реттейтін нормаларды біріктірген және шетелдік және ұлттық инвестициялар үшін ортақ құқықтық режим белгілеген, қызметін Қазақстанда жүзеге асырып жатқан инвесторларға кепілдіктер бере

отырып, Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі құрайды. Аталған Кодексте Қазақстан Республикасының аумағында инвесторлардың қызметін құқықтық қорғау кепілдіктері, кірістерді пайдалану кепілдіктері, мемлекеттік органдардың инвесторларға қатысты қызметінің жариялылығы және инвестициялық қызметті жүзеге асыруға байланысты ақпаратқа инвесторлардың қол жеткізуін қамтамасыз ету, мемлекет меншігіне алу және реквизициялау кезіндегі инвесторлар құқықтарының кепілдіктері қарастырылған. Кодекстің 274-бабына сай, инвестициялық қызмет дегеніміз жеке және заңды тұлғалардың коммерциялық ұйымдардың жарғылық капиталына қатысу не кәсіпкерлік қызмет үшін, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын, оның ішінде концессиялық жобаны іске асыру үшін пайдаланылатын тіркелген активтерді құру немесе ұлғайту жөніндегі қызметі болып табылады [1]. Инвестициялық қызметтің объектілері болып кәсіпкерлік қызметтің кез-келген объектілері мен түрлері саналады. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қажеттігі негізге алына отырып, Қазақстан Республикасының заңдарында инвестициялық қызмет шектелетін немесе оған тыйым салынатын қызмет түрлері және (немесе) аумақтар айқындалуы мүмкін. Қазақстан Республикасының аумағында инвесторлардың қызметіне заңмен кепілдік беріледі. Олардың құқықтары мен мүдделері Қазақстан Республикасының Конституциясымен, Кәсіпкерлік Кодексімен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілерімен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарымен қамтамасыз етіледі.

Инвестордың мемлекеттік органдардың Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес келмейтін актілер шығаруы, сондай-ақ осы органдардың лауазымды адамдарының заңсыз әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) салдарынан өзіне келтірілген зиянды Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес өтетуге құқығы бар.

Тараптардың келісімі бойынша шарттарға өзгерістер енгізілетін жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасы инвесторлар мен Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары арасында жасалған шарттар талаптарының тұрақтылығына кепілдік береді.

Бұл кепілдіктер:

1) акцизделетін тауарлар импортының, өндірісінің, оларды өткізудің тәртібі мен шарттарын өзгертетін Қазақстан Республикасының заңнамасындағы өзгерістерге және (немесе) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының күшіне енуіне және (немесе) олардың өзгерістеріне;

2) ұлттық қауіпсіздікті, қоғамдық тәртіпті, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтауды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының заңдарына енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларға қолданылмайды.

Инвесторлар:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлегеннен кейін өзінің қызметінен алынған кірістерді өз қалауы бойынша пайдалануға;

2) Қазақстан Республикасының аумағындағы банктерде Қазақстан Республикасының банк және валюталық заңнамасына сәйкес ұлттық валютада және (немесе) шетелдік валютада банк шоттарын ашуға құқылы [2].

Инвесторлардың мүдделерін қозғайтын Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының ресми хабарлары және нормативтік құқықтық актілер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жарияланады.

Дауыс беретін акцияларының он пайызынан аз (қатысушылардың жалпы дауыс санының он пайыз дауысынан аз мөлшерде инвестицияларды жүзеге асырған инвесторларды қоса алғанда, заңды тұлғаларды тіркеу, олардың жарғылары, жылжымайтын мүлікпен мәмілелерді тіркеу, берілген лицензиялар туралы ақпаратқа, сондай-ақ олардың инвестициялық қызметті

жүзеге асыруына байланысты және коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны қамтымайтын, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де ақпаратқа инвесторлардың еркін қол жеткізуі қамтамасыз етіледі.

Ал мемлекет меншігіне алу және реквизициялау кезіндегі инвесторлар құқықтарының кепілдіктері жөнінде айтар болсақ, инвестордың мүлкін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп алып қоюға (мемлекет меншігіне алуға, реквизициялауға) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген айрықша жағдайларда жол беріледі.

Мемлекет меншігіне алынған кезде инвесторға Қазақстан Республикасының мемлекет меншігіне алу туралы заңнамалық актілерін шығару нәтижесінде оған келтірілген залалды Қазақстан Республикасы толық көлемде өтейді. Инвестордың мүлкін реквизициялау оған мүліктің нарықтық құнын төлей отырып жүзеге асырылады. Мүліктің нарықтық құны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен айқындалады. Меншік иесіне реквизицияланған мүліктің құны өтелген бағаға ол сот тәртібімен дау айта алады. Реквизициялаудың жүргізілуіне себеп болған мән-жайлардың қолданылуы тоқтатылған кезде инвестор сақталған мүліктің қайтарылуын талап етуге құқылы, бірақ бұл ретте мүлік құнының төмендеуінен болған ысырапты ескере отырып, өзі алған өтемақы сомасын қайтаруға міндетті.

ҚР КК-нің 281-бабына сәйкес, инвестицияларды мемлекеттік қолдаудың мақсаты болып экономиканы дамыту үшін қолайлы инвестициялық ахуал жасау және қазіргі заманғы технологияларды қолдана отырып, жаңа өндірістер құруға, жұмыс істеп тұрғандарын кеңейту мен жаңартуға, қазақстандық кадрлардың біліктілігін арттыруға, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғауға инвестицияларды ынталандыру табылады [1].

Инвестицияларды мемлекеттік қолдау мемлекеттік преференциялар беру болып табылады.

Инвестициялық преференциялар дегеніміз – инвестициялық жобаны іске асыруды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларына және инвестициялық жобаны іске асыратын Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы үшін қаржы лизингі шарты негізінде технологиялық жабдықты инвестициялық жобаны іске асыру шеңберінде импорттайтын лизингілік компанияларға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілетін атаулы сипаттағы артықшылықтар [3, 219].

Инвестициялық жоба (оның ішінде инвестициялық басым жоба) бойынша инвестициялық преференциялардың мынадай түрлері беріледі:

- 1) кедендік баждар және импортқа қосылған құн салығын салудан босату;
- 2) мемлекеттік заттай гранттар.

Ал, инвестициялық басым жоба бойынша инвестициялық преференциялардың (бұдан әрі – инвестициялық басым жоба үшін инвестициялық преференциялар) мынадай түрлері беріледі:

- 1) салықтар бойынша преференциялар;
- 2) инвестициялық субсидия.

Инвестициялық субсидия жұмыс істеп тұрған өндірістерді кеңейту және (немесе) жаңарту жөніндегі инвестициялық басым жобалар бойынша берілмейді.

Арнайы инвестициялық жоба бойынша инвестициялық преференциялар түрінде:

- кедендік әкелу баждарын;
- Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес салықтарды салудан босату

беріледі.

ҚР КК-нің 286-бабына сай, инвестициялық преференциялар:

1) инвестициялық жоба, инвестициялық басым жоба бойынша – Қазақстан Республикасының заңды тұлғасына;

2) арнайы инвестициялық жоба бойынша – арнайы экономикалық аймаққа қатысушы немесе еркін қойманы иеленуші ретінде қызметін жүзеге асыратын не моторлы көлік

құралдарын өнеркәсіптік құрастыру туралы келісім жасасқан Қазақстан Республикасының заңды тұлғасына беріледі.

Инвестициялық басым жобаны іске асыру тек қана бір инвестициялық келісімшарт шеңберінде жүзеге асырылады.

Сонымен, қорыта айтқанда, инвестициялық қызмет – жалпы шаруашылық қызметтің ажырамайтын бөлігі болып саналады. Бұл аталған қызмет мемлекет экономикасының алға қарай дамуына тың серпін береді. Әсіресе шетелдік инвестицияның маңызы өте зор. Әрине, отандық инвестиция да елдің әлеуметтік жағдайын жақсартуға өзінің қомақты үлесін қоса алады. Тек оған мемлекет тарапынан қолдау көрсету қажет. Бүгінгі таңда Қазақстанда жағымды инвестициялық климат қалыптасқан: жеңілдетілген салықтық режим жұмыс істеуде, ұлттық заңнама жүйелі түрде жетілдірілуде, инвестициялық преференциялар жиынтығы кеңейтілуде. Экономиканың басым салаларында инвестициялық жобаларды іске асырып жатқан инвесторларға салықтық заңнаманың тұрақтылығы кепілдендірілген. Инвестициялық қызметті мемлекеттік қолдаудың негізгі бағыттары мен құқықтық реттеу нысаны – Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде жан-жақты қарастырылған. Оны жоғарыда нақты атап өттік.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы Кәсіпкерлік Кодексі № 375-V ҚРЗ // <http://adilet.zan.kz/>
2. Қазақстандағы инвестициялық ахуал. Ойынның жаңа ережелері. ARG-Қазақстан компаниясының ресми сайты // [www.risk.kz](http://www.risk.kz)
3. Кадерова Н.Н., Макенова А.А., Әбуова Ж.М. Инвестицияларды қаржыландыру және несиелеу: оқулық. - Алматы: Print SPrint S, 2011. -570 б.

#### **ӘОЖ 347**

### **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА КӘСІПКЕРЛІКТІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУ ТАРИХЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**САДУАКАСОВА Л.Б.**

з.ғ.м., аға оқытушы

I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті

Кәсіпкерлікті дамыту қазіргі таңда өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Бұл мәселе кәсіпкерлік қызметтің субъектілерінің дамуы мен өркендеу бағыттарымен қатар жүреді. Кәсіпкерлік қызмет түрі қоғамның барлық аясына кең таралған: өндірістік, шаруашылық, коммерциялық, сауда-саттық, инновациялық, кеңес беру, қызмет көрсету, қаржылық (бағалы қағаздар операциясын қоса) және т.б. жағдайларды атауға болады.

Кәсіпкерлік – бұл тәуекелге бел буып жасалынатын экономикалық әрекет, яғни, тауарларды өндіру және сатудан, көрсетілген қызметтерден, істелген жұмыстардан жүйелі пайда алуға бағытталған дербес қызмет болып саналады. Кәсіпкерлік терминін ең алғаш XII ғасырда ғылымға енгізген ағылшын ғалымы – Ричард Контильон болып табылады [1, 28]. Дәл осы кезең кәсіпкерліктің кең ауқымда дамуына жол ашты. Алғашында Еуропа елдерінде іргетасы қалыптаса бастаған кәсіпкерлік ұғымы кейіннен дүниежүзінің басқа да елдеріне тарай бастады. Қазіргі таңда бұл ұғым әлемде «бизнес» деген атаумен белгілі. Енді осы кәсіпкерліктің Қазақстандағы қалыптасуы мен даму тарихына тоқталып өтейік.

Негізінен, кәсіпкерлік біздің елімізде сонау ерте замандардың өзінде пайда бола бастаған. Ежелгі түркі дәуірінде Жетісу өңірінде сауда, қолөнер ісі жақсы дамыған. Осы кезеңде әлемге әйгілі Батыс пен Шығысты байланыстырған Ұлы Жібек жолы да қазақ жерінде сауда-саттықтың дамуына әсер етті. Ұлы Жібек жолының Қазақстан арқылы өтетін бағыттарында орналасқан қалаларда (Отырар, Испиджаб, Тараз, Қойлық, Құлан, Талғар және т.б.) сауда және тауар алмасу қарқынды дамыды. Жібек жолы бойындағы қалаларда қоныстанған халықтар өздеріне қажетті бұйымдарын айырбас сауда арқылы алып, қажеттіліктерін қанағаттандырып отырған. Ұлы Жібек жолының қазақ елі үшін әлеуметтік-экономикалық маңызы – ол біріншіден, осы жолдың бойындағы қалаларда қоныс тепкен қазақ халқының құрамына кіретін түрік тілдес ру-тайпалардың отырықшы ел болуына тұрақты мекен-жайлар салып, қоныстануына зор пайдасын тигізсе, ал екіншіден, сауда кезіндегі қарым-қатынас, экономикалық байланыс бір-бірімен шаруашылықтың ең қажетті, пайдалы түрлерін үйренуіне негіз болды. Аталған кезең кәсіпкерліктің негізгі бастауларының Қазақстан жерінде ерте орта ғасырларда алғаш қалыптаса бастаған уақыты болып есептеледі. Кейінгі моңғол империясының қазақ жерін жаулап алуы нәтижесінде пайда болған Алтын Орда, Ақ Орда, Моғолстан, Ноғай ордасы, Әбілхайыр хандығы секілді мемлекеттерде және XV ғасырдың екінші жартысында құрылған Қазақ хандығы тұсында да жоғарыда атап өткен айырбас сауда мен қолөнер ісі қарқынды дамыды. Ал одан бертін Ресей империясының отарлау саясаты қазақ жеріндегі кәсіпкерліктің дамуына мүлдем жаңаша сипат берді. XVIII ғасырдың ортасында отарлау саясатына қарамастан қазақ-орыс сауда байланыстары және шетелдермен қатынас өзара тиімді жағдайда дамыды. Осы кездегі сауда айналымының орталықтары Орынбор, Жәміш, Железинск, Омбы, Семей, Өскемен, Бұқтырма секілді қалалар болды. Сауда айналымында қазақ халқының негізгі саудаласатын тауарлары мал өнімдері, киіз, көбінесе төрт-түлік малдың өзі болды. Ал Ресей тарапынан көшпенділердің күнделікті өмір қажеттерін қанағаттандыратын тұрмыстық заттар саудаға түсті. Ал XIX ғасырдың бірінші жартысында Ресей Қытай елімен сауда байланысын жандыруды көздейді. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін Ресей үкіметі экономикалық байланыстарды қазақ шекарасы арқылы дамытуға ұмтылады. Осы кезеңдегі Бұқтырма, Өскемен, Семей, Кереку бекіністері Қытаймен сауда айналымын дамытуда ерекше рөл атқарған. Ресейлік тауарлар қатарында өнеркәсіптік дайын бұйымдар, маталар болса, қазақ халқы негізінен мал және мал өнімдерін айырбастады. Жалпы, аталған кезеңде қазақ ауылдарында шаруашылық қатынастардың күшею себептері: біріншіден, қазақтар мен орыстар арасыдағы сауданың кең және тұрақты түрде дамуы; екіншіден, қазақ жүздерінің Ресейге сауда-экономикалық тәуелділігінің күшеюі; үшіншіден, Ресейдің ұйымдастыруымен әртүрлі сауда жәрмеңкелерінің күшеюі болып саналды[2, 35].

XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы өнеркәсіптің дамуына ресейлік және шетелдік капиталдың келуі де үлкен пайдасын тигізді. Өте жоғары дамыған ол банк капиталы болды. Сауданың стационарлық және жәрмеңкелік түрлері өте жақсы дамыды. Жәрмеңкелік сауда бүкіл ресейлік сипат ала бастады. Осы кезеңде шет ел капиталының әсері өте маңызды болды. Бірақ, 1917 жылдардағы Ақпан және Қазан төңкерістерінің әсері нарықтық экономикалық байланыстардың әлсіреп жойылуына әкеп соқты.

Қазақстанда кәсіпкерлік қызмет Кеңес өкіметі тұсында, әсіресе 1921 жылы енгізілген жаңа экономикалық саясат кезінде біршама қарқынды дамыды. Себебі бұл саясаттың негізгі белгілері болып азық-түлік салығы, сауда еркіндігі (оның ішінде жеке саудаға рұқсат берді), жерді және ұсақ кәсіпорындарды жалға беру және алу, ауылшаруашылығы несиесі, тұтыну кооперациясын дамыту, кәсіпорындарды шаруашылық есепке көшіру, еңбек міндеткерлігін жойып, жалдамалы еңбекті қолдану табылды. ЖЭС-тің ең басты мәні – салғыртты салықпен ауыстыру болды. Салықтың мөлшері салғыртқа қарағанда аз болды. Осы салық енгізілгеннен бастап шаруалар өмірінде оң жағдай қалыптасып, олар басы артық өнімдерін қалаларға апарып

сатып, тұрмыс жағдайларын жақсартуға мүмкіндік алды. Осы кезде сауданың маңызы артты. Жәрмеңке саудасы кең етек алды. Ең ірі жәрмеңкелер қатарына Қоянды, Баянауыл, Орда, Атбасар, Ойыл, Темір секілді жәрмеңкелер жатқызылды. Аталған саясаттың нәтижесінде өнеркәсіп қалпына келтірілді, өркениетті кооператорлар құрылысы ел шаруашылығының барлық саласын көтерді, шаруашылықты еркін дамытуға кепілдік берілді. Бұл Қазақстанда Кеңес билігінің орнаған алғашқы кездеріндегі кәсіпкерліктің дамыған тұсы болатын. Кейін социалистік жүйе күшейген кезде жеке меншік ұғымы жойылып, барлығы тек мемлекеттің меншігі болып саналды. Халықтың барлығы үкімет бекіткен әр жылдарға арналған жоспар негізінде еңбек етті. Тарихта бұл «жоспарлы экономика» деген атпен қалды. Сондықтан Кеңес Одағы кезінде елімізде кәсіпкерлік ұғымы мүлдем айтылмады. Кеңес Одағының құлдырау себебі де осы жоспарлы экономиканы ұстанудан болды. Өйткені жоспарлы экономикаға негізделген қоғамда адамдардың барлығы тек үкімет үшін жұмыс істеді. Қосымша өнім өндіруге, саудамен айналысуға тыйым салынды. Ал бұл өз кезегінде мемлекеттің алдыға қарай дамуына кедергі келтіреді.

Жалпы алғанда, Қазақстанда кәсіпкерлік жөнінде Кеңес билігінің әлсіреген тұсында, яғни, 1990 жылдардың басында, қайта құрудың басталуымен айтыла бастады. Бұл кезде комсомолдық кәсіпкерлік басталды, көптеген белсенді жас адамдар, негізінен, комсомол жетекшілері, жастардың шығармашылық ғылыми-техникалық орталықтары негізінде кооперативтер құра бастады. Тәуелсіздік алған 1991 жылдан кейін елімізде кәсіпкерлікті қолдауға жүйелі түрде назар аударыла бастады. Осы кезеңде кәсіпкерлікті дамытуға қатысты «Қазақстанда кәсіпкерліктің дамуы мен шаруашылық қызметтің еркіндігі туралы» (1991), «Жеке кәсіпкерлікті қолдау және қорғау туралы» (1992), «Шаруашылық серіктестіктер туралы» Заңы (1995 ж. 2 мамыр) және т.б. бірқатар заңдар қабылданды.

Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік алғаш рет кооперативтік бастамада шағын кәсіпорындар түрінде 1992 жылы пайда болды. Бұл кезде олар 34506 бірлікті құрады. Олардың үлесіне республикадағы жұмыспен қамтылған жалпы жұмысшылар санының 6%-ы және ЖІӨ-нің 7%-ы тиді [3]. 1992 жылғы қабылданған «Жеке кәсіпкерлікті қорғау және қолдау туралы» Заңда жеке кәсіпкерлікті қорғау мен қолдаудың негізгі түрлері мен әдістері бекітіліп, мемлекеттің жеке кәсіпкерлік қызметке тікелей араласуына тыйым салатын құқықтық нормалар да қамтылды.

Осы уақытқа дейін Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың басшылығымен және қолдауымен кәсіпкерлікті дамытуға барынша көп көңіл бөлінген. Елбасымыздың жыл сайынғы халыққа жариялайтын Жолдаулары мен стратегиялық бағдарламаларында кәсіпкерлікті дамытуға байланысты нақты тапсырмалар мен міндеттер жүктеген. Мәселен, «Жұмыспен қамту-2020», «Бизнестің жол картасы-2020» сияқты бағдарламалар еліміздегі шағын және орта бизнестің кең қанат жаюына мүмкіндік берді. Салынып кеткен сара жолдың атап айтқанда, 2019 жылдың қыркүйек айының 2-ші жұлдызында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына тұңғыш Жолдауында «Елімізде кәсіпкерлікті дамытудың үлгі боларлық мысалдары жеткілікті. Біз шағын кәсіпкерлікті бүкіл қоғам болып қолдауымыз керек» - деп нақты айтты [4]. Әсіресе отбасылық кәсіпкерлікті дамыту бағытында Қазақстанның әр өңірі кешенді жоспар құрып, шаралар ұсынуға тиіс екендігін баса көрсетті. Бұл дегеніміз елімізде кәсіпкерлікті дамытуға барынша қажетті мүмкіндіктердің жасалып жатқандығын айғақтайды.

Сонымен, елімізде кәсіпкерліктің қалыптасу және даму тарихы түрлі кезеңдерден өткен. Кәсіпкерліктің әр кезеңде дамуының өзіне тән ерекшеліктері бар. Әрқайсысының кәсіпкерлікті дамытуда маңызы да зор. Дегенмен, кәсіпкерлік еліміз өз егемендігін алып, тәуелсіздігін жариялаған сәттен бастап қарқынды дамып келеді. Елбасымыз және қазіргі Мемлекет

басшымыз айтқандай, «бүгін адамзат жаңа өнеркәсіптік революция дәуіріне аяқ басып отыр». Заманауи технологиялар дүниені өзгеріске ұшыратуда. Сондықтан біздің ойымызша, еліміздің әлеуметтік-экономикалық жағдайы да жаңаша сипатқа ие болуы тиіс. Осы тұрғыда кәсіпкерлікті қолдау және оны дамыту ең басты міндеттердің бірі болып табылады. Бұл өз кезегінде еліміздің әлемнің дамыған 30 мемлекетінің қатарына қосылуына жағдай жасайды.

**Әдебиеттер тізімі:**

1. Щербатых Ю. В. Психология предпринимательства и бизнеса. – СПб.: Питер, 2009. – 304 с.
2. Хамитова К.З. Экономика және кәсіпкерлік негіздері: оқулық. – Астана: Фолиант, 2007. – 192 б.
3. Жаһандық кәсіпкерлік мониторингі. Ұлттық баяндама: Қазақстан 2017/2018 // <https://gsb.nu.edu.kz/>
4. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына тұңғыш Жолдауы / Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты // <https://www.akorda.kz/>

## СЕКЦИЯ: МЕХАНИЗМЫ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ ПРАВОВОЙ РЕГЛАМЕНТАЦИИ ОБЩЕСТВЕННЫХ ОТНОШЕНИЙ

ӘОЖ - 343.352.4 (574)

### АДАМ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БОСТАНДЫҚТАРЫН ШЕКТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**АДИЛЬБЕКОВА Қ.Қ.**

жалпықұқықтық және арнайы пәндер кафедрасы, заңтану магистрі,  
Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті  
73kuralai@mail.ru

**САҒАТБЕКОВА Ә.**

Қарағанды облысы, Балқаш қалалық соты,  
бас маман-сот отырысының хатшысы  
73kuralai@mail.ru

Демократиялық мемлекетте адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтары, сондай-ақ олардың міндеттері қоғамның жетістіктерінің объективті шарасы, оның кемелденуі мен өркениетінің көрсеткіші болып табылатын маңызды әлеуметтік және саяси-құқықтық институт болып табылады.

Қазақстан Республикасы демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет құру мен демократиялық өзгерістер жолына түскендігі тарихи заңдылық десек, Конституциямыздың бірінші бабына сәйкес бұл мәселелердің шешіме әсер етуші ең басты құндылықтар - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары [1] болып табылатындығы заңды құбылыс. Сайып келгенде, адам құқықтары конституциялық демократияның негізінде жатыр, ол мемлекетпен жүргізілетін ішкі және сыртқы саясаттың бағытын ғана емес оның мазмұнын анықтайды.

Азаматтың құқықтары мен бостандықтары негізінде жатқан адамның негізгі құқықтары мен бостандықтары мемлекеттің тікелей билік еркімен құрылмайды. Сондай-ақ, осы мемлекеттік ерік арқылы адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарының күші жойылуы немесе қажетсіз деп жариялануы да мүмкін емес.

Адам құқықтары мен бостандықтарының генезисін дамыған батысеуропалық және солтүстікамерикалық елдердің экономикалық, әлеуметтік және саяси ұйытқыларында көруге болады, оларда парламентпен, биліктің тармақтарға бөлінуімен, билік органдарының демократиялық сайлануымен және т.б. байланысты жаңа мемлекеттік құрылыс тарихи тұрғыда қалыптасты. Демократиялық азаматтық қоғам және оған сәйкес келетін құқықтық мемлекет - бұл адам мен азаматтың негізгі құқықтары мен бостандықтары болуы мүмкін қоғамдық және саяси орта. Негізгі құқықтары мен бостандықтарының толық және одан әрі кеңейтілген шеңбері бар тұлғаның қазіргі заманғы құқықтық мәртебесі - жалпыға танылған қағидаттары мен нормаларын халықаралық қоғамдастықтың мүшесі ретіндегі әрбір өркениетті мемлекеттің сақтауы тиіс халықаралық құқықтың басымдылығы. Адамның негізгі құқықтары мен бостандықтары бекітілген жалпыға танылған қағидаттар мен нормалар әрбір мемлекеттің халықаралық қоғамдастықтың егеменді мүшесі ретінде теңдік, осы құқықтардың шығу тегіне қайшы келетін шектеулерге жол бермеу қағидаттары негізінде адамның негізгі құқықтарын толық көлемде мақұлдау және мойындау, орындау, кепілдік беру және қорғау жөніндегі өз міндеттемелерін мүлтіксіз сақтауына тікелей бағытталған.



Сонымен, мемлекет - адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының мойындалуы, сақталуы, кепілдік берілуі және қорғалуына байланысты қатынастардың маңызды қатысушысы. Оны қызметінің бұл жағы демократиялық және құқықтық мемлекет тұрғысынан алғанда оның бастапқы сипаттамасы болып табылады.

Осыдан байқайтынымыз, құқықтар мен бостандықтардың мойындалуы, сақталуы, кепілдендірілуі мен қорғалуының мемлекетке, оның атқаратын міндетіне тәуелділігі, осы міндетті орындаудың толықтығына, дұрыстығы мен тиімділігіне тәуелділігі айқындалды. Бірақ, екінші жағынан, құқықтық мемлекетте бар нақты тәуелділік айқын - адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтары қалай сақталатынына, кепілдендірілетініне және қорғалатынына байланысты тәуелділік. Яғни, осы құқықтар мен бостандықтардың бір мезгілде заңдардың мәнін, мазмұнын және қолданылуын, заң шығарушы және атқарушы биліктің, жергілікті өзін-өзі басқарудың қызметін анықтайтындығы заңда айқындалған. Осы өзара байланысты екі объективті фактор демократиялық мемлекеттің, оның органдарының адам және азаматтың құқықтары саласына әсер етуінің негізгі мүмкіндіктерін, шектері мен нысандарын анықтайды. Аталған объективті жағдайларды есепке алу мемлекет заңдарының көмегімен адам және азаматтың құқықтарын шектеу сияқты теориялық және тәжірибелік мәселені қарау кезінде аса қажетті және маңызды болып табылады.

Мемлекет және құқық теориясында жеке тұлға, адам құқығы, мемлекеттің адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарымен өзара байланысы, соның ішінде құқықтар мен бостандықтарды шектеу мәселелері ресейлік ғалымдар: С.С. Алексеев, Н.В. Витрук, А.Б. Венгеров, Е.А. Лукашева, В.С. Нерсисянц, Д.А. Керимов, В.В. Лазарев, О.Э. Лейст, А.В. Малько, Г.В. Мальцев, Н.И. Матузов, А.С. Пиголкин, Т.Н. Радько, В.А. Четвернин және басқалардың еңбектерінде бұрыннан қарастырылып келе жатқанын атап өткен жөн. Аталған мәселеге қатысты, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын заңмен шектеудің жекелеген аспектілерін қарастырған конституциялық құқық теориясы бойынша да жұмыстар бар. Мұндай жұмыстардың қатарына М.В. Баглайдың, А.А. Безугловтың, Е.А. Кутафиннің, Г.Н. Комкованың, В.С. Шевцованың және басқалардың еңбектерін жатқызуға болады. Алайда, елімізде адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын шектеудің теориялық мәселелерін толық зерттеген еңбектер жоқтың қасы деуге болады.

Мемлекет және құқық теориясы оқулықтары шегінде қазіргі қоғамдағы адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының шектеу негіздері мәселелері аз зерттелген, оған кешенді, жүйелі талдауға тиісті назар аударылмайды. Сондықтан, елімізде жүзеге асырылып жатқан реформалар жағдайында адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын шектеудің теориялық және тәжірибелік мәселелерін жүйелі, өзара байланысты зерттеу, қоғамның құқықтық жүйесін жаңартуға, заң теориясы мен тәжірибесін сапалы жаңа жағдайға аудару мәселелері өзектілігін арттыра түспек.

Мемлекет және құқық теориясы оқулықтарында адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын шектеу түсінігі мен сипаттамасы жалпы, тұжырымдамалық тұрғыда зерттелетінін білеміз. Бұл ретте осы құқықтар мен бостандықтар ұғымына, адам мен азаматтың құқықтық мәртебесінің құрылымына, адамның бұзылған құқықтарын қалпына келтірудегі мемлекеттің рөліне және ең жақсы жағдайда адам мен азаматтың қоғамдағы құқықтары мен бостандықтарын шектеу негіздеріне екіпін жасалады.

Құқықтарды пайдалану құқық, ізгілік, ынтымақтастық, адамгершілік қағидаларымен қалыптастырылатын, бостандықтың орны мен шектерімен, мүмкін болатын шектеулермен айқындалатын адамның жауапкершілігімен ұштасады.

Бұл қағидат Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясының 29 бабында тұжырымдалғандай: "Өз құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыру кезінде әрбір адам басқалардың құқықтары мен бостандықтарын тиісті мойындауды және құрметтеуді қамтамасыз

ету және моральдың, қоғамдық тәртіптің, демократиялық қоғамдағы жалпы әл-ауқаттың әділ талаптарын қанағаттандыру мақсатында ғана заңмен белгіленген шектеулерге ғана ұшырауы тиіс" [2].

Құқықтық шектеулер адамның өз пікірлерін кедергісіз ұстану, бұл пікірлерді жазбаша, ауызша, баспасөзде немесе өз қалауы бойынша өзге де тәсілдермен білдіру құқығын көздейтін Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық пактінің 19 бабында мазмұндалған. 19 баптың 3-тармағында бұл құқықтарды пайдалану ерекше міндет пен жауапкершілік жүктейтіні айтылған. Ол заңмен белгіленген және қажетті болып табылатын кейбір шектеулермен ұштасуы мүмкін:

а) басқа адамдардың құқықтары мен беделін құрметтеу үшін;

б) мемлекеттік қауіпсіздікті, қоғамдық тәртіпті, халықтың денсаулығын немесе имандылығын сақтау үшін [3].

Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық пактіде кемсітушілікке, дұшпандыққа немесе зорлық-зомбылыққа арандатушылық болып табылатын антигумандық, аморальдық іс-әрекеттерге-соғысты насихаттауға, кез келген ұлттық, нәсілдік немесе діни өшпенділіктің пайдасына тыйым салу мүмкіндігі көзделген. Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы Халықаралық пакті көрсетілген құқықтардың табиғатымен үйлесімді және демократиялық қоғамдағы жалпы әл-ауқатқа ықпал ету мақсатында ғана құқықтарды шектеуге жол береді [4].

Адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы Еуропалық конвенцияның 11 бабының екінші бөлігінде: "Тәртіпсіздік пен қылмыстардың алдын алу, адамдардың денсаулығы мен имандылығын қорғау немесе басқа тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мақсатында демократиялық қоғамда мемлекеттің қауіпсіздігімен қоғамдық тыныштық мүддесіне қажет заңмен көзделгендерден басқа аталған бұл құқықтарды жүзеге асыру ешқандай шектеулерге ұшырамайтындығы" [5] баяндалған.

ҚР Конституциясының 39-бабында құқықтар мен бостандықтарды шектеу негіздері белгіленген: «Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатына қажетті шамада ғана және тек заңмен шектелуі мүмкін».

«Құқықтық шектеу» ұғымына қатысты заң ғылымында ортақ пікір орнықтаған. Мысалы, профессор А. Сман негізгі құқықтардың шектелуін Конституцияда рұқсат етілген және заңдарда белгіленген адам мен азаматтың конституциялық мәртебесінен алынып тасталған, сондай-ақ негізгі құқықтар мен бостандықтардың нормативтік мазмұнын құрайтын өкілеттіктерден алынып тасталған құқықтар ретінде меншікті-конституциялық мағынасында қарастырады [6, 24 б.].

И.Роговтың пікірінше, "адамның (азаматтың) құқығын (бостандығын) шектеу – бұл адамның (азаматтың) құқықтарын (бостандықтарын) іске асыруына (жүзеге асыруына) заңмен белгіленген шектер (шекаралар), олар конституциялық тұрғыдан танылған құндылықтарды қорғау қажеттігінен туындаған тыйым салуларды, басып кірулерді, міндеттерді, жауапкершілікті білдіреді және мақсаты жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің мүдделері арасында қажетті тепе-теңдікті қамтамасыз ету болып табылады.

Құқықтық шекаралар – бұл "құқықта белгіленген және субъект соның аясында әрекет етуге тиіс болатын шекаралар; контрагенттің (сөздің кең мағынасында) мүдделері мен қоғамдық мүдделерді қорғау үшін жағдай жасап, заңсыз қылықты тежеу дегеніміз осы".

Адамның құқықтары мен бостандықтарын шектеу – кез келген мемлекет үшін өткір проблемалардың бірі. Қайсыбір құқық қорғаушылар "кез келген мемлекет, тіпті демократиялық

мемлекеттердің өзі де адамның құқықтарын шектеп, қысым көрсетуге бейім тұрады, құқық қорғаушылардың ісі – осы проблемаға қарсы тұру” деп ойлайды [7].

А.Н. Сагиндыкованың есептеуінше, құқықтық шектеуді құқықтық теңдіктен ауытқу деп қарастыруға болады, мұндай жағдайда құқықтар мен бостандықтардың ауқымы тарылып, міндеттердің көлемі артады. Бұл секілді құқықтық реттеу әдістері, мысалы, мемлекеттік қызметшілердің, полиция қызметкерлерінің арнаулы құқықтық мәртебін белгілеген кезде пайдаланылады [8, 25 б.].

К.В. Шундиковтың пікірінше, заңгерлік құралдар жүйесінде шектеу қызметін атқаратын және заңсыз әрекеттерді тежеуге арналған құралдар айрықша орын алады. Құқықтық шектеулер заңгерлік факт-шектеу, тыйым салу, міндеткерлік, тоқтата тұру, жауапкершілік өлшемі және т.б. секілді нақты заңгерлік құралдарда іске асырылады. Бір жағдайларда бұл құралдар мемлекеттік құрылымдарға, ал басқа бір жағдайларда – жеке адамға қолданылады [9, 24 б.].

Басқа авторлардың пікірінше, мемлекеттің және адамның басқа азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына қол сұқпау жөніндегі міндеті құқықтарды шектеу деп есептеледі. Мемлекеттің адам құқықтарын заңды жолмен шектеуі басқа субъектілердің құқықтарына еркін араласуға кедергі қоюды мақсат етеді.

А.В. Малько шектеулер түсінігін құқықтың жалпы теориясы тұрғысынан егжей-тегжейлі талдап берді. Ол құқықтық шектеулерді субъектінің себептеріне тікелей ықпал ететін және “мүдделер-құндылықтар” қарым-қатынасын реттеп отыруға тікелей қатысатын ақпараттық-психологиялық сипаттағы құқықтық құрал ретінде қарастырады. Құқықтық шектеулердің ұғымы мен мәнін неғұрлым толығырақ ашу үшін аталған автордың көзқарасы барынша тиімді деп есептейміз. Бұл автор көзқарасының мәні – ол құқықтық шектеулерді прескриптивтік (басшылық) сипаты бар деп қарастырады.

Автордың пікірімен келісе отырып, қосып айтарымыз: құқықтық шектеулерді ақпараттық-психологиялық деңгейде қарастырғанда, кейбір басқа құқықтық құралдарға, мысалы, рұқсаттарға, жеңілдіктерге, көтермелеулерге қарағанда, құқықтық шектеулер теріс сипатта болады. Құқықтық шектеулер субъектінің өз мүдделеріне де теріс ықпал етеді. Бұлай болатын себебі, құқықтық шектеулер қайткенде де мәжбүрлеу сипатындағы құрал болып табылады, олар азаматтың қалауы мен еркінен тыс жасалып, мемлекеттік мәжбүрлеудің күшімен қамтамасыз етіледі. Бұл тұрғыдан алғанда құқықтық шектеулер, шын мәнінде, теріс сипатта болады және бір қарағанда адамның құқықтары мен бостандықтарын шектейтіндей болып көрінеді. Мысалы, осындай көзқарасты мемлекет және құқық теориясы бойынша терминдердің орыс-украин сөздігіндегі құқықтық шектеулер ұғымын тұжырымдаған кезде байқауға болады. “Заң жүзіндегі шектеулер – белгілі бір жағдаяттарға байланысты азаматтың құқықтық мәртебесінен заңда белгіленген тәртіппен алынып тасталған құқықтар. Олар жеке тұлғаның бостандығы мен мүдделерін шектейді, алайда әрдайым алдын алу сипатында болып, шектеулер қойылған субъектілерді де, сондай-ақ өзге адамдарды да ықтимал қолайсыз зардаптардан сақтандырып отырады” [10, 183 б.].

Дегенмен құқықтық шектеулер ұғымына бұлайша көзқарас біржақты болып табылады. Құқықтық шектеулердің ұғымы мен мәнін барынша толық ашу үшін олардың құқықтық ықпал ету мен құқықтық реттеудегі атқаратын қызметі мен мақсатын анықтап алу қажет болады.

Аталған анықтамада құқықтық шектеулерді алдын алу сипатында болады деп әділетті түрде қарастырады. Құқықтық шектеулердің мақсаты шектеулер қойылған субъектілерді де, сондай-ақ өзге адамдарды да, тұтастай алғанда бүкіл қоғамды да ықтимал қолайсыз зардаптардан сақтандырып отыру болып табылады. Осы жерде құқықтық шектеулер әртүрлі деңгейде болуы мүмкін екенін бірден түсіндіре кеткен жөн. Айталық, бұл құқықтық шектеулер мемлекет, оның органдары мен лауазымды адамдар үшін болса, онда олардың мақсаты

озбырлық пен шенеуніктер тарапынан болатын басқа да асыра сілтеулерді барынша азайту болып табылады. Басқа субъектілердің құқықтарын шектеу өзге мақсаттарды көздейді.

Құқықтық шектеулер мәселесі қоғамдағы адамның бостандықтарының шегінен бастау алады. Әлеуметтік басқарудың барысында құқықтық шектеулер әртүрлі субъектілерге қолданылған. Адамзат қоғамында индивидтің немесе адамдар топтарының белсенділігі қоғамға залал келтіріп, ортақ мүдделерге қайшы келетін болса, оған шектеулер ежелден-ақ қойылып отырған. Алғашқы қауымдық құрылыс қоғамының әлеуметтік нормалары көбіне-көп табу нормасы, тыйым салу нормасы, шеңбер нормасы, шектеулер нормасы түрінде болған. Жүріс-тұрыс нормалары, әсіресе табудың нормалары биологиялық инстинкттерді тежеп отыру қажеттігінен туындаған.

Алғашқы қауымдық құрылыс ыдыраған дәуірде “қолданылып жүрген заңға тиісті қағида енгізіп, дәстүр-салттарда қалыптасқан шектеулерді заң жүзіндегі шектеулер етіп тіркеу қажеттігі пайда болды”.

Құқық философиясында бостандық шектеулерсіз өмір сүре алмайды, өйткені “шын мәніндегі бостандық шекараларын сезіне біледі” деген пікір бар. Адамның құқықтарын рұқсаттар мен жүріс-тұрыстағы шексіз валюнтаризмнің жиынтығы ретінде пайымдауға болмайды.

Бостандықтың бассыздықтан айырмасы осында. Осы орайда 1789 жылы қабылданған Адам және азамат құқықтарының француздық декларациясында былай деп жарияланды: “Бостандық басқаға залал келтірмейтін нәрселердің барлығын істеу мүмкіндігінен тұрады: осылайша, әр адамның табиғи құқықтарын жүзеге асыруы нақ осындай құқықтарды пайдаланатын қоғамның басқа да мүшелерін қамтамасыз ететін шектерде ғана шектеледі”. Бір адамның бостандығының шекті шекарасы басқа біреудің бостандығы болып табылады. Бостандықтардың әрқайсысына міндеткерлік сәйкес келеді, ол, мысалы, басқа адамдардың құқығына қол сұқпаудың “жалпы мүддесін” сақтап отыру, әдет-салттарға құрметпен қарау, басқа азаматтардың мүдделерін қозғайтын қандай да бір ерікті, әсіресе күш қолдану әрекеттеріне жол бермеу түрінде болады.

Нақ сондықтан да қазіргі кезеңде құқықтар мен бостандықтарды түсіну оң және табиғи-құқықтық түсініктерді біріктіретін кешенді көзқарасқа келіп тіреледі. Өйткені адамның бостандығын, егер оған заңмен, оң тұрпатты құқықпен кепілдік берілмесе, іс жүзіне асыру мүмкін емес, ал оң тұрпатты құқықтың рухани негізі, моральдық-этикалық күші табиғи құқықта жатыр. Аталған екі көзқарас бірін бірі толықтырып тұрады және де ол мынадан көрінеді. Заңдарда (оң тұрпатты құқықта) идеялар, қағидаттар, әділдік, бостандық, теңдік, сондай-ақ адамгершілік талаптары туралы жалпы адами ұғымдар бекіндіріледі.

Сөйтіп, құқықтық бостандық дегеніміз – бұл адамның білгілі бір жүріс-тұрыс нұсқасының сырттай, объективтік қажеттігін сезінуі және соған сай әрекет ету мүмкіндігі.

Егер құқық жеке тұлғаны мемлекеттік өкіметтің озбырлығынан қорғау құралы болса, құқықтар мен бостандықтарды шектеу қоғамды, басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын (мүдделерін) құқық пайдаланушының озбырлығынан қорғауға арналған. Мұндай шектеулердің пайда болуын көпшілік мүдделерді қамтамасыз ету мақсатында халық өз бостандығының бір бөлігін о бастан-ақ мемлекетке беруімен түсіндіруге болады. Бұдан шығатын қорытынды – құқық пен бостандықтың өздері секілді, құқықтарды шектеудің пайда болуы да табиғи іс.

Осыған орай адамзат қоғамында құқықтық шектеулердің қажеттігін жоққа шығаруға болмайды. Қазіргі кезеңде қоғам дамуының қалыпты үдерісі азаматтардың құқықтарын жүзеге асыру барысында оларға шектеулер қойып отыру қажеттігін мемлекеттен талап етеді. Мемлекеттің мұндай іс-әрекеттерін қоғамдағы бостандықтың өлшемін өркениетті жолмен реттеп отыру тәсілі деп білеміз.

Құқықтық шектеулер – құқықтық реттеудің қажетті құралы. Оның мақсаты құқықты иеленушінің өзі үшін де, сондай-ақ басқа адамдар, тұтастай алғанда қоғам үшін де теріс салдарға соқтыруы мүмкін іс-амалдарды тежеп отыру болып табылады. Құқықтық шектеулер қоғамдық қатынастарды реттеп отыру мақсатында белгіленеді және прескриптивтік (басқарушылық) сипатта болады. Сондықтан да құқықтық шектеулер объективті сипатта болады, олар түптеп келгенде контрсубъектінің, тұтастай алғанда қоғамның әлеуметтік-пайдалы мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған.

Құқықтық шектеулер бостандықтың аясын тарылтып, субъектінің мүмкіндіктерін азайтатынына, субъектілердің өз мүдделерін жүзеге асыру барысында оларға қолайсыз жағдайлар (қауіп төндіру немесе білгілі бір құндылықтардан айыру) жасайтынына қарамастан, олар сонымен бірге қоғамдық мүдделерді қанағаттандыруға бағытталған.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының конституциясы 30 тамыз 1995 жылы республикалық референдумда қабылданған (өзгерістерімен және толықтыруларымен 23 наурыз 2019 ж.). – Электрондық ресурс. Кіру режимі: [https://online.zakon.kz/document/?doc\\_id=1005029](https://online.zakon.kz/document/?doc_id=1005029)(өтініш берген күні 15.05.2020ж.).
2. Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы. Декларация Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының резолюциясымен 1948 жылғы 10 желтоқсанда № 217 А (III) қабылданған. <http://adilet.zan.kz>
3. Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакті. Нью-Йорк, 1966 ж. 16 желтоқсан. Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіні ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 28 қарашадағы N 91 Заңы. <http://adilet.zan.kz>
4. Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы Халықаралық пакт. БҰҰ, 1967. Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактіні ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 21 қарашадағы N 87 Заңы. <http://adilet.zan.kz>
5. Адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы конвенция (Адам құқықтары бойынша Еуропалық Конвенция). Рим, 4 қараша 1950 ж. (21 қыркүйек 1970 жылғы, 20 желтоқсан 1971 жылғы, 1 қаңтар, 6 қараша 1990 жылғы, 11 мамыр 1994 жылғы енгізілген өзгерістерімен). <http://adilet.zan.kz>.
6. Сман А. Конституционно-правовые основы политических прав и свобод граждан в Республике Казахстан: Автореф. дис. ... канд. юрид. наук. – Алматы, 2002.
7. Рогов И. Пределы ограничения прав и свобод // Юридическая газета. –2005. – 3 июня.
8. Сагиндыкова А.Н. Права человека в Республике Казахстан. “Заң және заман” журналы №2, 2017ж.
9. К.В. Шундигов. Теория государства и права: Элементарный курс: учебное пособие. - М.: Кнорус, 2016.
10. Малько А.В. Теория государства и права в вопросах и ответах: Учебно-методическое пособие. -5еиздание, переработанное и дополненное. – М. 2013.

### **УДК - 341**

## **СООТНОШЕНИЕ МЕЖДУНАРОДНОГО И ВНУТРИГОСУДАРСТВЕННОГО ПРАВА**

магистрант гр.Ю-13П **АЛПЫСБАЕВА Д.А.**  
Карагандинский экономический университет Казпотребсоюза

Теоретические и практические аспекты соотношения международного и внутригосударственного права являются одной из проблем науки международного права, исследованием которой занимались Аметистов Э.М., Абдуллаев М.И., Бирюков П.Н., Игнатенко Г.В., Мюллерсон Р.А., Тихомиров Ю.А. и другие видные ученые в области международного права.

Основными факторами, обуславливающими актуальность рассматриваемого вопроса, являются то, что международное и национальное право являются самостоятельными системами права, различающиеся важнейшими характеристиками – субъектами и объектом правоотношений, способами создания и реализации правовых норм, формами и способами контроля и ответственности за неисполнение обязательств по реализации. Основным связующим звеном обеих систем является государство, как суверенный субъект международного права, сторона международных правоотношений, порождаемых международными договорами, и, одновременно – субъект внутригосударственного права, осуществляющий суверенную власть, верховенство в отношении других субъектов внутригосударственного права.

При рассмотрении проблемы соотношения международного и внутригосударственного права возникает необходимость ответить, по крайней мере, на три вопроса:

- во-первых, находятся ли международное и внутригосударственное право на одном и том же уровне соподчиненности или одно из них подчинено другому, либо служит его продолжением, составной частью, в рамках некой единой правовой системы?

- во-вторых, как соотносятся между собой действующий международный договор и внутренний закон, каковы формы связи между ними, могут ли нормы международного договора реализовываться непосредственно или для их имплементации необходимы специальные внутригосударственные юридические механизмы?

- в-третьих, какой из актов – действующий международный договор или внутренний закон обладает большей юридической силой, когда оба они направлены на регулирование одного и того же правоотношения и каковы способы разрешения возникающей при этом коллизии?

Теория международного права, давая ответ на эти вопросы, разделилась на две части: дуалистическую и монолистические концепции. Монолистические концепции исходят из примата какой-либо одной системы права над другой. Дуалистическая концепция рассматривает международное право и право внутригосударственное как самостоятельные, равнопорядковые правовые системы, которые активно взаимодействуют в процессе нормотворчества и правоприменения [1, с. 17].

В систему действующего права Республики Казахстан, согласно статье 4 Конституции РК включены международные договора и иные обязательства Республики. Формулировку данной статьи Конституции необходимо рассматривать как общую санкцию нашего государства на включение норм международного права в систему действующих в Казахстане правовых норм, однако прямое применение в Казахстане международных норм вовсе не означает их включения в состав норм казахстанского права. Нормы международного права не трансформировались во внутригосударственное право, а действуют самостоятельно.

Республика Казахстан приводит свое национальное законодательство в соответствие с международными договорами, участниками которых она является, тем самым международное право оказывает влияние на формирование и изменение внутригосударственных правовых норм. Согласно Конституции, Республика Казахстан уважает принципы и нормы международного права, проводя политику их имплементации в национальное правовое пространство.

Конституция Республики Казахстан закрепляет приоритет ратифицированных международных договоров перед законами Республики Казахстан. Ратификация

международных договоров в Республике Казахстан осуществляется Парламентом по предложению Президента. Главным условием ратификации является не противоречие международного договора Конституции Республики Казахстан, которое устанавливается Конституционным Советом Республики Казахстан.

В законодательстве Республики Казахстан отсутствуют универсальные нормы о порядке разрешения коллизий между международными договорами и законодательством республики. Отсутствует также разработанный механизм исполнения международных договоров, что приводит к неисполнению или ненадлежащему исполнению международных договоров на фоне официального подхода к приоритету международных договоров. Так, например, в правоприменительной деятельности правоохранительных органов могут возникать проблемы из-за того, что составы преступлений по международному праву зачастую шире, чем по уголовному законодательству Республики Казахстан.

В этой связи необходимо создать действительно эффективный механизм исполнения международных договоров, позволяющий приводить казахстанское законодательство в соответствие с международными договорами (несамоисполнимыми), или создавать в рамках внутреннего правопорядка условия, позволяющие субъектам внутригосударственного права непосредственно исполнять нормы международного договора (самоисполнимые).

Рассмотрим особенности имплементации международного права в отечественное правовое пространство через призму уголовного права. Анализ юридических условий имплементации международного права в уголовное право Республики Казахстан позволяет сделать вывод о том, конституционный принцип «приоритета ратифицированных международных договоров перед законами Республики Казахстан» применительно к уголовному законодательству носит относительно условный характер. Обусловлено это, как уже отмечалось, спецификой несоисполнимых материальных норм международного уголовного права.

Безусловно, уголовное право Республики Казахстан основывается на нормах и принципах международного права, приводится в соответствие с последними, многие нормы имплементируются в уголовный закон страны. Однако, правоприменитель при осуществлении уголовного судопроизводства может применять исключительно нормы Уголовного кодекса Республики Казахстан, не имея возможности применять нормы международных договоров, даже в случае несоответствия норм уголовного права международно-правовым нормам, что напрямую записано в Уголовном кодексе Республики Казахстан [2].

Исходя из особенностей уголовного права Республики Казахстан, любая форма имплементации международного права в уголовное законодательство Казахстана возможна лишь посредством включения соответствующих норм международного договора в Уголовный кодекс Республики Казахстан (инкорпорация или трансформация). Анализ материальных норм международного уголовного права свидетельствует о том, что договоры, в которых они содержатся, относятся к числу несоисполнимых. Нормы международного уголовного права, содержащие признаки составов уголовно-наказуемых деяний, не применяются непосредственно, данными договорами предусмотрено, что их применение возможно исключительно посредством криминализации преступных деяний в уголовном законодательстве государства.

При этом научные исследования в области уголовного права показывают проблемы правового и доктринального характера, связанные с соотношением отдельных норм уголовного законодательства Республики Казахстан международным договорам, ратифицированным нашей страной. Например, Конвенция ООН против пыток и других видов жестокого обращения и наказания, Конвенция ООН против коррупции и другие.

Таким образом, несмотря на общепризнанные и юридически обусловленные условия соотношения международного права и внутригосударственного, имплементации международного права в отраслевое законодательство Республики Казахстан (например,

уголовное) имеют свои специфические особенности, определяемые предметом и методом правового регулирования той или иной отрасли права.

#### **Список литературы:**

1. Мюллерсон Р.А. Соотношение международного и национального права. М., 1982.
2. Уголовный кодекс Республики Казахстан от 3 июля 2014 года № 226-V (с изменениями и дополнениями по состоянию на 07.07.2020 г.). – Электронный ресурс. Режим доступа: [https://online.zakon.kz/document/?Doc\\_id=31575252](https://online.zakon.kz/document/?Doc_id=31575252) (дата обращения 25 сентября 2020 г.).

#### **УДК 343.2**

### **ПОНЯТИЕ И ПРИЗНАКИ ПРЕСТУПЛЕНИЙ С АДМИНИСТРАТИВНОЙ ПРЕЮДИЦИЕЙ**

магистрант гр.Ю-13П **АЛПЫСБАЕВА Д.А.**  
Карагандинский экономический университет Казпотребсоюза

Понятие «административная преюдиция» – это относительно новый термин для юридической науки, а также для правотворческой и правоприменительной практики. Следует отметить, что, несмотря на свою новизну, данный правовой институт вызвал много бурных дискуссий не только о его целесообразности и соотносимости с гуманизацией уголовной политики, но и о сущности.

Во-первых, существуют различные подходы к определению административной преюдиции. В частности:

- административная преюдиция – это прием юридической техники;
- административная преюдиция – это правовая категория;
- административная преюдиция – это юридическое средство;
- административная преюдиция – это институт уголовного права.

Полагаем, что административная преюдиция – это собирательная понятие и может быть использована во всех обозначенных смыслах.

Этимологическое происхождение термина преюдиция (*praejudicium*) означает:

- 1) предрешение вопроса, предварительный приговор;
- 2) обстоятельство, позволяющее судить о последствиях [1]

В действующем отечественном уголовном законодательстве преступлений с административной преюдицией нет, введен институт уголовного проступка. Однако, споры по данному вопросу не иссякают, что послужило основой исследовать понятия и признаки преступлений с административной преюдицией. Исходя из юридического определения понятия преступление, в доктрине уголовного права сложились признаки преступного деяния: деяние, общественная опасность, противоправность, вина, наказуемость. Данные признаки нами будут рассмотрены через призму изучаемого объекта.

Главным признаком любого преступления является деяние, которое может выражаться в действии или бездействии. Преломление данного признака на административную преюдицию, следует отметить, что преступления с административной преюдицией могут быть совершены как действием, так и бездействием. Основное условия – это совершение действия или бездействия аналогичного тому правонарушению, за которое лицо уже ранее привлечено к уголовной ответственности. В данном случае возникает проблема квалификации деяний имеющих альтернативные признаки объективной стороны, но, по сути, являющимися



аналогичными деяниями. И.О. Грунтов, Ч.Ф. Мустафаев, Н.И. Пикуров полагают, что для административной преюдиции важна юридическая тождественность деяний, то есть повторное совершение деяния запрещенного той же нормой [2].

Основной материальный признак преступления – это общественная опасность. Именно общественная опасность поделила представителей юридической среды на сторонников и противников административной преюдиции. Последние считают, что в преступное качество не может перерасти количество непроступных деяний [3]. Сторонники административной преюдиции полагают, что утверждение о том, что административные правонарушения не обладают общественной опасностью спорно, так как большая часть административных правонарушений посягает на общественный порядок и общественную безопасность. Помимо этого меры административного пресечения и возможность использования физической силы и специальных средств, свидетельствуют о том, что административные правонарушения опасны для общества, однако степень их опасности меньше, чем у уголовных преступлений. В контексте рассматриваемого вопроса можно упомянуть относительно новый институт уголовного права – «уголовный проступок».

З.Э. Эргашева считает, что является некорректным противопоставление административных правонарушений и преступлений по признаку общественной опасности, так как в случаях с административной преюдицией вредоносность второго или третьего нарушения не повышается, но изменяется отношение субъекта преступления к совершаемому деянию, следовательно, изменяется и характер общественной опасности такого поведения [4, с.71]. Сторонники административной преюдиции полагают, что опасность для общества представляет нежелание лица подчиняться действующему законодательству выраженное в повторном совершении административных правонарушений.

Третий признак преступления – его противоправность, то есть его запрещенность уголовным законом. Административная преюдиция – это особый вид противоправности, так как нарушаются сразу нормы административного и уголовного права. Следует отметить, что в данном случае уголовно-правовые нормы имеют вторичный характер по отношению к нормам административного права. Таким образом административная преюдиция характеризуется взаимозависимостью и взаимообусловленностью норм административного и уголовного права. Тем не менее в юридической науке в этой связи вызывает большие дискуссии бланкетность таких норм, которых мы не будем касаться в настоящем исследовании.

Виновность как признак преступления включает совокупность субъективных и объективных фактов, посредством которых обосновывается применение к нему определенного наказания. Противники административной преюдиции утверждают, что в неоднократных нарушениях отсутствует единая вина. Сама сущность административной преюдиции предопределяет форму вины такого преступления, такое преступление совершается только с прямым умыслом. Поэтому предварительное привлечение к уголовной ответственности – это гуманный акт, направленный на предупреждение его дальнейшей противоправной деятельности под угрозой уголовной ответственности. В то же время если данная превентивная функция не срабатывает, наступает уголовная ответственность.

Еще один признак преступления – это его наказуемость, которая легитимирует возможность уголовного воздействия на лицо, неоднократно совершающего административное правонарушение. Следовательно, при конструировании составов преступлений с административной преюдицией, учитывается его тяжесть, то есть наказание, применяемое к правонарушителю, а также аналогичность деяния. Последняя, характеризуется тем, что совершение юридически тождественного правонарушения является достаточным основанием для наступления уголовной ответственности после применения к правонарушителю административной ответственности.

Таким образом, преступление с административной преюдицией – это общественно-опасное деяние, закрепленное уголовным законодательством государства, под угрозой наказания, совершенное лицом виновно, и ранее подвергнутым в течение установленного законом срока административной ответственности за аналогичное правонарушение.

И в заключении следует тезисно обозначить различные подходы к проблеме отнесения административной преюдиции к тому или иному составу правонарушения. Основные подходы:

- 1) административная преюдиция – признак объективной стороны;
- 2) административная преюдиция характеризует субъекта преступления;
- 3) административная преюдиция является условием (предпосылкой) уголовной ответственности и лежит за пределами состава преступления [4, с. 80].

Мы придерживаемся точки зрения З.Э. Эргашевой, которая полагает, что административная преюдиция характеризует субъекта преступления, так как учитывается привлечение лица к административной ответственности (так называемый специальный рецидив).

Таким образом, преступление с административной преюдицией – это общественно-опасное деяние, закрепленное уголовным законодательством государства, под угрозой наказания, совершенное лицом виновно, и ранее подвергнутым в течение установленного законом срока административной ответственности за аналогичное правонарушение.

#### **Список литературы:**

3. Латинско-русский словарь. – Электронный ресурс. Режим доступа: <http://www.classes.ru/alllatin/dictionary-latin-russian1-term-17846.htm> (– Электронный ресурс. Режим доступа:).

4. Грунтов И.О. Уголовно-правовые нормы с административной преюдицией: автореф. дис. ... канд. юрид. наук. Минск, 1985. С. 12.; Мустафаев Ч.Ф. Административная преюдиция в советском уголовном праве: автореф. дис. ... канд. юрид. наук. Баку. 1986. С. 10.; Пикуров Н.И. Применение нового уголовного законодательства (ст. 116.1, 157 и 158.1 УК РФ в редакции Федерального закона от 3 июля 2016 г.) во взаимосвязи с нормами и институтами других отраслей права // Уголовное право. 2016. № 6. С. 54.

5. Кузнецова Н.Ф. Цели и механизм реформы Уголовного кодекса // Советское государство и право. 1992. № 6. С. 83. 67.

6. Эргашева З.Э. Административная преюдиция в уголовном праве. Диссертация на соискание ученой степени кандидата юридических наук. – Москва, 2018. 215 с.

**ӘОЖ - (368-05)**

### **САҚТАНДЫРУДЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙДАҒЫ МӘСЕЛЕСІ**

**АМАНТАЙҰЛЫ А.**

аға оқытушы, з.ғ. магистрі

Қазтұтынуодағы Қарағанды Экономикалық университеті

**АЛКЕНОВА Ж.**

4 курс студенті

Қазтұтынуодағы Қарағанды Экономикалық университеті

Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері біршама істер қолға алынып олардың қарқындылығын арттыру мақсатында тың әрекеттер жасалуда. Солардың бірі ретінде міндетті сақтандыру қызметі мемлекетіміздің өзекті мәселелердің біріне айналуы тиіс. Өйткені елеміздегі әлеуметтік-экономикалық жағдайдың тиімді қалыптасуына сақтандырудың әсері зор. Сақтандыру саласының еліміздің экономикалық нарығында нақты қызмет етуі азаматтарымызды материалдық шығыстарға ұшыраудан алдын алып, экономикалық пайда алуға кепілдік береді. Адамдардың өмірі түрлі қиын материалдық жағдайларға толы.

Бұл тұрғыда Қазақстанда жүргізіліп жатқан құқықтық реформалардың бағыты сақтандыру мәселелерін тиімді, әрі заңдық тұрғыдан нақты шешуді көздейді. 2014 жылығы **17 қаңтарда** Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына «**Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ**» атты Жолдауында елдегі міндетті сақтандыру нарығын жетілдіру, оның ішінде міндетті медициналық сақтандыру туралы былай деген болатын: «Денсаулық сақтау саласындағы басты басымдық – алғашқы медициналық-санитарлық көмекті дамыту. Міндетті медициналық сақтандыру енгізу мәселесін зерттеген жөн. Мемлекеттің, жұмыс берушілердің және қызметкердің денсаулық үшін ортақ жауапкершілігі – медициналық қызметтің барлық жүйесінің басты қағидаты. Спортпен шұғылдану, дұрыс тамақтана білу, жүйелі профилактикалық тексерілу – аурудың алдын алудың негізі» [1]. Осыған байланысты міндетті сақтандырудың түрлеріне қойылатын талаптар мен ережелер нақтылана түспек.

Елімізде міндетті сақтандыру түрлерін реттейтін заңдар бар, бірақ әліде болсын оққылықтар орын алуда. Мұның себебі, халықтың сақтандыру нарығын түсінуде міндетті сақтандыруды мемлекеттік реттеуді мелекеттік басқарумен шатастырып алуында болып отыр. Оның өзінің тарихи себептерін сонау Кеңес үкіметінің құзыретіне жатқызамыз. Бұл туралы тәуелсіздік алғанымызға біраз жылдың жүзі болсада, сақтандыру нарығының өзі толықтай, қарқынды жүзеге асып кетпегенінен көруге болады. Сол үшін сақтандыруды құқықтық реттеу жағын қайта қарау маңызды мәнге ие.

Сақтандыру қызметімен байланысты қатынастар 2000 жылғы 18 желтоқсанда қабылданған «Сақтандыру қызметі туралы» [2] заңымен реттелінсе, ал, сақтандыру шартымен және сақтандырумен байланысты даулы мәселелер Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен реттелінеді [3].

Сақтандыру азаматтар мен заңды тұлғалардың мүліктік мүдделерін қорғау, яғни, оны ақшалай негізде жүзеге асырады, айналып келгенде материалдық қатынастар пайда болады. Азаматтар мен заңды тұлғаларадың мүліктік мүддесінің қорғалуын үш аспектіні көрсетеді. Біріншіден, заңдық аспекті ретінде сақтандырушының мүліктік мүдделерін және сақтанушының сақтандырылған мүліктік мүдделерін заңмен қорғауды қамтамасыз етеді. Егер сақтандырушы сақтанушының мүліктік мүдделерін сақтандырған кезде құқықбұзушылыққа жол беретін болса, жауапкершілікке тартылады. Сондай-ақ, заңмен реттелетін міндетті сақтандырудың түрлерінде мүліктік мүддесі бар қатысушы азаматтардың құқығын қорғауға кепілдік береді. Ал сақтандырушыға көрсетілетін заңи көмек сақтандырушының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша талап етіліп отырады. Кейде сақтандыру «заңмен бекітіліп» қойған десекте, оққылықтар орын алып жатады. Оны халықтың заң жүзінде сақтандырудың кейбір түрлерімен қатынасқа түсе отырып, артынан сақтандыру оқиғасы болған кезде сақтандыру төлемдерін ала алмай «заңды түрде» өздері кінәлі болып жататын жағдайлар кездеседі. Сондай-ақ, заңды түсінбеу, білмеу, қажет етпеу сияқты әрекеттерінен көруге болады.

Екіншіден, материалдық аспекті ретінде, сақтанушы азаматтарға, сақтандырылған адамға, пайда алушыға өздерінің шығындарын өтеп алуға үлкен мүмкіндік жасайды. Себебі, сақтандыру оқиғасы болған кезде, сақтандырушымен жасалған келісімшартқа сай сақтанушы мүліктік мүддесіне өзінің төлемақысын ала алады. Сақтандырушы тарапынан емес, жасалған шартқа негізделген материалдық көмек болады. Сақтанушыны материалдық жағынан қамтамасыз етеді.

Осы жерде айта кететін жайт, материалдық көмек тек сақтанушыны қамтып қана қоймайды, сондай-ақ сақтандырушыны да қамтиды. Неге дегенде, сақтандырушы сақтанушымен сақтандыру келісімшартын жасағаны үшін, сақтандыру сыйақысын алады. Бұлда сақтандырушыға келетін пайда немесе материалдық көмек деуге болады. Сондықтан материалдық көмек екі жаққа да тиімді әдіс. Алайда, барлық жағдайда, осы материалдық жағдайдан даулар көп туындайтынында ескере кеткен жөн. Себебі сақтанушыда, сақтандырушыда өз пайдаларын ойлады. Бірақ сақтанушы көбінесе қарапайым халықтың ішінен болатындықтан, ал сақтандырушы – ұйым ретінде арнайы мамандармен қамтамасыз етілгендіктен сақтанушыны «заңды түрде» алдап кетіп жататын жағдайлар кездеседі.

Үшіншіден, сақтандыру қатынастарын жүзеге асыру психологиялық жағынан өте жағымды болып келеді. Себебі, адам сақтандырған мүлктік мүддесі үшін әрқашанда жақсы ойда жүреді. Егер мүлкіне немесе өзіне зиян келген жағдайда оның сақтандырылып, мүлктік жағынан қорғалып тұрғаны оған үлкен көтермелеу жағдайын туғызады. Мәселен, егер адам сақтандырылуға тиісті жағдайлардан сақтандырылмаса, онда оқыс оқиғадан келген шығындардың орынын өзі толықтыру керек болады. Ол өз кезегінде оған ауыр психологиялық соққы болуы мүмкін. Сондықтан мүлктік мүддесі сақтандырылған болса, мүлктік мүддесі жағынан шығынын өтеп беретін сақтандыру ұйымының бар болуы оған жақсы ойлап жүруге көп көмек береді.

Өзінің мағынасында сақтандыруға жататын, оның материалды аспектіде сақтандыру қорғанышының белгілеуі мен құралы болып сақтанушы тұлғаның немесе басқа сақтанған тұлғаның мүлктік жағдайы табылады. Сонымен қатар, сақтандырушының мүлктік жағдайын материалды қамтамасыздандыру рөлін атқаруға арналған сақтандыру немесе басқа да төлемдері атқарады.

Жеке сақтандырудың тәуекелдік түрінде материалды қамтамасыздандыру мүмкіндік бойынша сақтандырудың жағымсыз жағдайының нәтижесін жеңілдету үшін құрылады. Мысалы, иемденуге арналған қаражат, жұмыс қабілеттілігі төмендегендегі табыстың төмендеуі, қамқоршының қайтыс болуы және т.б. Осы сақтандыру түріндегі сақтандыру төлемі өндіріп алу сипатын иеленеді.

Ескере кететін жайт, заңдық және психологиялық аспектілер материалдық аспектісіз-ақ пайда бола береді. Сақтандыруды жүзеге асыру кезінде сақтандыру төлемі болмауы да мүмкін, себебі ол сақтандыру жағдайының болу, болмауына тәуелді. Осылайша, сақтандырушы сақтандыру қатынасына түскенде сақтандыру жағдайы әсерінен келген залалды жоюға көмектесетін, сақтандыру төлемін жүзеге асыруға қызмет етеді.

Заңдық және психологиялық аспектілерде сақтандырушы сақтандырудан алған материалды емес игілікті көрсетеді. Бұл игілік өзінің құндылығын және өзінің тұтыну құнын көрсетеді. Сақтандырудың материалды аспектісі, сақтандырумен қарастырылған сақтандыру және басқа да төлемдер сияқты материалды игілік түрінде көрсетіледі.

Бізде халық сақтандыру жүйесінің пайдасы туралы әлі де толық білмейді. Шетелде – сақтандыру дегеніміз тұтастай мәдениет. Яғни, жоғары жалақы алатын адамдар өздерінің алдағы өмірін лайықты табыспен қамтамасыз еткілері келеді, сондықтан да сақтандыру компанияларына шарт жасасу үшін ерікті түрде жүгінеді. Зейнеткерлікке шыққаннан кейін шарт бойынша аударған қаржысымен өзін қаншалықты қамтамасыз етсе, сонша зейнетақы алатын болады. Демек, азамат бұған өзіне лайықты өмірді қамтамасыз ету үшін барады. Әрине, сақтандыру мәдениетін дамыту шарттарының бірі – ол азаматтардың табысын арттыру арқылы халықтың өмір сүру деңгейін көтеру. Жалпы алғанда бір адамның болашағын инвестициялау мәдениеті мен өмір сүру деңгейі бойынша тұтастай мемлекеттің даму деңгейін айқындауға болады.

Сақтандыру қатынастырының тұрақты дамуына кедергі келтіріп отырған бірнеше мәселені келтіре кетсек. Біріншіден, көпсалалы сақтандыру қатынастарына түсетін кезде еліміздің сақтандыру нарығынан оңай шығып кете алатындай сақтандыру ұйымдарының қаржылық тұрақтылығының жетіспеуі.

Екіншіден, сақтандырушылық қатынастарда көптеген шаруашылық субъектілердің болуы, сақтандырудың мүддесін қорғау кезінде мамандандырылған тиімді қызметтерді көрсетудің жоқтығы.

Үшіншіден, ұлттық сақтандыру ұйымдары қызметінің барысында жаңа бағыттарды дамытудың тұралап қалуы. Олардың бұрынғы ескі, қайталанатын жоспармен жұмыс жасап жатуы.

Сақтандыруға қатысты заңнаманың олқылық жақтары жоқ емес. Ал шындығында, сақтандыру қызметінің басты түйткілі халықтың қалай сақтануды білмеуінен емес, сақтануға мүмкіндік беретін табысының аз болуынан туындап отырған жоқ па екен?! Сондықтан шетелдерде бұл қызмет жүйесінің жоғары деңгейде дамуын зерттеп, талдаған дұрыс. Оларда сақтанудың мәдениеті жоғары дейді мамандар. Шетелдерде кез-келген азамат өзінің ертеңгі өмірін қамтамасыз етуді, болуы мүмкін қиын жағдайда тал қармап қалмауды – басты қажеттіліктердің бірі деп санайды. Сол үшін де сақтандыру компанияларын өздері іздеп барып, олармен міндетті түрде шарт жасасады екен. Ал бізде, сақтандыру шартын көбінесе сақтандырудың заңмен көзделген міндетті түрлерімен ғана жасалатыны белгілі. Тек ерікті сақтандыруды санаулы адамдар жасайды. Бүгінде күтпеген жерден еліміздің біраз аймақтарының (Қарағанды, Павлодар т.б.) қыстан шыға бере тап болған үйлерді су басу апаты мәселесі басты орында. Егер осындай жағдайларда материалдық мүліктік мүдделерді қорғау, шығынның орынның толтыру мақсатында алдын ала сақтандырылып қойған кезде көптеген жеңілдіктер орын алушы еді. Тіптен мемлекеттің өзі жауапкершіліктен құтылуға себеп болуы мүмкін. Мұны дамыған елдер тәжірибесінен кездестіруге болады. Сондықтан үйлерді сақтандыруды әрине, заңмен міндетті етіп енгізу қиындық тудыратын жағдай. Себебі жоғарыда айтқандай халқымыздың материалдық жағдайы көтермейді. Осындай мәселеден құтылу үшін мемлекет болып ат салысып, көмектесе қалай болар еді деген ұсыныс бар. Мысалы, біздің елде «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралылы» [4] заң бар. Осы заңның негізінде ауылшаруашылығындағы кәсіпкерлер ауыл шаруашылығы дақылдарын (дәнді, майлы дақылдар, қант қызылшасы, мақта) өңдеу процесінде алынған өнімдерін сақтандыруға қатысты мемлекеттен жеңілдік ала алады.

Өсімдік шаруашылығын міндетті сақтандырудан ерікті сақтандыруға көшті. Сақтандырудың бұл түрінің ерекшелігі сол оны мемлекеттік қолдаудың болуында. Яғни, сақтандырудың бұл түріне мемлекеттік қолдаудың болуы осы салаға бюджет қаражатын бөлуден көрінеді. Мәселен, агроөнеркәсіптік кешенді дамытуды мемлекеттік қолдауы Кәсіпкерлік кодкеске сәйкес жаңа өзгерістер болды[5]. Міне осы сияқты, тек қана мемлекетке пайда келтіретін кәсіп түрлерін ғана мемлекеттің қолдауына ие болмай, сондай-ақ, қарпайым халықтың жағдайында ескеріп, олардың мүліктік мүдделерін сақтандыруға мемлекеттен қолдау болып, көмек қаржы бөлінсе. Сонда ғана ауырып ем іздегенше, ауырмай тұрып ауырмаудың жолын тапқан болар едік.

Қоғамдағы әрбір адамның өзінің өміріне қауіп төндіретін және ол ондай жағдайды жалғыз өзі түзете алмайтын жағдайлар да болатынын атап өткен жөн. Осыған байланысты сақтандыру нарықтық экономика жағдайында жұмыс істейтін халықты әлеуметтік қатерден әлеуметтік қорғау нысандарын айқындайды.

Міне осындай мәселелер төңірегінде оларды төмендегідей шешу жолдарын ұсынылды:

- сақтандыру нарығының тұрақты түрде сенімді дамуы, олардың өз функцияларын жоғары дәрежеде атқаруы өздігінен орындалмайды, көпшілік жағдайда, нәтижелі сақтандыру саясатын

жүргізуге және тиімді мемлекеттік реттеуге байланысты дамиды, сол үшін тиімді мемлекеттік сақтандыру саясаты болу керек;

- сақтандыру саласында шараларды іске асыру арқылы, тұтастай алғанда қоғамдағы өмір сүрудің сапасын жоғары деңгейге көтеру;

- сақтандыру қызметіне жүгінуді халықтың болашақтағы өмір сүруіне, қызметіне, табиғи апаттар мен техногендік қолайсыз жағдайлардан өзіне сенімді болуына әсер ететінін жарнамалау;

- сақтандыру ұйымдарының қызметіне қашықтықтан интернет арқылы қадағалауды жүзеге асыру;

- сақтандыруды құқықтық реттеуге қатысты көптеген елдердің тәжірибелері зерттеп, оларды Қазақстан жағдайында қолдану;

- сақтандырудың міндетті түрлерін жүзеге асырғанда оларға қажылай көмектесу тетіктерін қарастыру;

- сақтандыру қызметіне жүзеге асыруды автоматтандыру, сақтанушының электронды түрде сақтандыру жасай алу мүмкіндігін жасау.

Қазіргі таңда мемлекетіміздің сақтандыру саласындағы мәселелерді дамытудың маңыздылығы зор. Себебі дамыған мелекттердің басым көпшілігінде сақтандыру нарығы экономиканы, халықтың әлеуметтік жағдайын көтеруде негізгі ролді атқарады. Сондықтан өзіміздің ұлттық сақтандыруды толық қалыптастыру басты орында. Пайдасы зор салаларды қалыпты етіп алу, халық үшін, еліміздің экономикасы үшін мәні үлкен. Халықтың басым көпшілігі қандай да бір мәселе туындай қалса қаражат жағынан жетіспей шырылдап жүреді. Сол үшін қаражаттарды тиімді, әрі пайдаға орай қолдануға мүмкіндік тудыратын сақтандыру қатынастарын дамытуға қызмет еткен дұрыс. Сақтандыруды қолға алу ел ішіндегі халықтардың белсенділігін, тұрақты экономика базисінің дамуына әсері болмақ, сондай-ақ, сақтандыру саласыны жетілдіру ел халықының алдағы өмірінің жақсаруына, табиғаттың қолайсыз жағдақы мен әртүрлі техникалық жағымсыз оқиғалардан адамдардың қаражатты жұмсау жағынан пайдасы мол болмақ.

Қорыта айтқанда сақтандыруды жетілдіру және құқықтық тұрғыдан реттеу оның болашағының бар екенін және адамдар арасында сенім тудыратын және сақтандыру қатынастарын тиімді реттеудегі маңызы зор.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстанхалқына Жолдауы 2014 жыл *17 қаңтар*.

2. «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 18 желтоқсандағы №126 Заңы (соңғы өзгерістер мен толықтырулар 10.01.2020 № 272-VI)

3. Азаматтық кодекс ерекше бөлім 1999 жылғы 1 шілдедегі № 409 Кодексі (соңғы өзгерістер мен толықтырулар 03.07.2019 № 262-VI)

4. Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 66 заңы. (соңғы өзгерістер мен толықтырулар 02.04.2019 № 241-VI)

5. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жыл 29 қазан № 375-V (соңғы өзгерістер мен толықтырулар 02.04.2019 № 241-VI)

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ:  
ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**АМАНТАЙ А.**

заң ғылымының магистрі, аға оқытушы  
Қазтұтынуодағы Қарағанды Экономикалық Университеті

**БАЙМУРЫНОВ Ж.М.**

RVOЖШС директоры

**АЛИМХАН Е.**

«Құқықтану» мамандығының 4 курс студенті

Дүние жүзілік тәжірибе көрсеткендей, адамдар өз елінің мемлекеттік қызметіндегі шенеуніктеріне қанағаттанатын ел табу қиын, бірақ әр ел өз проблемаларын өз дамуының нақты бір кезеңіне сай шешеді. Барлық демократиялық елдерде қоғам мемлекеттік қызметте пайда болып жатқан процестерді өз заң берушілері, мемлекеттің жоғары қызметтік тұлғасы арқылы мемлекеттік аппарат тұрғындарға сапалы қызмет көрсету мен басқа да функцияларын аз шығынмен орындау мақсатымен тәртіпке салады. Мұндай қызығушылық мемлекеттік аппараттың тек азаматтардың проблемаларын шешуге емес сонымен қатар мемлекеттік қызмет орындары салық төлеушілердің ақшасына пайда болып жатқаныменде байланысты. Біздің мемлекеттік қызметтің реформалануының негізгі бағыттары Республика Президенті Н.Ә. Назарбаевтің 2015 жыл 30 қарашадағы «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты Жолдауында жастарға қатысты былай делінген: «Білімді, еңбекқор, бастамашыл, белсенді болуға қазірден бастап дағдыланындар. Жұмыс пен сұраныс бар өңірге батыл барындар. Шеберліктің шыңына жете білсеңдер мамандықтың бәрі жақсы. Ерінбей еңбек еткен, талмай ғылым іздеген, жалықпай техника меңгерген адам озады. Тұрмысы жақсы, абыройы асқақ болады. Біз жүзеге асырып жатқан түбегейлі реформалар мен атқарып жатқан қыруар істердің бәрі сендер үшін, болашақ үшін жасалуда» [1]

Мемлекеттік қызметтің жоғары кәсібилігі басты орында. Қайта реформалаудың ағымдағы этаптың ерекшеліктерінің бірі — бұл мемлекеттік қызмет пен қызметкерлердің сапалық деңгейін көтерудегі негізгі құрал.

Мемлекеттік қызметтің қарқындылығын жоғарылату туралы айтқанда «мемлекеттік қызмет туралы» заңдылықтың шегінен шығып кететін шаралар туралы айтып кету міндет. Бәрінен бұрын «Әкімшілік рәсім туралы» заңды қабылдау керек. Бұл заң мемлекеттік органдардың шешім қабылдау рәсімдерінің дұрыс болуын, олардың азаматтарға тиімді болуын, шенеуніктердің берілген рәсімдерді сақтауы туралы міндеттеме жасауды қамту керек. Рәсімдерді жасап оларды қатаң сақтау сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендетіп, заңның сақталуына демократия принципі ретінде үлес қосады.

Қазақстандық модель біздің ерекшеліктеріміз бен дәстүрлерімізді ескере отырып карьералық және позициялық жүйелерді қамтып отыр.

Мемлекет қызметін ұйымдастырудың басты, негізгі талаптары Қазақстан Республикасы Конституциясының 33-бабында «Республика азаматтарының мемлекеттік қызметке кіруге тең құқығы бар. Мемлекеттік қызметші лауазымына кандидатқа қойылатын талаптар лауазымдық міндеттердің сипатына ғана байланысты болады және заңмен белгіленеді» [2], - делінген болса, ал, былтыр 2015 жылдың 23 қарашасында ғана қайтадан жаңарып, қабылданған «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» [3] заңында толық түрде қарастырылған. Бұл

Заң мемлекеттік қызметтің негізін, мемлекеттік қызметкерлердің құқықтық жағдайларын және мемлекеттік қызмет аясындағы қарым – қатынастардың реттелуін анықтайды.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі дегеніміз – мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік органдарда мемлекеттік биліктің міндеттері мен функцияларын іске асыруға бағытталған лауазымдық өкілеттіктерді атқару жөніндегі қызметі [3].

Мемлекетті қызмет органдарында басқару кадрларын жинаудың, басқару функциялары мен өкілеттіктердің лауазымды тұлғалар арасында бөлінудің арнайы тәсілдері, мемлекет және еңбек процесін басқару, басқару органдарының жұмыс істеуіне қажетті жағдай жасақталған. Бұл тұрғыдан мемлекеттік қызмет еңбек құқығының жалпы нормаларына негізделеді.

Мемлекеттік қызмет белгілі бір іс - әрекеттің түріне қатысты, яғни кәсіп, мамандық, біліктілік, лауазымға қатысты жұмыстың орындалуы. Кәсіп – еңбек қызметінің кең саласы. Мұнда мемлекет қызметкері өз мамандығына сәйкес бар білімін, талабын толығымен қолдана алады. Мамандық көрсетілген кәсіптің аясындағы еңбек қызметінің тар саласы. Мұнда мемлекет қызметкері жұмысты тиімді атқару үшін өзінің бұл сала бойынша алған терең, жан – жақты білімін қолдана алады. Ал біліктілік болса, белгілі бір қызметкердің қандай да дәрежедегі ауыр қызметті атқара алатынын анықтайды.

Мемлекеттік қызметтің тағы бір белгісі – мемлекеттік қызметкердің басқару органы қызметіне тікелей қатысуы. Бұл дегеніміз – азаматты басқару органының құрамына, яғни штатқа және мемлекеттік органның басқару қызметіне енгізілуін айтамыз.

Мемлекеттік қызмет қазіргі заманғы мемлекеттердің басты институттарының бірі болып табылады. Институт түсінігі бұрыннан заң ғылымында да, саясаттану ғылымында да қолданылып келеді. Заңгерлер институт түсінігін қандай да бір біртектес қоғамдық қатынастарды реттейтін, дербес топтар ретінде бір-бірімен байланысқан, белгілі бір кеңістікте бар барлық кезеңдерді реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы деп сипаттайды [4, 120 б.]. Саяси ғылымның өкілдері саяси институттарды зерттей келе, оны тек қана басқару құралы ретінде емес, сонымен бірге басқарушылар менбасқарылатындар, қоғамның «жоғарыдағылар» мен «төмендегілер» арасындағы қарым-қатынастарын реттеуші, қоғамда жазылған және жазылмаған нормаларда, әрекет, образдарында, құндылықтық жүйелерінде нығайтылған кезде тиімді болатын механизм ретінде қарастырады [5, 5 б.]. Бұл ретте, осы мемлекеттік қызмет аппаратының тиімділігі маңызды мәселе. Белгілі ғалым М. Мұрзалин мемлекеттік қызметтің тиімділігін арттыратын негізгі принциптерді төмендегідей етіп анықтаған:

- ең маңызды қызметтерді атқаруға шоғырланған кәсіби және ықшам үкіметті құрудың қажеттілігі;
- стратегиялар негізінде бағдарламалаық іс-әрекеттер бойынша билік органдарының жұмысын құрудың қажеттігі;
- ведомствоаралық үйлестірудің жайғастырылған жүйесін құрудың қажеттігі;
- министрлердің құзыреттері мен жауапкерлігін арттыру, есептілік және олардың қызметін стратегиялық бақылау;
- жемқорлыққа қарсы тиімді жүйені құру;
- кадрларды жалдау, даярлау және карьера бойынша әрі қарай көтеру жүйесін жетілдіру болып табылады [6, 108 б.].

Мемлекеттік қызмет саласындағы белгілі ресейлік маман Чиркин В.Е. «мемлекеттік басқару институты» түсінігіне жан-жақты түсініктеме беріп, оның келесі тұжырымдамасын ұсынады:

Біріншіден, мемлекеттік институт – бұл құқықтық институтқа қатысты сипатталатын нормалар жүйесі емес, бұл құбылыс. В. Чиркиннің пайымдауынша мемлекеттік қызмет институтын қарастырғанда, біз конституцияның баптары, мемлекеттік қызметті реттейтін құқықтық нормалар туралы емес, мемлекеттік саясаттың маңызды бағыттарын реттейтін



мемлекеттік қызмет институты туралы, оның басқарудығы рөлі туралы айтамыз. Мемлекеттік институттарды зерттеуде құқықтық нормаларға талдау жасағанмен, «de jure» құбылысына емес, «de facto» – ға көңіл бөлеміз.

Екіншіден, қандай да болмасын институттың рөлі мен орны белгілі бір жүйеде, оның элементтерінің ескерілуімен анықталады. Алайда В. Чиркиннің пайымдауынша, мемлекеттік институт мемлекеттік құрылымның өзіндік «автономиясы» бар ерекше бөлігі.

Үшіншіден, мемлекеттің институты белгілі бір байланыстар мен қарым-қатынастарды, сонымен бірге институттың негізі болатын «материалды субстратты» ұйымдастырушы қандай да бір әдіс болып табылады. Мемлекеттік қызметтің осы қасиеттері, бір жағынан, мемлекеттік органдардың жиынтығын сипаттаса, екінші жағынан, басқару аппаратымен, шенеуніктік кадрлармен идентификацияланады.

Төртіншіден, қандай да болмасын институттың функционалды бағдары болады. Осындай институттар қоғамды мемлекеттік басқару бойынша міндеттерді атқару үшін құрылады [7, 97 б.]. Сонымен қатар мемлекеттік қызмет институтының құрылу барысын Қазақстан мемлекеттілігінің құрылуынан бастап қазіргі кезеңіне дейінгі жан-жақты саяси-ғылымтал дауынсыз, саяси жаңғырудың контексіндегі мемлекеттік қызметтің рөліне талдау жасау мүмкін емес. Мемлекеттік қызметтің құрылу барысының ерекшеліктері Қазақстан мемлекетінің осы механизмді толықтырып тұратын басқару механизмі және басқару персоналдарын бірге қамтитын даму кезеңдері мен ті келей байланысты Мемлекеттік қызмет заңнамасының тек Қазақстанға тән сипаттары, тиесілі жақтары да бар.

Біздің ойымызша қоғамды демократиялау жағдайында мемлекеттік қызмет осы бағытта дамуы керек. Демек, мемлекеттік қызмет - бір жағынан мемлекеттік билікті қолдану және мемлекет міндеттері мен мақсаттарын қалыптастыру және жүзеге асыру тәртібін анықтайтын құқықтық, ұйымдастырушылық және процессуалдық институттар (пішін, әдіс, қағидалар ж.т.б.) жүйесін, екіншіден - бұл арнайы дайындалған және мемлекеттік аппаратта кәсіби еңбек ететін адамдар жиынтығы. Осыған орай, оны құқықтық-көпшілік институт деп сипаттауға болады, өйткені, ол мемлекетке сол үшін жалақы төленетін, арнайы мәртебесі бар және басқару функцияларын кәсіби орындайтын өкілетті аппарат (мемлекеттік қызметші) тікелей жүзеге асыратын басқару арқылы қол жетілетін көпшілік билікті ерекше ұйымға тура қатысты.

Кейбір ғалымдар, мысалы, В.С. Комаровский, мемлекеттік қызметті кеңінен қарастырады, оның айтуынша мемлекеттік қызмет тек құқықтық-көпшілік институт емес, ол саяси-құқықтық институт [8, 10 б.]. Мұндай көзқарасқа сәйкес, мемлекеттік қызмет - құқықтық-көпшілік сала емес, әлеуметтік-құқықтық қызмет саласы. Демек, мемлекеттік қызметке орналасатын тұлға мемлекеттік лауазымға кірісе отырып, қоғам үшін маңызды істерді шешуге құқылы және ол үшін жауапты екенін түсінуі керек.

Барлық жоғарыда келтірілген көзқарастарды шоғырландыра отырып, жасалатын болжау – мемлекеттік қызмет әлеуметтік-саяси кеңістікке тәртіп және ұтымдылық енгізу үшін қажет, сондықтан басқарушылықпен тығыз байланысты. Демек, мемлекеттік қызметтің институттық негізінде саяси лауазымдық тұлғалардың мемлекеттік органдар өкілеттерінің атқарылуын қамтамасыз ету, бағыну қағидаларындағы қызметтік міндеттердің орындалуы, заңмен қатал орнатылған қызметті жүзеге асыру.

Мемлекеттік қызмет барлық басқару үдерістерінің қажетті элементтерін құрайды. Мемлекеттік қызмет функциясының сипаты мен есебін анықтаудағы қиындық осыған байланысты: біреулер оларды мемлекеттік басқару функцияларымен теңдестіруге талпынса, басқалар мемлекеттік қызметті мемлекеттік басқарудан қашықтатып, формалды, тәуелсіз құрылым ретінде көрсетеді.

Сонымен, 2015 жылғы Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» заңына сәйкес мемлекеттік қызметтің «қазақстандық үлгісінің» ерекшеліктері қамтылған.

Сонымен, Қазақстанда көптеген жылдар барасында дамудың негізінде мемлекеттік қызметтің аралас үлгісі қабылған деп тұжырымдаймыз. Э.Э. Дүйсенов іске асыру барысында мемлекеттік қызметтің трансформациясының бірнеше кезеңдерін қарастырады. Қазақстандағы мемлекеттік қызметті реформалау процесін шартты түрде келесі кезеңдерге бөліп қарастырған: бастапқы кезең; дайындық кезеңі; негізгі кезең; қорытынды кезең Реформаның бастапқы кезеңі - 1991-1995 жылдарды қамтиды. Автордың пайымдауынша бұл уақыт аралығында мемлекеттік қызмет саласында ешқандай айтарлықтай өзгерістер болған жоқ. Мемлекеттік қызметті құқықтық реттеу фрагментарлы заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілер арқылы жүзеге асырылды [9, 115 б.].

Мемлекеттік қызметшілер жұмысында, әсіресе басшыларда, КСРО әкімшілік- командалық жүйесінен қалған өктемшіл басқару әдісі орын алған. Дайындық кезеңі 1995 жылығы «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызмет туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы (күші жойылған) шыққаннан басталады. Бұл нормативтік-құқықтық актіде алғаш рет егеменді Қазақстанның мемлекеттік құрылысында жүргізілген өзгерістер, ел Конституциясында бекітілген демократиялық жетістіктер көрсетілді. Бұл құжат Қазақстанның мазмұны бойынша жаңа мемлекеттік қызметінің қалыптасуында уақытша нормативтік актісі болды. Бұл заң билік органдары жұмыстарының тиімділігін, мемлекеттік басқарудың біліктілігін көтеру және тиімділігін арттыруды қамтамасыз етуде үлкен рөл атқарды.

Біріншіден - мемлекеттік қызметшілердің басқарушылық біліктілігін белсенді түрде көтеру; Екіншіден — жұмыс орындарында құқықтық оқытуды ұйымдастыру арқылы олардың құқықтық мәдениетін үнемі жетілдіріп отыру.

Түйіндей айтсақ, мемлекеттік қызмет саласындағы реформаның ендігі үлгісі тиімді қағидасын дамыту, мемлекеттік қызметті осы жүйеге икемдеу болып табылады. «Ең алдымен мемлекеттік қызметте еңбегін бағалап, білімі мен білігіне қарап өсіру жүйесі, яғни тиімді жүйесі жастарға дұрыс бағыт-бағдар беруі тиіс. Осы жүйені дұрыс жолға қойсақ, кадрларды іріктеу саласында тамыр-таныстықты жойсақ, білім-білігіне қарап іріктейтін басымдық қалыптасса, онда жастардың өзі мемлекеттік қызметке кіріскенде, одан әрі жоғарылағанда өз білімі мен еңбегіне сүйенетін болады. Сосын ең төменгі лауазымға қойылатын талаптар ішінде еңбек өтіліне талаптар жұмсартылады.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтің «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты Жолдауы 2015 жыл 30 қараша
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30 тамыз 1995 жыл. (1998 жылы 8 қазандағы, 2007.21.05. және 2011.02.02 берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)
3. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 23 қарашадағы № 416-V ҚРЗ (өзгерістер мен толықтырулар 06.04.2016 № 484-V )
4. Алексеев С.С. Структура советского права. – М.: Право, 1995. –120 с.
5. Дилигенский Г.Г. Политическая институционализация в России: социально — культурные и психологические аспекты // Мировая экономика и международные отношения. - 1997. - № 7. - с. 5 – 12
6. Муразалин М.К. Особенности реформирования государственной службы: зарубежный опыт и Казахстан: дис. канд. полит. наук. – Алматы, 2010. – 108 с.
7. Чиркин В.Е. Основы строительства государственного управления. – М.: Прогресс, 2007. – с. 97-99
8. Комаровский В.С. Реформирование государственной службы России: выбор пути и методов. - М.: РАГС. – 1997. – с. 2

**ӘОК - 343.985.7**

## **ТЕРГЕУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЭЛЕМЕНТТЕРІНІҢ МАЗМҰНЫ**

**АШИМОВА Д.И.** з.ғ.м., аға оқытушы  
І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті  
**ҚАНАТ М.** 4 курс студенті  
І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті

Қазақстан Республикасының Конституциясымен бекітілген мемлекетіміздің ең қымбат қазынасы - адамды, адамның өмірін және құқықтары мен бостандықтарын сақтау барысында Ішкі істер органдары Қазақстан Республикасының «Ішкі істер органдары туралы» Заңымен реттелген міндеттерге сәйкес қызмет етеді.

Аталмыш міндеттерге сай, қылмыстарды ашу мен тергеу үдерісінде тергеу органдары мен криминалды полиция аппараттарының өзара әрекеттестігін ұйымдастыру нысандарының даму сатылары эволюциялық сипатқа ие. Жаңа нысандардың пайда болуы, тәртіпке сай, сол уақыттағы белгілі бұрынғыларын жоққа шығармайды, керісінше, олардың қатарына қосылып, ары қарай жетілдіруді қамтамасыз етеді.

Негізінде, тергеу бөлімдері мен криминалды полиция аппараттарының қылмыстарды ашу және тергеу үдерісіндегі біріккен немесе келісілген қызметінде жаңа ұйымдастырушылық құрылымдарды қолдану — қажетті және толығымен заңды жағдай. Себебі дұрыс ұйымдастырылған іс-қимылдар мен тактикалық операциялар жекеленіп жүзеге асқанына қарағанда, оларды бір қызметке неғұрлым біріктірген жағдайда тиімділік дәрежесі жоғарылайды және топ мүшелерінің құзыреті мен мүмкіндіктері арта түседі [1, 78 б.].

Қазіргі уақытта жедел-тергеу топтары түсінігінің қашан пайда болғанын, оны жеке ғалымдар мен тәжірибелік қызметкерлер қалай түсіне білгенін анықтау қиынға түседі.

И.Ф. Герасимовтың еңбектеріне сүйенсек, ұқсас топтар ең алғашында аудандық, қалалық ішкі істер органдарының кезекші бөлімдерінде нақты қылмыстарды ашу мен тергеу мақсатында құрыла бастаған. Қылмыстарды ашу мен тергеу мақсатында құрылған топтар тергеу-жедел немесе жедел-тергеу деп атала бастаған. Бұл еңбектерді түбегейлі зерттей келе, қолданыла бастаған атаулардың, негізінде, олардың мән, мақсатын және құрамын айқын көрсете білгенін байқауға болады [2, 94 б.].

Ұсынылған өзара әрекеттестік нысанын тәжірибеге енгізу көптеген оңтайлы нәтижелерге жеткізді:

Біріншіден, әр түрлі саладағы өзара әрекеттесуші қызметкерлердің құрамы реттеле түсті.

Екіншіден, жедел-іздігіру іс-шаралары мен тергеу іс-қимылдарының өзара келесілген жоспарларын бірігіп және жан-жақты өңдеу мүмкіндігі пайда болды.

Үшіншіден, әр түрлі жазбаша тапсырмаларды құжаттауға деген жауапты да сапалы көзқарас қалыптасты.

Төртіншіден, тергеудің топтық әдісінің барлық тиімді жақтары жоғары деңгейде қолданыла бастады.

В.А.Образцов құқық қорғау органдарының әр түрлі қызметтері мен бөлімдерінің талпыныстарын және мүмкіндіктерін қандай да міндеттерді бірігіп шешу мақсатында біріктіру

— толығымен заңды және тиімді жаратылыс екеніне тоқталған [3, 138 б.].

Соңғы жылдар тәжірибесі қылмыстардың көптеген түрлерін ашу мен тергеу барысындағы жедел-тергеу топтарының тиімділігін, маңыздылығын және әмбебаптығын көрсетті.

Заң әдебиеттерде қылмыстарды ашу мен тергеу барысындағы тергеу органдары мен криминалды полиция аппараттарының өзара әрекеттесулерінің шартты нысандары жеткілікті жарық көрген, дәл осы себеппен біз оларға қайталай тоқталу қажеттілігінің жоқтығын байқаймыз.

Тергеушілер мен жедел іздестіру қызметкерлердің күнделікті қарапайым түрдегі өзара әрекеттесуіне қарағанда, жедел-тергеу топтары қызметінің ұйымдастырылу деңгейі қайда жоғары деңгейге ие, себебі алғашқысында ішкі істер органдарының қызметкерлері ұйымдастырылған тұрғыда бірікпей, әрқайсысы жеке түрде іс-қимыл жасайды да, өзара өте сирек ақылдасады.

Қылмыстарды тергеу-тергеушіден және анықтаушыдан ғылым мен техниканың жаңа жетістіктерін, сондай-ақ озық тергеу тәжірибесінің материалдарын зерделеу және қорыту негізінде әзірленген практикалық ұсынымдарды пайдалануды талап ететін күрделі және жауапты кәсіби қызмет.

Қылмысқа қарсы күрестің тиімділігі көп жағдайда қылмыстарды алдын ала тергеу сапасына негізделеді, бұл тергеудің толықтығын, қылмыстардың жоғары ашылуын, оларды жасауға қатысы бар барлық адамдарды анықтауды көздейді.

Қылмыстарды сапасыз тергеудің негізгі себептері мыналар болып табылады: дәлелдемелерді жинаудың негізгі бағыттарын анықтауда тиісті мақсаттылықтың болмауы; бірқатар жағдайларда тергеудің жазбаша жоспарын жасауға формальды көзқарас; жеке нұсқаларды құрастыру және тексеру, жалпы нұсқаларды ауыстыру білмеу; тергеуді жоспарлаудың негізгі қағидаттарын сақтамау; жоспарлау техникасын, оның элементтері мен құрылымын әлсіз білу; қылмыстық істің мән-жайларын зерттеудің жан-жақтылығын, толықтығы мен объективтілігін бұзуға әкеп соқтыратын кінәлік.

Осы және басқа да кемшіліктерді болдырмау үшін қылмысты, тіпті күрделі емес қылмыстық істер бойынша тергеуді жоспарлау өте маңызды. Тергеуді дұрыс жоспарлау тергеушіге және анықтаушыға тергеу әрекеттерін белсенді, мақсатты және сапалы жүргізуге, қылмыстық іс бойынша қажетті дәлелдемелерді жинауға көмектеседі. Қылмыстарды тергеуді дұрыс ұйымдастыру әрбір қылмыстық іс бойынша жоспарлаусыз мүмкін емес [4, 94 б.].

Қылмыстарды тергеу-бұл қылмыстық іс жүргізу заңының өзінде салынған танымдық қызметтің түрі: 1) дәлелдеудің құқықтық құралдары және оның нысанасы; 2) тергеу әрекеттерін орындау тәртібі мен мерзімдері; 3) тактикалық амалдармен ұштасқан іс жүргізу шешімдерін қабылдау; 4) күрделі және көлемді қылмыстық істер бойынша тиісінше тергеу тобы мен анықтаушылар тобымен алдын ала тергеу және анықтау жүргізу.

Қылмыстарды тергеуді жоспарлау тергеушіден, анықтаушыдан кернеулі ақыл-ой еңбегін талап ететін ойлау процесі болып табылады. Оның мазмұны дедуктивтік және индуктивтік пайымдаулар, тергеудің осы кезеңінде қылмыстық істе бар дәлелдемелерді талдау, синтездеу және бағалау, осы негізде тергелетін оқиғаны тұтастай және оның жекелеген мән-жайларын түсіндіретін нұсқаларды құру, оларды тексеру жолдарын, қылмыстық істің мән-жайларын жан-жақты, толық және объективті зерттеу үшін қажетті дәлелдемелерді жинау құралдары мен тәсілдерін айқындау болып табылады.

Қылмыстық істің мән-жайларын зерттеудің жан-жақтылығы мен толықтығы дәлелдеуге жататын мән-жайларға қатысты ұсынылған барлық нұсқаларды мұқият тексеруді, сондай-ақ осы мән-жайларды дәлелдемелерді бағалау ережелеріне сәйкес анықтауды білдіреді. Қылмыстық істің мән-жайларын зерттеудің объективтілігі тергеу процесіне алдын ала көзқарасты болдырмайды және тергеуші мен анықтаушыны жиналған дәлелдемелерді бағалауда және іс

жүргізу шешімдерін қабылдауда бейтарап болуға міндеттейді.

Тергеуді жоспарлау қылмыстық іс бойынша объективті шындықты, яғни шын мәнінде орын алған жағдайларды анықтауға ықпал етеді. Ол: тергеудің дұрыс бағытын және оның жоғары сапасын; заңдылықты және тергеудің барлық басқа қағидаттарын сақтауды; техникалық-криминалистикалық құралдарды, тергеудің тактикалық тәсілдері мен әдістерін тиімді қолдануды; әрбір қылмысты ашуға және тергеуге күштің, құралдардың және уақыттың ең аз шығынын қамтамасыз етуі тиіс.

Егер тергеуді жоспарлау бойынша тергеушінің қызметін ажыратуға тырысса, онда бұл жерде бірқатар элементтер анық көрінеді. Мұндай элементтердің қатарына жатады:

- бар нақты деректерді зерттеу;
- нұсқаларды ұсыну;
- өткізуге жататын тергеу іс-әрекеттері мен ұйымдастыру іс-шаралары шеңберін, оларды жүргізу мерзімдері мен реттілігін, сондай-ақ орындаушыларды анықтау;
- тергеу барысында жоспарды түзету.

Қолда бар нақты деректерді зерделеуді тергеуші қылмыс белгілері бар оқиға туралы хабарлама алған сәттен бастап бастайды және тергеудің барлық кезеңі ішінде жаңа ақпараттың келіп түсуіне қарай жалғастырылады. Дәлелдемелерден басқа, тергеліп жатқан қылмысқа қатысты, оның ішінде жедел-іздігі көздерінен алынған басқа да нақты деректер зерделенеді және бағаланады. Осының негізінде болжамдар ұсынылады, өткізуге жататын тергеу әрекеттері мен ұйымдастыру іс – шаралары, оларды өткізу тактикасы, мерзімдері мен т.б. анықталады.

Жоспарды түзету қажеттілігіне қарай кез келген уақытта жүргізіледі. Жазбаша жоспарға ішінара өзгерістер енгізген кезде оны тұтастай қайта жазу талап етілмейді, жоспар - бұл қандай да бір түзетулер енгізуге болатын жұмыс құжаты.

Тергеу жоспары қылмыстық іске тігілмейді: әдетте ол қадағалау өндірісінде не жеке сақталады. Қайта өңделген жоспарлардың бастапқы нұсқаларын ешбір жағдайда жоюға болмайды: оларды талдай отырып, қажет болған жағдайда тергеуді қиындатқан қателер мен пайдаланылмаған мүмкіндіктерді анықтауға және оны табысты аяқтау жолдарын белгілеуге болады.

Бұған дейін айтылғандай, тергеу басында іс бойынша жұмысты жоспарлау типтік нұсқалар негізінде жүзеге асырылады. Типтік нұсқаларға сүйене отырып, тергеуші өз жұмысының бағдарламасын оймен белгілейді және бастапқы тергеу әрекеттерін және басқа да қажетті іс-шараларды жүргізеді. Шұғыл іс-қимылдар кешені жүргізілгеннен кейін тергеуші жиналған материалды түсінеді және тергеудің толық жоспарын жасайды.

Ресми материалдар бойынша қылмыстық іс қозғалған кезде тергеуді жоспарлау схемасы - қылмыс белгілері бар оқиғалар туралы азаматтардың өтініштері мен хабарламаларынан, лауазымды адамдардың хаттарынан, баспасөз хабарламаларынан және ішкі істер органдарының жедел-іздігі қызметімен байланысты емес басқа да көздерден белгілі болады.

Өзге жағдай жедел-іздігі деректері бойынша іс қозғалған кезде байқалады. Мұндай жағдайларда тергеуші, әдетте, ең басынан бастап жасалған қылмыстың мән-жайын ғана емес, сондай-ақ тергеудің басында алуға болатын дәлелдемелердің көлемін және т.б. айқын көрсетеді.

Мұндай жағдайларда типтік нұсқаларда қажеттілік жоқ-қолда бар деректердің негізінде тергеуші жалпы, сондай-ақ жеке нақты нұсқаларды құра алады және тергеудің кеңейтілген жоспарын әзірлей алады. Сондықтан, егер іс қолда бар жедел-іздігі материалдарының негізінде қозғалса, тергеуші іс қозғалғанға дейін, іс қозғалатын түпкілікті шешім қабылданғаннан кейін, әдетте бұл іс бойынша жұмысты жоспарлайды.

Барлық қылмыстық істер бойынша алдын ала тергеу жүргізудің міндеттілігін- алдын-ала тергеп тексеру сатыларының жалпы шарттарының бірі. Жасалған қылмыстық әрекеттердің қоғамға қауіптілігі дәрежесінің болатынын, қылмыс субъектілерінің ерекшеліктерін, қылмыстық

ізге түсу органның уәкілеттіктері көлеміндегі айырмашылықтарды ескерк отырып, заң шығарушы сотқа дейінгі қызметтің жоғарыда аталған екі нысанын көздеген:

1. алдын-ала тергеу (алдын-ала іздестіру):
2. анықтау

Сотқа дейінгі қызметті текосы екі нысанмен шектеу заңды органдарының құзіретінің анықтап бөлу ге болатын барлық іс жүргізу қырларының толық көлемде көрсете алмайды.

Сондықтан заңшығарушы әрбір нысан шегінде өз түрлеріне ескерген: мысалы: алдын-ала іздестіру мынадай түрлерде жасалады:

1. өзінің лауазымына қарай тек тергеушілер ғана жүргізілетін алынал тергеу. ҚПК-ң 64-бабының 1-бөлігіне сәйкес, лауазымды адамдар, болыптабылады. Тергеушілерге мыналар жатады: ішкі істер органдарының тергеушілер, ұлттық қауіпсіздік органдарының тергеушілері, салық полициясы органдарының тергеушілері.

- 2 ҚПК-ң 288-бабының 3-бөлігінде көзделген жағдайда анықтау органы жүргізілетін алынал тергеу.

Бұл анықтау органы сотқа дейінгі қызметіне алынал ала жүргізу міндеті болыптабылмайтын істер бойынша алынал ала тергеу тексеру нысанында жасағанын білдіреді.

Мұндай жағдайда алынал

ала тергеу мынадай анықтау органдары арқылы жасалады (әскери) ішкі істер органы. Салық полициясы органдары кеден: органдары: әскери полиция органдары: әділет органдары: шекара қызмет органдары: мемлекеттік көртке қарсы қызмет органдары; ұлттық қауіпсіздік органдары.

Анықтау органының алынал ала тергеу ісін жүргізу үшін мынадай негіздер болады.

Қылмыс жасады деген сезікту ғана адамның анықталмауы жалпы ереже бойынша оған қатысты алынал ала тергеу жүргізу міндетті емес: кәмелетке толмағандардың немесе дене яки психикалық кемістіктеріне болатын өздерінің қорғану құқықтарын жасай алмайтына адамның қылмыс тар жасауы.

Сотқа дейінгі іс жүргізудің дербес нысаны ретінде анықтауда екі түрге бөлінеді.

1. алынал ала тергеу жүргізу міндеті болыптабылатын істер бойынша анықтау.

Бұл жағдайда анықтау органының ҚПК-ң -ң 200-бабында белгіленген тәртіппен қылмыстыкіс жүргізу және жедел іздестіру әрекеттерінің орындау ретінде анық талады.

Бұл анықтау органы осындай істер санаты бойынша қылмыстыкіс қозғауға және қылмыстың іздерінің анықтап тиянату және інде кезек күттірмейтін тергеу әрекеттерін жүргізу құқығы дегенді білдіреді.

Істі тергеушіге берген соң анықтау органы тек тергеушінің тапсыруымен тергеу іс әрекетін және жедел іздестіру шараларын жүргізеді.

2. алынал ала тергеу міндеті болыптабылмайтын істер бойынша анықтау ҚПК-ң 285-бабына сәйкес осындай істер санаты бойынша анықтау материалдары істі сотта қорғау үшін негіз болыптабылады.

Анықтау сотқа дейінгі іс жүргізудің бірден бір мүмкін болатын нысаны жағдайда көрінетін қылмыс жас ады деген сезікті адамды дәлелдеу міндетті шарты болыптабылады. Тұтасалғанда,

істердің нысаны бойынша анықтау ҚПК-ң 37-тарауының нормаларында белгіленген ережелер бойынша жасалады.

Сотқа дейінгі іс жүргізудің нысандарымен түрлеріне қарай оның әртүрлі мерзімдер белгіленеді.

Алдын – ала тергеу нысанындағы сотқа дейінгі іс жүргізу қылмыстыкіс қозғалған күннен бастап 2 ай мерзімнен кешіктірмей аяқталуға тиіс.

Аталған мерзімге қылмыстыкіс қозғалған күннен бастап істі айыптау кобытындысымен немесе медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы мәселені қарау үшін істі сотқа беру туралы қау

лымен бірге прокурорға жіберген күндейінгі немесе іс бойынша іс жүргізуді қысқарту туралы қаулы шығарылған күндейінгі уақыттенгізіледі.

Заңда алдына ләтерге уәмерзімін қылмыстық іс қозғалған күннен бастап есептеуді ескертудің маңызымына да: тәжірибеде қылмыстық істі анықтау органынан тергеушіге, бір тергеушіден екіншісіне, бір қылмыстық ізгетү суорғандарынан екіншісіне беруге тура келетін жағдайлар кездеседі.

Осыған қарамастан,

қылмыстық іс қозғалған күнәлдына ләтергеудің іс жүргізу мерзімі аяқталатын бастапқы кезең болыпта былады.

Бұланықтау органының бастапқы тергеу іс әрекеттерін жүргізуге пайдаланған уақыты да екі айлық мерзімгекіретінін білдіреді.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Зайцева Е.В. Тактические особенности производства отдельных следственных действий при расследовании умышленного причинения вреда здоровью // Евразийский юрид. журнал. – 2018. – № 9. – С. 287-289

2. Герасимов И.Ф. Криминалистическая характеристика преступлений в методике расследования. – Свердловск, 1975. С. 94-95.

3. Образцов В.А. Не убивать они не могут // Уголовное право. – № 1. – 1998. – С. 138-148.

**348.98(574)**

### **МЕДИАЦИЯ КАК СПОСОБ ВНЕСУДЕБНОГО РАЗРЕШЕНИЯ СПОРОВ**

**АБДАКИМОВ А.М.,**

Студент гр. Ю-18-4,

Карагандинский Экономический Университет Казпотребсоюза

Медиатор - независимое физическое лицо, привлекаемое сторонами для проведения медиации на профессиональной и непрофессиональной основе. [1]

Медиация - это альтернативная форма разрешения споров с участием третьей нейтральной, беспристрастной, не заинтересованной стороны в данном конфликте.

Медиация - это особая форма посредничества, которая не предполагает принятия решения по спору третьей стороной, поэтому основная задача медиатора - помочь сторонам как можно скорее привести спор к взаимовыгодному и жизнеспособному решению.

Бытует мнение, что развитие медиации в Казахстане нереально - слишком велики агрессивность и недоверие сторон, а также неоднозначное отношение казахстанских экспертов к перспективам развития медиации в Республике Казахстан. Некоторые из них считают, что медиация не приживется в Казахстане, поскольку это чисто западное явление; другие - в том числе многие известные и уважаемые юристы - утверждают, что медиация заслуживает пристального внимания общества и государства.

Я также довольно скептически относился к введению процедуры медиации, но в результате моих познаний опыта зарубежных стран, России, по внедрению медиации, мое мнение изменилось и на данный момент, я думаю, что в определенных категориях судебных разбирательств, и в частности при разрешении семейных споров, медиация является наиболее выгодным способом разрешения спора для обеих сторон.

Несколько десятилетий назад Соединенные Штаты и страны Европейского Союза столкнулись с проблемой, которая актуальна сегодня и в Казахстане: перегруженность судов, длительные судебные разбирательства, неисполнение судебных решений и огромные судебные издержки для физических и юридических лиц. Промышленный и информационный бум, прогресс и глобализация привели к экспоненциальному увеличению количества споров и их сложности. Стала очевидной необходимость поиска других механизмов разрешения споров.

В результате в США появился термин «альтернативное разрешение споров», который понимается как арбитраж, переговоры, посредничество, так называемые «мини-разбирательства» и другие процессы разрешения споров.

Медиация (в переводе с английского - посредничество) - процедура примирения конфликтующих сторон путем вступления в добровольные переговоры с привлечением нейтрального лица - медиатора в обход судебных разбирательств.

Стороны, инициировавшие процесс медиации, не обязаны его завершать, а посредник не обладает полномочиями судьи, не может принимать решения и заставлять стороны подчиняться их решению, это не действует как катализатор для переговоров, но это помогает вести переговоры более эффективно и вернуть их в нужное русло.

Считаю, что именно благодаря своему нейтралитету посредник может объективно оценить обстоятельства спора и найти оптимальное решение проблемы. Кроме того, стороны часто делятся с посредником информацией, которой они не будут делиться с оппонентом во время обычных двусторонних переговоров, что также помогает посреднику лучше понять, что происходит.

В случае достижения соглашения медиация заканчивается составлением письменного соглашения (мирового соглашения), разрешающего конфликтную ситуацию, при этом посредник не имеет права принуждать стороны подписать соглашение, с которым они не согласны.

Вот некоторые из неоспоримых преимуществ этого института и перспективы использования медиации в Казахстане:

- введение и применение процедуры медиации в некоторой степени снизит существующую нагрузку на суды республики. Это должно положительно сказаться на качестве и сроках рассмотрения судебных дел.

- посредничество имеет очевидные преимущества при разрешении экономических споров. В этом случае более вероятно, что интересы сторон будут соблюдены в результате разрешения спора, поскольку стороны спора являются активными участниками процесса принятия соглашения, а не сторонними наблюдателями, как в суде. Более того, стороны в таком споре, разрешенном посредством медиации, могут успешно сотрудничать в будущем, и отношения между сторонами судебного разбирательства часто безнадежно ухудшаются.

- несомненным преимуществом является конфиденциальность медиации, а судебный процесс в какой-то мере становится достоянием общественности.

- дела, рассматриваемые с участием посредников, а не в суде, экономят много времени и денег сторонам конфликта.

- посредничество незаменимо в некоторых гражданских спорах. Особое место здесь занимают семейные споры и вопросы опеки над детьми. Посредством медиации могут разрешаться разногласия между супругами относительно продолжения брака, осуществления родительских прав, установления места жительства детей, вклада родителей в содержание детей, а также любые другие разногласия, возникающие в семейных отношениях. [1]

Обычно, если супруги не могут прийти к согласию по каким-то вопросам при разводе, они обращаются в суд для разрешения спора. Но во всех ли случаях он эффективен? Увы, ответ очевиден. Само по себе обращение в суд - дополнительная травма, как для бывших супругов,



так и для их детей. Суд не помогает сторонам понять друг друга (собственно, это не его работа), не говоря уже о нормализации отношений с другими сторонами конфликта, на что косвенно могут повлиять последствия разногласий. Как правило, решения, основанные на применении закона, так или иначе в лучшем случае удовлетворяют интересы только одной стороны. Тот факт, что суд выносит решение в пользу отца или матери, по-прежнему является насилием, которое не способствует сохранению союзов. В этих условиях трудно переоценить роль медиации в бракоразводных процессах. В конце концов, должным образом обученный медиатор имеет ряд инструментов, которые помогают управлять эмоциями, тревогами, проблемами людей. Посредник не руководит формализованным процессом и не принимает решения на основе внешних требований. Работа посредника состоит в том, чтобы помочь людям максимально выразить себя, что в конечном итоге позволяет им разработать уникальное решение, которое точно адаптируется к их потребностям. Посредник - не миротворец. Он действует в относительном мире, то есть либо до наступления острой фазы конфликта, либо после спада острой фазы разногласия, но не во время горячей фазы конфликтных действий.

По статистике, большинство мировых примирительных процедур с участием посредника, а это более 80% разногласий, разрешаются путем заключения соглашения об урегулировании споров. Для наглядности приведу несколько примеров из практики разрешения споров с использованием медиации, как в Казахстане, так и за рубежом:

В Усть-Каменогорском городском суде восточного региона Казахстана в рамках проекта «Суд по семейным делам» рассмотрено гражданское дело о разводе. Суд провел примирение, рассмотрев дело К. по видеоконференции с учреждением УИС, в котором обвиняемый отбывает наказание. На предварительном слушании судья-примиритель предпринял шаги по разрешению конфликта между сторонами, объяснив причины, послужившие основанием для подачи иска, напомнив о важности семьи как социального института и последствиях развода. В результате посредничества супруги приняли решение сохранить брак. [2]

Или вот еще один спор, который разрешился с участием посредника уже в России: к посреднику обратилась супружеская пара в процессе развода и в тисках острого конфликта. По их словам, причиной противоречия стал загородный дом, расположенный в Подмосковье. Они купили этот дом в первый год своего брака. Дом не достроили, и молодожены активно участвовали в обустройстве семейного «гнезда». По словам пары, дом одинаково важен для обеих сторон, и каждый хотел бы оставить этот дом себе. Пара не заинтересована в продаже дома и делении полученной суммы. Дом был куплен во время брака, брачный договор между ними не заключался, по закону каждый из супругов имеет одинаковое право на этот дом - до 50% от его стоимости. Главной задачей процедуры медиации было бесконфликтное разрешение сложившейся ситуации, уменьшение травмирующих последствий как для детей, так и для самих супружеских пар, а также создание условий для сохранения будущих отношений дружба и партнерство в разведенной семье. Медиатор посадил стороны за стол переговоров. В результате совместных обсуждений со сторонами он выяснил истинные причины их нежелания расставаться со своим загородным домом и создал условия для взаимопонимания между сторонами. Оказалось, что главным желанием мужчины было сохранить дом как символ семейного очага. У него глубокая эмоциональная связь с этим домом, так как здесь произошло много значимых и важных для него событий. Он хочет остаться и жить в этом доме, чтобы его дети могли приходить сюда. Он боялся, что в случае развода его жена продаст дом, а чужие будут владеть им. Настоящие «опасения» жены оказались в том, что она боялась остаться без средств к существованию и не сможет содержать двоих несовершеннолетних детей. У жены своя квартира в Москве, она собирается снимать этот дом и жить в московской квартире. На деньги, которые она получает от сдачи дома в аренду, дети должны получить хорошее образование и дать им возможность жить комфортно. В результате стороны договорились, что

муж должен оставаться в этом доме, обеспечивая детям образование и достойный уровень жизни до достижения ими совершеннолетия. Они также обсудили размер алиментов, который подходит супруге, и избавили ее от страхов во время процедуры посредничества. Поскольку в данном случае заключенное сторонами соглашение повлияло на алиментные обязательства одного из супругов, в соответствии со ст. 100 Семейного кодекса РФ данный договор был нотариально удостоверен и приобрел силу исполнительного листа. [3]

Приведенные выше примеры показывают, насколько обширна процедура медиации, насколько разнообразны конфликты, а также пути их решения и способы их разрешения. Из-за этого достаточно важным событием стало создание общественного объединения «Союз медиаторов» - некоммерческой организации, целью которой является помощь организациям в повышении эффективности своей деятельности и проведении научных исследований за счет внедрения передового опыта при сохранении профессиональных и этических стандартов медиаторов. Ассоциация предоставляет услуги в следующих сферах:

- Обучение по программе подготовки медиаторов, утверждаемой в порядке, определяемом Правительством Республики Казахстан, на государственном и русском языках.
- Проведение процедуры медиации в порядке, предусмотренном Законом Республики Казахстан «О медиации».
- Ведение реестра профессиональных медиаторов Объединения.
- Проведение семинаров, конференций, круглых столов и других мероприятий с целью повышения профессиональной квалификации медиаторов и продвижения законодательства Республики Казахстан в области медиации. [4]

В заключение хотелось бы отметить, что классическое, «состязательное» правосудие не всегда разрешает споры, оно только пресекает их, так как судья не может и не должен руководствоваться интересами спорящих сторон, поскольку он обязан следовать букве закона. Поэтому часто спор между сторонами дела не разрешается - он просто выявляет победителя и проигравшего. А, значит, спор будет и дальше тлеть - так что при первой возможности разгорится с новой силой.

Выходом из этой ситуации может стать медиация. Это не только освобождает судебную систему, освобождая ее от «ненужных» споров, но, что более важно, помогает уменьшить количество таких споров в будущем. В отличие от суда, медиация фактически разрешает спор, доводит его до логического завершения, когда стороны спора находят взаимоприемлемое решение. И поэтому этот спор больше не возникнет. Кроме того, бывшие участники получают опыт диалога, опыт совместного поиска решений - и с большой долей вероятности можно предположить, что, оказавшись в будущем в аналогичной ситуации, они смогут самостоятельно решать свои проблемы.

#### **Список литературы:**

- 1) Закон Республики Казахстан от 28 января 2011 года № 401-IV «О медиации». – Режим доступа: <http://adilet.zan.kz/ru>
- 2) Споры, разрешенные в порядке медиации. – Режим доступа: <https://www.sud.gov.kz/rus/news/>
- 3) Медиация. Преимущества и примеры. – Режим доступа: <https://www.zakon.kz/4560329>
- 4) Реестр профессиональных медиаторов. – Режим доступа: <https://egov.kz/cms/ru/>

## ЕСІРТКІ, ПСИХОТРОПТЫҚ ЗАТТАР МЕН ПРЕКУРСОРЛАРДЫҢ ҚОҒАМ МЕН МЕМЛЕКЕТТІҢ ӨМІРІНЕ ҚАУІПТІЛІГІ

Ю-13П магистранты БЕҒАЗ Б.

PhD доктор ҚАРЖАСОВА Г.Б.

Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті

Елбасының Қазақстан халқына Жолдауында экономикалық, әлеуметтік және саяси жаңаруымыздың жолында елеулі кедергі болуы ықтимал 21 ғасырдың қазіргі кезде көрініп жүрген объективті қатерлеріне ерекше назар аударып келіп, географиялық орналасу жағынан алғанда Қазақстан бел ортасында тұрған өңірде есірткі таратудың тыйылмай отыруына алаңдаушылық білдірген болатын. Сондай-ақ ғасыр дертімен табанды күрес жүргізуге міндеттенген. Соңғы жылдар есірткіні, психотроптық заттарды теріс пайдалану әрі олардың заңсыз айналымының республикада жаппай таралуы етек алды және экономиканың, құқық тәртібінің жай-күйіне, қоғамдағы әлеуметтік психологиялық ахуалға, халықтың денсаулығы мен тектік қорына барған сайын теріс әсер етуде. Сондықтан да бұл мәселе қазақстандық азаматтардың ешқайсысын елеңдетпей қоймайды деп ойлаймыз.

5.Бертовский Л.В., Образцов В.А. Выявление и расследование экономических преступлений: Учебно-практическое издание.- М., изд. «Экзамен», 2003. - 412 с.

6.Басецкий И. И., Егоров Ю. А., Шиенок В. П. Преступления в банковской системе: теория и практика расследования: монография / И.И. Басецкий, Ю.А. Егоров, В.П. Шиенок; под ред. И.И. Басецкого. – Минск: Акад. МВД Респ. Беларусь, 2000. – 307 с.

### **УДК 336.02**

## **ҚАЗІРГЕ КЕЗЕҢДЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАСЫН ЦИФРЛАНДЫРУ АЯСЫНДА САЛЫҚ САЯСАТЫ**

**ИГЛИКОВА Д.Д.**, магистр, аға оқытушы

Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті,

**УЛАКОВ Н.С.**, э.ғ.к., доцент

Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті

Салық саясатының экономиканың дамуына және әлеуметтік процестерге белсенді араласуы одан мүмкіндігінше терең ғылыми негізділікті талап етеді. Салық саясатын жүргізу кезінде экономикадағы салықтарды қолданылуын еске алуымыз керек. Өйткені қоғамның экономикалық - әлеуметтік дамуы салықтық реформалардың басты құралы болып келеді. Сондықтанда мемлекет салық саясатын жүргізу кезінде ел экономикасындағы әлеуметтік салалардағы өзгерістерді ескеруі керек.

Қазіргі уақытта салық саясатының стратегиялық мақсаты болып экономиканы жаңашаландыру мен әртараптандыру арқылы көлеңкелі экономикадан бизнесті шығару.

Салық саясаты – мемлекеттің салық салу аясындағы жүргізіп отырған шараларының жүйесі. Салық саясатының мазмұны мен мақсаты бюджетті табыспен қамтамасыз ету,

қоғамның әлеуметтік-экономикалық құрылуымен, экономикалық саясатының жалпы бағытымен, сондай-ақ қаржы саясатының нақты әдістерімен сипатталады. Салық саясатының мақсаты мемлекет қажеттілігін қаржы ресурстарымен қамтамасыз ету болып табылады.

Кез келген мемлекеттің салық саясаты сол елдің ірі әріптес мемлекетінің салық саясаты мен өзара байланысқан түрде құрылуы керек және әріптес елдің салық реформасының белгілі дәрежеде әсері болады.

Шартты түрде салық саясатының мүмкін болатын үш түрін көрсетеді.

Бірінші түрі - салық салудың жоғарғы деңгейі, яғни салық ауыртпалығының ең жоғарғы көбейуімен сипатталатын саясат. Бұл жолды таңдағанда салық салу деңгейінің өсуі әр түрлі деңгейдегі бюджеттердің өсуіне бастамауынан жалтару мүмкін емес.

Екінші түрі - салық ауырпашылығының төмендігі, яғни мемлекет өзінің ең жоғарғы қазынашылық қызығушылығын ғана емес, сонымен бірге салық төлеушінің де жағдайын есептеуі. Мұндай саясат көп жағдайларда салықтық және инвестициялық климатқа қолайлы әсер етіп, экономиканың оның нақты секторының жедел дамуына бейімделеді. Салық ауырпалығы кәсікерлік субъектілеріне айтарлықтай жеңілдейді, бірақ бюджетке түсетін табыстардың азаюынан мемлекеттің әлеуметтік бағдарламалары біршама қысқарады.

Үшінші түрі - салық саясатындағы салық салудың жетерлік деңгейде корпорациялар үшін де жеке тұлғалар үшін де елеулі болуы, өйткені осы кезде азаматтар үшін мемлекет тарапынан әлеуметтік қорғауға өтемақылар беріліп, көптеген әлеуметтік бағдарламалар мен кепілдіктер болады.

Мемлекеттің салық саясатының негізгі бағыттары: тұрақты салық жүйесін құру, салықтар санын ірілендіру жолымен қысқарту және бюджетке аз түсім беретін салықтарды алып тастау, немесе оларды ірлендіру, өнім өндірушілерге салық ауыртпашылығын жеңілдету және қосарланған салық салуды болдырмау.

Қазақстанның экономикасында негізгі салаларды цифрландыру қарқынын жеделдетусіз әрі қарай өсу мүмкін емес. Осыған байланысты Қазақстан Республикасында «Сандық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы құрылған болатын. Аталған бағдарламада басты бағыт ауыл шаруашылығы, өндіру және энергетика салаларында, көлік және логистика, электрондық сатуды дамыту, медицина мен фармацевтика цифрландыру, стартаптардың экожүйесін дамыту сияқты экономиканың басты салаларында сандық түрлендіруді орнатудың негізгі мақсаттары көрініс тапты. Сонымен қатар, аталған мемлекеттік бағдарлама экономиканың басқа салаларын трансформацияламаса шешілмейтін бірнеше қателіктер бар екенін атап айтқан жөн. Сондықтан, осы аталған бағдарламаның негізгі мақсатты параметрлеріне қаржы нарығын цифрландыруды енгізу керек, ол өз алдына жалпы экономиканың маңызды бөлігі және экономиканың секторлары арасында қаржылық ресурстарды қайта бөлуші болып табылады.

Цифрландыруды нығайту жаңа қоғамды құруға әкеледі, онда адами капитал белсенді түрде дамиды, болашақтың білімі мен дағдасы жас кезден нығаяды, автоматтандыру мен басқа жаңа технологиялардың есебінен бизнестің жұмыс жылдамдығы мен тиімділігі артады, ал азаматтардың өз мемлекетімен байланысы ашық және қарапайым болады.

Сандық технологиялар қазірдің өзінде біздің өміріміздің ақпараттық, қаржылық, сондай-ақ халық шаруашылығының өнеркәсіптік және әлеуметтік салаларының маңызды бөлігін қамтуда. Бұндай технологияларды қолдану арқылы құрылған экономиканың жаңа секторларын одан әрі дамыту қажет.

ҚР Елбасы Жолдауында «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атап өткеніндей: «Өнімді экспорттауға баса назар аудара отырып, біздің кәсіпорындарды жаңғыртуға және цифрландыруға бағытталған жаңа құралдарды әзірлеу және тестілеу қажет ... Мемлекеттік органдардағы процестерді, соның ішінде олардың халықпен және бизнеспен қарым-қатынасын цифрландыру маңызды болып саналады» [2].

«Сандық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының мақсаттары болып, орта мерзімді болашақта еліміздің экономикасының даму қарқынын жеделдету, сандық технологияларды пайдалану есебінен халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, сондай-ақ ұзақ мерзімді болашақта ел экономикасын болашақтың сандық экономикасын құруды қамтамасыз ететін түбегейлі әрі жаңа даму жолына көшіруге жағдай жасау болып табылады.

Алға қойылған мақсатқа қол жеткізу дамудың екі бағыты бойынша жүруді білдіреді:

Біріншіден, «Қазіргі экономиканы цифрландыру» - нақты сектордағы нақты жобалардан тұратын прагматикалық бастауды қамтамасыз ету, экономиканың қазіргі салаларын, мемлекеттік құрылымдарды цифрландыру және оларды технологиялық қайта жабдықтау жобаларын іске қосу және цифрлық инфрақұрылымды дамыту;

Екіншіден, «Болашақтың цифрлық индустриясын құру» - адами капиталды дамыту деңгейін көтеру, инновациялық даму институттарын құру және жалпы алғанда, цифрлық экожүйені қарқынды дамыту есебінен ұзақ мерзімді орнықтылықты қамтамасыз ету, елдің цифрлық трансформациялауды іске қосу.

Жоғарыда аталған бағдарлама еліміздің салаларын технологиялық жаңғыртуға қосымша серпін беруді қамтамасыз етеді және еңбек өнімділігінің ауқымды және ұзақ мерзімді өсуіне жағдай жасайды.

Қазіргі таңда экономиканың салаларын цифрландыру еңбек өнімділігін арттыруға және капиталдандырудың өсуіне алып келетін озық технологиялар мен мүмкіндіктерді пайдалана отырып, ел экономикасының дәстүрлі салаларын түрлендіру бағыты деп тануға болады. Аталған бағдарлама жалпы алғанда елдегі ғаламтор арқылы-сауданы дамыту үшін қолданыстағы кедергілерді жоюға, сонымен қатар жергілікті ойыншылардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған, оларға мүмкіндік беретін ауқымды шаралар кешенін іске асыруды көздейді.

Ұсынылатын шаралар өз алдына электрондық сауданы реттеуді, электрондық төлемдері қабылдауды арттыруды, халықтың, сондай-ақ кәсіпкерлердің сандық және қаржылық сауаттылығын арттыруға, электрондық сауданы жылжытуға, инфрақұрылымды және логистиканы дамытуға мүмкіндік береді. Реттеу аясында электрондық саудадағы тұтынушылардың құқықтарын қорғау, соның ішінде тиісті органдарға өтініштерін берудің тиімді қашықтықтық құралдарын жақсарту, сатушының есебінен тауарларды қайтару мүмкіндігі, электрондық сауда нарығы қатысушыларының бірыңғай тізілімін енгізуді қамтитын және халық пен қатысушылардың сенім деңгейін арттыруға бағытталған, сондай-ақ бизнесті онлайн саудаға көшіруді ынталандыру бойынша мәселелер регламенттелетін болады.

Электрондық сауда-саттықты жүргізуде сервистік қолдау орталықтарын құруды қоса алғанда, тікелей және жанама шараларды қамтыған қолдау инфрақұрылымын құру сондай-ақ басымдық болады. Электрондық сауда-саттықты дамытуды және таратуды жеделдетуге бағытталған «Инновациялық технологиялар паркі» АЭА құрудың мақсаттарына сәйкес келетін қызмет (жұмыстар, қызмет көрстеу) түрлері бойынша өзі өндіріп шығаратын тауарлар тізбесін кеңейту мәселелері пысықталатын болады. Жеңілдікті қаржыландыруға қолжетімді болуға жәрдемдесу, электрондық сауда саласының ойыншылары үшін салықтың кейбір түрлерін азайту немесе алып тастау сондай-ақ кәсіпкерлердің бәсекеге қабілеттілігін арттырады және бизнесті онлайн жүргізуге ынталандырады. Электрондық төлемдерді қабылдауды арттыру аясында халықаралық тәжірибені ескере отырып, мобильдік төлемдерді жүзеге асырудың оңайлатылған механизмін енгізуді, кәсіпкерлерге қолма-қол ақшасыз төлемдерді жүзеге асыруды ынталандыруды дамыту, электрондық шотфактураларды пайдалануға толық көшуді қамтамасыз ету мәселелері пысықталатын болады [3].

Электрондық сауда-саттықтың аясын құқықтық реттеу саласында да басты мәселелер де бар. Оларға электрондық сауда компаниясының экспортын шектейтін күрделі кедендік рәсімдер, салықтық жеңілдіктердің, және мемлекет тарапынан басқа да маңызды

ынталандырудың болмауы, шетелдік компаниялардың, оның ішінде кроссшекаралық сауданың дамуы үшін шектеулер және сауданың ауқымды көлеңкелі айналымы жатады.

Қазіргі уақытта электрондық төлемдер мен электрондық сауда-саттық қаржы секторының ажырамас бөлігі болып отыр. Қаржы саласы клиенттермен өзара іс-қимыл жасау үшін инновациялық технологиялар мен сандқ сервистерді енгізу мен қолдануда дәстүрлі түрде лидер болып табылады.

Маңызды бағыттың бірі ол табысты іске асырылғанда, салықтық және кедендік әкімшілендіру сапасы артатын шаралар кешенін айтуға болады. Импорттық және экспорттық операцияларды жүзеге асыру кезінде шығындарды төмендету шаралары, импортталатын тауарлардың сапасын бақылау тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар ҚР Үкіметінің «Қазақстан Республикасының 2018-2022 жылдарға арналған Ұлттық экспорттық стратегиясы» Бағдарламасы аясында жүзеге асырылады. Бірыңғай ақпараттық ортаны енгізу және электрондық шот-фактурларды берумен бірге, платформа құра отырып өндірілетін және импортталатын тауарлардың таңбалануын жүргізу жосықсыз бәсекелестіктің алдын алу, шектеу және жолын кесуге, сатып алынатын тауарлардың сапасы мен бағасының кепілдігін, тауардың түпұсқалығын растауды, тауарлардың, оның ішінде контрафактілік тауарларды заңсыз әкелуге, өндірісіне және айналымына қарсы тұруға бағытталған экожүйені құруға мүмкіндік береді. Мемлекеттік органдардың ішкі қызметін цифрландыру мемлекеттік мекемелермен ақпаратпен алмасу және сол сияқты күн сайынғы операцияларды орындаумен байланысты жағдайларды автоматтандыру деңгейіне тәуелді. Мемлекеттік органдардың өзара тиімді іс-қимылы және «rarefree» қағидатын сақтау мақсатында одан әрі цифрлық қойманы дамытумен, бұлыңғыр есептеу қағидаттарына құрылған бизнес-процестерді басқару жүйесін дамыту көзделеді. Осындай үлгілік міндеттерді, басым түрде ақпараттандырудың сервистік моделі бойынша автоматтандыру жұмыстары жалғасатын болады.

Салықтық әкімшілендіруді цифрландыру 4 бастаманы қамтиды (1-кесте).

1-кесте - Салықтық әкімшілендіруді цифрландыру

	Ақпараттық жүйенің атауы	Ерекшелігі
	«Электрондық шот-фактуралар»	тауарларды электрондық шот-фактуралар жазу арқылы іске асыруға мүмкіндік береді. Жүйе интерфейсті түзетуге мұқтаж, сондай-ақ тауарларды алып өтуді бақылау жөнінде функционал құру қажет. Ал аталған функционалдарының бірі тауарларды алып өтуді бақылау жүргізуге, сондай-ақ тағы да басқа мүмкіндік беретін «Виртуалды қойма» модулі болып табылады.
	«Тауарларды таңбалау»	ЕАЭО аясында бұйымдарды таңбалау үшін қажет, яғни оның жұмысының нәтижесі бойынша таңбаланған тауарлар тізілімін кеңейту мәселесі қаралады.
	Блокчейн технологиясы	Блокчейн технологиясын қолдану арқылы, ҚҚС-ты әкімшілендіру – орталықтандырылмаған деректер базасын құруға мүмкіндік береді, ал оның арқасында салық төлеушілердің қаржылық транзакцияларының тізбегі бірден қадағаланады және олардағы ҚҚС-тың кепілдендірілген қайтарымы жүргізіледі.
	Түрлі көздердің деректер	жобаны жүзеге асыру салықтық

базасын біріктіру жолымен салық жинауды арттыру	әкімшілендіру мақсаты үшін Big Data жасауға бағытталады
Ескерту – Деректер [4] негізінде автормен құрылған	

Бүгінде нәтижелі салықтық әкімшілендіруді барынша толық жүзеге асыру қамтамасыз етілмейді, өйткені ақпарат тек уәкілетті мемлекеттік органдардан түседі. Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, заманауи салықтық әкімшілендіру бизнестен алынатын (салықтық бақылау мақсаты үшін) мәліметтер негізінде жүзеге асырылады.

Blockchain технологиясын пайдалана отырып, ҚҚС-ті әкімшілендірудің жаңа тәсілін қолдану ҚҚС-ті әкімшілендіру процесін оңтайландыруға мүмкіндік береді және мыналарды:

- экспорттаушылар үшін ҚҚС қайтару мерзімдерін қысқартуды;
- алдын ала декларацияларды автоматты қалыптастыруды;
- салық органдары тарапынан тексерулер санын қысқартуды;
- ҚҚС жиналуын ұлғайтуды;
- ҚҚС әкімшілендіру ашықтығын арттыруды;
- сұр схемаларды қолданудың мүмкін болмауын қамтамасыз етеді.

Ұсынылып отырған шешімнің негізгі қағидаты ҚҚС қаржы ағындарын және нақты уақытта салық төлеушілердің салық міндеттерін орындау ашықтығын қадағалау, оларды іске асыру үшін екінші деңгейдегі банктерде ашылған ҚҚС төлеушілеріне ҚҚС-тің қолма-қол бақылау шоты деп аталатындар қолданылатын болады.

Осы тұрғыдан алғанда, жақын болашақта жоспарланған келесі қадамдарға назар аударуға негіз бар. Экспортқа қосылған құн салығын қайтару процедурасын жеңілдету жоспарлары өзгеруі мүмкін «Отандық тауар өндірушілерге ҚҚС қайтарудың жеңілдетілген мөлшерін пайдалану құқығын ұсыну ұсынылады: тексерусіз 50% мөлшерінде, тексеруден кейін 50% мөлшерінде», - деді ол. - Сонымен бірге, бақылауға жататын ірі салық төлеушілер үшін 70% 30% -ға жеңілдетілген ҚҚС қайтарылады.

Жеңілдетілген процедураны қолдану, сонымен қатар Тәуекелдерді басқару жүйесін қолдануды тоқтатуды және үшінші тұлғалардың қаржылық бұзушылықтары үшін экспорттаушының шаралары мен жауапкершілігін жоюды білдіреді. Артық ҚҚС қайтарудың жалпы мерзімін 150 күнтізбелік күннен 120-ға дейін қысқарту ұсынылады.

Электрондық сауда-саттықты дамыту ел дамуының басым бағыттарының бірі болып табылады, соңғы уақытта Қазақстанда салық төлеушілерге ыңғайлы болу үшін көптеген жұмыстар атқарылды. Мәселен, электрондық үкіметтің бағдарламасы аясында Халыққа қызмет көрсету орталықтарымен бірлесіп, салық төлеушілерге салық берешегінің жоқтығы туралы анықтама беру қызметі ұсынылады. Барлық жерде дара кәсіпкер ретінде автоматтандырылған онлайн-тіркеу қызметі енгізілді және патент беріледі. Жалпы Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджетінің кіріс бөлігін қалыптастыру жағдайын қарастырып өтесек.

2-кесте. ҚР мемлекеттік бюджетінің түсімдері,  
мың теңге

Атауы	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл
<b>КІРІСТЕР</b>			
оның ішінде:	11 567 691	10 808 573	12 758 479
Салықтық түсімдер	6 810 851	7 890 048	9 216 474,3
Салықтық емес түсімдер	273 872	225 988	354 463,1
Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	68 650	92 536	117 541,8
Трансферттердің түсімдері	4 414 317	2 600 000	3 070 000,0

Мемлекеттік бюджеттік кірістер салықтық, салықтық емес түсімдер, негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер, трансферттердің түсімдерінен тұрады. Жалпы кірістер 2019 жылы 2017 жылмен салыстырғанда 110,2% орындалса, 2019 жылы 2018 жылға атқарылу 135,3% құраған. Жылдар аралығындағы түсімдердің жалпы үлесі жылдан жылға артуда.

Кірістердің түсімдері бойынша 2-кестенің деректерін қарастыратын болсақ, 3 жыл ішінде салықтық түсімдер кіріс түсімдері ішінде жалпы үлесті алып отыр.

Салықтық түсімдердің 2017 жылдың көрсеткіштерін 2018 жылмен салыстырғанда 1 079 197 млн теңгеге артқанын байқауға болады, 2017 жылы салықтық түсімдер 6 810,8 млрд. теңге, 2018 жылы 7 890,0 млрд. теңге, 2019 жылы 9 216,4млрд. теңгегені құрады.

Салықтан тыс түсімдер динамикасына көз жүгіртсек, оның үлесі 2018 жылдан бастап 2019 жыл аралықта 128 475 млн теңгеге артқаны байқалуда.

Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер салықтық түсімдер сияқты 2019 жылдың көрсеткіштері 2018 жылдың көрсеткішінен 25 006 млн.теңгеге артық.

Трансфертті түсімдердің көрсеткіштері 2019 жылды 2018 жылмен салыстырсақ 470 000 млн.теңгеге артық екені көрінеді.

Сонымен, қорытындылай келе, әлемдегі салық салудың өзекті мәселелерінің бірі - салық базасын нақтылау қиындығы және пайданың ығысуы, ол халықаралық деңгейде Base Erosion and Profit Shifting — BEPS. Әрине, бұл мәселе белгілі бір дәрежеде Қазақстанның қаржы кеңістігінде көрінуі тиіс. Бұл, ең болмағанда, Электрондық сауда-саттықты нарығының қарқынды өсуіне негізделген.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 827 қаулысы.

2. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2018 жылғы 10 қаңтар «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері».

3. «Электрондық сауда-саттықты жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 25 қарашадағы № 720 бұйрығы.

4. Салықтық әкімшілендіруді цифрландыру. <https://gz.mcfr.kz/news/1220-salyty-kmshlendrud-tsifrlandyru>.

5. ҚР Қаржы министрлігінің «ҚР мемлекеттік бюджеттің атқарылуы туралы есебі».

#### **УДК 336(743)**

### **ВАЛЮТА САЛАСЫНДАҒЫ ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕРДІ ДАМУ**

**ИСАНОВ А.С.,** э.ғ.м., аға оқытушы,

Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті

Мемлекеттердің экономикалық қалыптасуының маңызды көрсеткіші олардың әлемдік экономикалық экономикаға интеграциясы болып саналады. Қазіргі уақытта интеграциялық процестер сауда, қаржы және валюта салалары сияқты салаларда жүзеге асырылады. Қаржылық интеграция-бұл қаржы нарықтарының бірлігі және олардың бірлік ретінде жұмыс істеу қабілеті. Оның арқасында қатысушылар пайдасын арттырады және Кросс-сатылымға қол жеткізеді [1]. Қаржылық интеграция инвесторларға әртараптандыру арқылы жоғары пайда алуға және тәуекелдерді азайтуға мүмкіндік береді, сондай-ақ қарыз алушыларға неғұрлым ауқымды және



жетілдірілген нарықтарда ең аз шығындармен неғұрлым сенімді қаржыландыруды тартуға мүмкіндік береді. Бұл тұтынушылар мен кәсіпорындар үшін пайда табуға мүмкіндік береді және технологиялық инновациялар сияқты басқа да экономикалық өзгерістермен өзара әрекеттесу арқылы еңбек өнімділігі мен жалпы экономиканың тез өсуіне кепілдік беруі керек [2]. Валюталық интеграция әлемдік экономиканың жаһандануының қазіргі кезеңіндегі әлемдік валюта жүйесінің дамуының негізгі тенденцияларының бірі болып табылады. Валюталық интеграция деп қатысушы мемлекеттердің, олардың шегінде валюта бағамдарының салыстырмалы түрде тұрақты арақатынасы қамтамасыз етілетін, қатысушы елдердің валюталық өзара қарым-қатынастары бірлесіп реттелетін және үшінші елдерге қатысты бірыңғай валюталық саясат жүргізілетін өңірлік аймақтардың белсенді жәрдемдесуімен объективті факторлармен негізделген құру процесін түсінуге болады. Валюталық интеграцияның мынадай негізгі мақсаттары бөлінеді: ұлттық валюталардың позицияларын нығайту; жоғары дамыған елдердің нарықтарына тән құралдардың толық жиынтығымен ауқымды қаржы нарықтарын құру; әлемдік валюта-қаржы жүйесінде лайықты орын алу. Валюталық-экономикалық интеграция тақырыбындағы журналистік және ғылыми мақалаларда экономикалық интеграция кезеңдерінің қатаң реттілігі принципі құрылды. Интеграция ұлттық нарықтардың және Мемлекеттік басқарудың ұлттықтан жоғары институттарының тұтас жүйесін қамтитын жоғары құрылымды, күрделі құбылыс ретінде көрінеді. Қаржылық интеграцияны сәтті жүзеге асырудың мысалы-Еуропалық Одақтағы капитал мен қаржылық қызметтердің бірыңғай нарығы. Дәл осы процесс Еуропалық Одақтың көптеген онжылдықтардағы басты мақсаттарының бірі болып табылады. Бұл процесс заңнамалық, институционалды, реттеушілік сипаттағы көптеген проблемаларды еңсеру жолымен жүрді және әлі де іске асырылуда. Көптеген саяси бастамалар ЕО-да қаржылық интеграцияны күшейтуге жол ашты, бірақ еуроны енгізу ең инновациялық және іргелі болып табылады. Бірыңғай валюта тұтынушылар мен фирмалар үшін операциялық шығындарды азайтады, ел ішінде де, оның шекарасынан тыс жерлерде де бизнесті инвестициялау үшін пайдалануға болатын ресурстарды босатады. Сонымен қатар, бірыңғай валюта қатысушы елдер арасындағы барлық валюталық тәуекелдерді жояды, сондай-ақ үшінші валюталарға қатысты бағамның құбылмалылығын төмендетеді. Мұның бәрі капиталды тиімді халықаралық бөлуге, демек, өсудің жоғары қарқынына әкеледі. Осылайша, валюталық интеграция экономикалық интеграцияның құрамдас бөлігі ретінде валюталық интеграцияға қатысушы елдердің үйлестірілген және келісілген валюталық саясатын іске асыру, сондай-ақ мемлекетаралық валюталық реттеуді жүргізетін мемлекетаралық ұйымдарды құру және олардың жұмыс істеуі процесінде тұрады [3]. Әлемдегі ең ірі экономикалық одақ-Еуроодақ валюта саласында интеграцияның ең жоғары нысанын жасады: Еуроодақтың барлық мүшелері үшін бірыңғай валютаны енгізді. Қазіргі уақытта Еуроаймақта ең ірі әлемдік қаржы-экономикалық бірлестік мәртебесі бар, ал ЕО-ға айналатын бірыңғай валюта әлемдік экономикадағы американдық доллардың маңызды бәсекелесі болып табылады.

Посткеңестік кеңістіктегі елдердің әлеуметтік-экономикалық даму қарқынын арттыру үшін әлеуметтік-экономикалық өмірдің барлық салаларында, оның ішінде валюта саласында қатысушылар арасындағы интеграцияны күшейту қажет. Бұл Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде мемлекетаралық интеграцияның қазіргі кезеңі шеңберінде мүмкін болады [4]. Алайда, бірыңғай валютаға көшу өте күрделі екенін атап өткен жөн. Бірінші кезекте Өндірілетін өнім көлемі бойынша да, құрылымы бойынша да Ресей, Қазақстан және Беларусь экономикаларының айырмашылығына байланысты. Еуразиялық экономикалық одақтың ерекшелігі (Еуроаймақтан айырмашылығы) оның құрамында ірі ел - Ресей Федерациясының болуы болып табылады. Мысалы, халық саны бойынша Ресей Одақтың басқа елдерінен 4 есе көп. Сондай-ақ, жан басына шаққандағы ЖІӨ көрсеткіштеріндегі айырмашылықты ескерген жөн. Жалпы, Еуразиялық экономикалық одақтың валюта саласындағы интеграцияны

дамытудың бірнеше басым бағыттары бөлінеді [5]: ұлттық валютаны елден тыс жерлерде пайдалану мүмкіндігі; одаққа қатысушы мемлекеттер арасындағы ұлттық валютадағы есеп айырысу санының өсуі; одаққа қатысушы елдердің валюта нарықтарында да, олардың арасында есеп айырысу жүргізу кезінде де АҚШ долларының үлесін азайту; халықтың Ел ішіндегі ұлттық валютаға деген сенім деңгейін арттыру. Валюта нарықтарын жетілдіруде интеграцияны дамытудың маңызды шарты, біздің ойымызша, валюталық реттеу кезінде бірыңғай тәсілдер мен әдістерді қолдану, ең бастысы, капиталдың еркін қозғалысын жүзеге асыру үшін шектеулерден біртіндеп бас тарту болады. Айта кетейік, ЕАЭО өзінің интеграциялық әлеуетін әлі толық іске асырып жатқан жоқ. Әлемдік интеграция процесі, сыртқы экономикалық конъюнктура деңгейінің төмендеуі, сондай – ақ макроэкономикалық жағдайлардың нашарлауы елдер арасындағы тығыз ынтымақтастыққа және соның салдарынан ЕАЭО елдерінің ұлттық экономикаларын дамыту факторы болып табылатын валюта нарығының интеграциясына алып келеді. Қаралып отырған процестерде тежеуші факторлар бар: экономикалық дамудың төмен деңгейі; әзірге салыстырмалы түрде әлсіз өндірістік мамандану; құрылымдағы сәйкессіздіктер; экономикалық мүдделерді келісу кезінде, сондай-ақ қол жеткізілген уағдаластықтарды практикада іске асыру кезінде тиімділігі төмен тетіктің болуы. Валюталық одақ - экономикалық интеграцияның жоғары нысаны, оған қол жеткізу үшін ЕАЭО – ға мүше мемлекеттерге экономикада, валюталық саясатта, ортақ нарықты, оның ішінде қаржылық нарықты қалыптастыруда келісілген іс-қимылдар кезеңдерін қамтитын ұзақ бірлескен жолдан өту қажет. Осы міндеттерді шешкеннен кейін валюталық интеграцияның неғұрлым жоғары деңгейі туралы айтуға болады. Бүгінде мүше мемлекеттердің келісілген валюта саясатын жүргізу жөніндегі міндеттерді шешу және азаматтар мен кәсіпкерлік субъектілері күн сайын тап болып отырған қазіргі кедергілерді еңсеру үшін күш – жігер жұмсау қажет. Атап айтқанда, өзара есеп айырысуды жүргізу кезінде ұлттық валюталардың рөлін арттыру үшін жағдай жасау, елдер арасындағы төлем-есеп айырысу қатынастарын жетілдіру және шоттар ашу мен есеп айырысуды жүргізу кезінде тең жағдайларды қамтамасыз ету туралы сөз болып отыр.

#### **Әдебиет тізімі:**

1. Международные валютно-кредитные и финансовые отношения: Учебник. /Под ред. проф. Л.Н. Красавиной. – М.: Финансы и статистика, 2014. – 608 с.
2. Талимова Л.А., Калкабаева Г.М. Международные валютно-финансовые отношения. Учебное пособие. – Караганда: КЭУК, 2016.
3. Суэтин А. А. Международные валютно-кредитные отношения: учебник. – М.: Кнорус, 2010. – 440 с.
4. Бурлачков В.К. Международные валютно-кредитные отношения: конспект лекций. – М.: МГИМО–Университет, 2012. – 180 с.
5. Договор о ЕАЭС. – <https://portal.eaeunion.org/ru-ru/public/main.aspx>.

## МЕСТО ФИНАНСОВ ПРЕДПРИЯТИЙ В ФИНАНСОВОЙ СИСТЕМЕ КАЗАХСТАНА

КОЛДАСБАЕВ Н.Ж., студент группы ФИН-32  
Колледж экономики, бизнеса и права КЭУК  
МУРТАЗИНА Г.А., преподаватель  
Колледж экономики, бизнеса и права КЭУК

Исторически финансы были связаны с деятельностью государства. Они сложились, как государственные финансы, в виде образования и использования государственной казны. Это положение не только сохранилось, но и получило дальнейшее развитие. В современных условиях государство организует финансовую систему и использует её для управления народным хозяйством страны.

Финансовые отношения образуют там, где есть фонды денежных средств. Только с появлением государства и регулярного товарно-денежного обращения возникает экономическая категория финансы. Финансы объективно необходимы, их необходимость обусловлена существованием товарного производства, обращения, а также действием закона стоимости. Денежные отношения, складывающиеся между предприятиями в их хозяйственной деятельности, опосредует кругооборот фондов в процессе производства. Материальной основой финансов является производство.

Финансы предприятий являются основой финансовой системы, так как именно они охватывают важнейшую часть всех денежных, распределительных отношений в стране, к которым относятся финансовые отношения в сфере общественного производства, где создаются валовой внутренний продукт и национальный доход – основные источники формирования финансовых ресурсов страны. Без финансов предприятий не могут существовать другие звенья и элементы финансовой системы, в первую очередь, бюджет, а, следовательно, и бюджетные учреждения и другие некоммерческие предприятия. С помощью распределительной функции финансов предприятий образуются доходы и накопления самих предприятий.

**Финансы предприятий** - это экономические, денежные отношения, возникающие в результате движения денег и образующихся на этой основе денежных потоков, связанные с функционированием создаваемых на предприятиях денежных фондов.

Финансы предприятий связаны непосредственно с производством и отражают состояние экономики страны. Главной целью финансов предприятий является формирование необходимого объема финансовых ресурсов для их дальнейшего использования в процессе хозяйственной деятельности предприятия и обеспечение эффективности развития всех стадий его производственной и коммерческой деятельности.

Финансы предприятий являются основой финансовой системы государства, поскольку предприятия представляют собой главное звено народнохозяйственного комплекса. Состояние финансов предприятия оказывает влияние на обеспеченность общегосударственных и региональных денежных фондов финансовыми ресурсами. Зависимость здесь прямая: чем крепче и устойчивее финансовое положение предприятий, тем обеспеченнее общегосударственные и региональные денежные фонды, более полно удовлетворяются социальные, культурные потребности и др.

Поскольку в литературе дискутируются вопросы сущности финансов в целом, постольку не существует и единого мнения по поводу сущности и функций финансов предприятий. Приведём несколько дефиниций этой категории, рассматриваемых в учебной литературе.

«Финансы предприятий представляют собой совокупность экономических отношений, возникающих в реальном денежном обороте по поводу формирования, распределения и использования финансовых ресурсов» [1, с. 78].

«Финансы предприятий представляют собой совокупность экономических отношений, возникающих в процессе производства, распределения и использования совокупного общественного продукта, национального дохода, национального богатства и связанных с образованием, распределением и использованием валового дохода, денежных накоплений и финансовых ресурсов. Эти отношения, определяющие сущность данной категории опосредованы в денежной форме» [2, с. 47].

«Финансы предприятий – это финансовые или денежные отношения, возникающие в процессе формирования основного и оборотного капитала, фондов денежных средств предприятия и их использования» [3, с. 158].

Финансы предприятий представляют собой систему денежных распределительных отношений, связанных с кругооборотом денежных средств, образованием и использованием денежных доходов, накоплений, фондов денежных средств.

Без нормального функционирования финансового механизма рыночная экономика работать не в состоянии. Опыт последних лет проведения экономических реформ в РК подтвердил это положение. Именно поэтому в условиях рыночной экономики необходимо научиться сочетать самостоятельность предприятий и регионов с государственным регулированием экономики и финансов.

Функции финансов предприятий реализуются на микроэкономическом уровне, они непосредственно связаны с формированием и использованием капитала и денежных фондов предприятий в условиях их экономического обособления и удовлетворением частных благ на возмездной эквивалентной основе.

Финансы предприятий выполняют следующие функции.

**Обеспечивающая функция** финансов предприятий предполагает, что предприятие должно быть полностью обеспечено в оптимальном размере необходимыми денежными средствами при соблюдении очень важного принципа: все расходы должны быть покрыты собственными доходами. Временная дополнительная потребность в средствах покрывается за счет кредита и других заемных источников. При этом оптимизация источников денежных средств - один из путей получения наивысшего финансового результата.

**Распределительная функция** финансов предприятий тесно связана с обеспечивающей. Распределительные отношения также серьезно влияют на конечные результаты. Распределяемая выручка от реализации продукции частично направляется на возмещение затрат предприятия (потребленные средства производства и заработная плата), а другая часть ее представляет прибыль. Прибыль распределяется между предприятием и бюджетом.

**Контрольная функция** финансов предприятий связана с применением различного рода стимулов и санкций, а также соответствующих показателей. Если предприятие своевременно рассчитывается с бюджетом, банками, поставщиками, оно тем самым улучшает свои конечные результаты, повышает эффективность производства и использование средств.

Несмотря на различия в составе и структуре финансовых ресурсов отдельных предприятий в общем их объёме по производственным предприятиям наибольший удельный вес занимают собственные средства. Статистических данных о структуре финансовых ресурсов, к сожалению, не имеется. Однако, есть данные о структуре финансовых ресурсов, направляемых на финансирование инвестиций.

Так, в 2019г. инвестиции в основной капитал в январе-октябре 2020 года составили более 9 млн. тенге, что на 4,7 % меньше к январю-октябрю 2019 г. [4].

За январь-июль 2019 г. оборот розничной торговли составил 5949,7 млрд. тенге или 105,4% к уровню соответствующего периода 2018г.

С начала года оборот от розничной реализации товаров предприятиями частной формы собственности, от торговли индивидуальными предпринимателями, в том числе торгующими на рынках, получен в сумме 5395,3 млрд. тенге (90,7% от общего объема розничной торговли), иностранной формы собственности 554,4 млрд. тенге (9,3%).

Доля продовольственных товаров в общем объеме розничной торговли составляет 31,8%, непродовольственных товаров – 68,2%. Объем реализации продовольственных товаров увеличился по сравнению с январем-июлем 2018г. на 3,8%, непродовольственных товаров на 6,2%.

В своем послании народу Казахстана Глава государства К. Токаев отметил, что эффективный малый и средний бизнес – это прочная основа развития города и села, которая играет важную роль в социально-экономической и политической жизни страны. Поэтому вопрос развития предпринимательства малого и среднего бизнеса является одним из основных приоритетов в стране.

В 2019 году доля малого и среднего бизнеса в экономике составила 30,8%. За прошлый год малый и средний бизнес произвел продукции на 31,2 трлн тенге. По республике 3,4 млн человек работают в сфере малого и среднего бизнеса.

Принимаемые реформы по улучшению бизнес-климата позволили подняться Казахстану на 25 место в рейтинге «Doing Business». Для поддержки и развития предпринимательства на постоянной основе принимаются меры по улучшению бизнес-климата.

С 1 января 2020 года сроком на три года вступил в силу мораторий на проверки, профилактический контроль и надзор с посещением в отношении субъектов малого, в том числе микропредпринимательства[5].

В среднесрочной перспективе будет разработана «новая повестка» развития предпринимательской деятельности и дальнейший курс развития малого и среднего бизнеса будет предусмотрен в новом Стратегическом плане Казахстана до 2025 года.

Одним из ключевых показателей развития малого и среднего предпринимательства Казахстана является его доля в ВВП страны. Субъекты малого и среднего предпринимательства Казахстана произвели в 2019 году ВДС на сумму 21,2 трлн. тенге, что на 20,8% выше уровня 2018 года.

Данный показатель существенно варьируется по регионам. На первом месте находится город Алматы, удельный вес которого в республиканском показателе ВДС малого и среднего предпринимательства составляет 27,5%, затем следует город Нур-Султан с показателем 19,1%, замыкает тройку-лидеров Атырауская область – 9,6%.

Низкие показатели по ВДС, произведенной субъектами МСП продукции по итогам 2019 года, у Кызылординской, Жамбылской, Туркестанской, Северо-Казахстанской, Павлодарской областях.

Малый и средний бизнес играет ключевую роль в обеспечении развития экономики, являясь главным источником рабочих мест не только для квалифицированных кадров, но и что немаловажно для более низкоквалифицированных лиц из числа экономически активного населения.

По данным официальной статистики на 1 января 2020 года в Республике Казахстан насчитывается 1 330,2 тысяч единиц субъектов малого и среднего предпринимательства, что на 88,9 тысячи больше, чем в 2018 году (1 241,3 тыс. единиц). В структуре МСП 64% приходится на индивидуальных предпринимателей, на крестьянские хозяйства – 16%, на юридические

лица, относящиеся по критериям к субъектам МП – 20%.

Анализ структуры МСП показал, что количество индивидуальных предпринимателей за 2019 год увеличилось на 46 805 ед. по сравнению с 2018 годом, количество юридических лиц увеличилось на 26 922 единицы по сравнению с 2018 годом.

Малое и среднее предпринимательство в Казахстане в 2019 году обеспечило работой более трёх миллионов человек, или 38,9% экономически активного населения.

Больше всего работников трудоустроено на предприятиях-субъектах малого предпринимательства (40%) и в ИП (41%). Рассмотрим показатель доли занятых в МСП к общей численности занятого населения в регионе, см. таблицу 1.

Таблица 1 - Доля занятых в МСП в общей численности занятого населения по регионам Казахстана на конец 2019 года

Регион РК	Занятое население, тыс. чел. (2019 год)	Занятые в МСП, тыс. чел (2019 г.)	Доля занятых в МСП в общей численности занятых, %
г. Нур-Султан	553,3	379,8	68,6
г. Алматы	936,5	635,6	67,9
Атырауская	316,3	137,8	43,6
Мангистауская	305,5	120,5	39,4
г. Шымкент	409,8	159,4	38,9
Западно-Казахстанская	321,7	119,5	37,1
Карагандинская	648,9	239,9	37,0
Северо-Казахстанская	293,4	105,7	36,0
Актюбинская	416,5	149,2	35,8
Павлодарская	390,5	134,5	34,4
Восточно-Казахстанская	681,0	232,5	34,1
Костанайская	484,8	156,7	32,3
Акмолинская	408,0	129,7	31,8
Кызылординская	332,3	94,9	28,5
Туркестанская	784,3	217,6	27,7
Алматинская	991,0	258,8	26,1
Жамбылская	507,0	126,7	25,0
Примечание – Составлено автором по данным Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам РК [5]			

Как видно из таблицы 1, самые высокие доли занятых в МСП в городах Нур-Султан (68,6%), Алматы (67,9%), потом Атырауская область (43,6%). Внизу таблицы расположились Туркестанская область (27,7%), Алматинская область (26,1%), Жамбылская область (25,0%).

По итогам 2019 года субъектами МСП в Казахстане произведено продукции на сумму 31 203,1 млрд. тенге, что выше показателя 2018 года на 12%.

В 2019 году по данным Комитета по статистике МНЭ РК ВРП Карагандинской области составил 5 346,9 млрд. тенге или 7,8% от ВВП. По доле ВДС МСП в ВРП в отчетном году регион занимает последнее 17 место в республике с показателем 16,5% (из них МП – 13,3%, СП – 3,2%). Наблюдается тенденция роста данного показателя на 0,7 процентных пункта по сравнению с 2018 годом (2018 – 15,8%).

Количество действующих субъектов МСП в Карагандинской области на январь-декабрь 2019 года составило 88,3 тыс. единиц или 105,1% к соответствующему периоду 2018 года (2018 год – 84,0 тыс. единиц) [5].

С 1 января 2020 года сроком на три года вступил в силу мораторий на проверки, профилактический контроль и надзор с посещением в отношении субъектов малого, в том числе микропредпринимательства.

Таким образом, в среднесрочной перспективе будет разработана «новая повестка» развития предпринимательской деятельности и дальнейший курс развития малого и среднего бизнеса будет предусмотрен в новом Стратегическом плане Казахстана до 2025 года.

Основываясь на вышеизложенном, весь комплекс проблем, с которыми может столкнуться современный предприниматель, можно распределить по следующим группам: проблемы кредитного и инвестиционного обеспечения; проблемы республиканского и регионального финансирования; проблемы в организации и развитии бизнеса; проблемы материально-технического обеспечения и правовой поддержки и др.

В этой связи, в настоящее время для поддержки развития малого и среднего предпринимательства являются необходимыми следующие меры:

- Создание условий для создания новых объектов малого и среднего бизнеса гражданами Казахстана. Для достижения данной цели необходимо на региональном уровне продумать меры поддержки предпринимательских инициатив граждан, подкрепляемых грамотной и четкой нормативно-правовой базой.

- Привлечение в сферу малого и среднего предпринимательства иностранных инвесторов. Для достижения данной цели необходимо поддерживать предпринимательские инициативы наиболее востребованных сфер экономики, которые вызывают интерес не только как предмет предпринимательства, но и необходимы для большей части населения республики как потребителей продуктов деятельности отечественного бизнеса.

- Создание условий для повышения уровня образованности и уровня сформированности предпринимательской культуры. Для достижения данной цели необходимо продумать мероприятия по обеспечению представителей бизнеса необходимой информацией, которая вызовет интерес у данной категории населения к повышению уровня своей предпринимательской, а также финансовой грамотности.

Таким образом, в настоящее время в Республике Казахстан созданы все условия для развития малого и среднего предпринимательства, однако до сих пор отсутствует необходимый уровень специальной грамотности среди большинства населения, не сформирована региональная политика поддержки предпринимательской сферы, ограничен доступ к финансированию сферы предпринимательства, негативный бизнес-климат, проблемы с кадровыми ресурсами и рынками сбыта. В этой связи, в настоящее время для поддержки развития малого и среднего предпринимательства являются необходимыми вышеперечисленные меры.

### **Список литературы:**

1. Павлова Л.Н. Финансовый менеджмент: Учебник для вузов. - 2-е изд., перераб. и доп. - М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2003. - 269 с.

2. Моляков Д.С., Шохин Б.И. Теория финансов предприятий: Учебное пособие. - М.: Финансы и статистика, 2004. - 112 с.

3. Финансы организаций: учебник для студентов вузов, обучающихся по экономическим специальностям, направлению подготовки «Финансы и кредит» / под ред. Н.В. Колчиной, О.В. Португаловой. - 6-е изд., перераб. и доп. - М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2017. - 399 с.

4. Отчет о развитии малого и среднего предпринимательства в Казахстане в первом полугодии 2019 года в разрезе регионов.– Нур-Султан: ОО «Молодые инвалиды города Астана», 2019. – 184 с.

5. Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан

**УДК 657.471.76**

## **КЕШЕНДІ ӨНДІРІСТЕГІ ӨНІМДЕРДІҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**МАДИЕВА К.С.**, к.э.н., профессор  
Карагандинский экономический университет Казпотребсоюза  
**НУРЖАНОВА И.С.**, м.э.н., старший преподаватель  
Карагандинский экономический университет Казпотребсоюза

Бухгалтерлік ғылымда бірлескен өндірістің күрделі шығындары атты маңызды аспект бар. Кешенді шығындардың бір маңызды аспектісі - бірлесіп өндірілетін және жанама өнімдердің өзіндік құнын анықтау.

Жанама өнімдер-бұл өндіріс үрдісінде негізгі өнімдермен бір уақытта пайда болатын өнімдер. Жанама өнімдердің абсолютті құны жоғары болуы мүмкін, бірақ өнімнің негізгі немесе жанама екенін анықтаудың шешуші өлшемі болып бірлесіп өндірілетін өнімнің құнымен салыстырғандағы сату бағасы табылады [1].

Бірлесіп өндірілетін өнімдер кәсіпорындардың коммерциялық өмірі үшін өте маңызды, ал жанама өнімдер кездейсоқ болып табылады. Бірлесіп өндірілетін және жанама өнімдер шығаратын салалардың мысалдарына химия, мұнай өңдеу, тау-кен, ұн және сүт өнеркәсібі жатады.

Көптеген жанама өнімдер табиғатта маңызды емес. Мұндай жағдайларда олар көбінесе сатудың таза бағасы бойынша бағаланады және бұл құн негізгі өнімнің өзіндік құнынан алынады. Нәтижесінде, негізгі өнімнің құны оның құнынан сәл өзгеше болады.

Күрделі шығындарды бөлу нүктесіне бөлу үшін қолданылатын әдістерді екі топқа біріктіруге болады:

1. Өнімдердің нарықтық құнына сәйкес оларды бөлу негізінде кешенді шығындарды өтеу мүмкіндігін өлшеуге арналған әдістер;

2. Массасы, көлемі және т. б. сияқты заттай көрсеткіштердің көмегімен есептелген кешенді шығындар жататын әрбір жеке өнімнен түсетін табысты өлшеуге арналған әдістер.

Өнімнің бірнеше түрін шығаратын қосымша өндіріс «Нәтиже» Сүт Фабрикасы ЖШС мысалында бірлесіп өндірілетін және жанама өнімдердің өзіндік құнын калькуляциялау тәртібін қарастырайық.

Заттай көрсеткіштер әдістерін пайдалану кезінде шығындарды бөлу өндірістің барлық көлеміне пропорционалды түрде күрделі шығындарды қарапайым бөлуді көздейді.

Әрбір өнім бірдей кіріс әкеледі, оны алу үшін күрделі шығындар жұмсалады, сондықтан әрбір өнім оның өндіріс көлеміне пропорционалды күрделі шығындардың үлесіне тиесілі болады.

Әр типтегі өнім бірлігінің құны бірдей деп болжанады. Егер бірлесіп өндірілетін өнімдерді сату бағасы әр түрлі болса, онда әр типтегі өнім бірлігінің бірдей құны туралы болжам кейбір өнімдерге жоғары пайда, ал басқаларына шығындар көрсетілуіне әкеледі. Бұл пайданың дұрыс емес есептелуіне әкелуі мүмкін.



Табиғи индикаторларды қолдану әдісі көбінесе қанағаттанарлықсыз, бұл өз кезегінде келесі мәселені туырады, бірлесіп өндірілетін өнімдердің санын бірдей бірліктермен өлшеу керек [2].

Өлшеудің күрделілігі сұйықтық, қатты заттар немесе газдар болып табылатын өнімдерге қатысты туындайды және олардың мөлшерін өлшеудің жалпы негізін табу қажет. Бұл әдісті қолданудың басты артықшылығы-қарапайымдылық, бірақ әдістің бұл ыңғайлылығы көптеген кемшіліктермен пара-пар келеді.

Өткізу құнына негізделген әдісті пайдаланған кезде кешенді шығындар бірлесіп өндірілетін өнімдерге оларды өткізу құнының бағаларына тепе-тең бөлінеді, бұл ретте неғұрлым жоғары шығындар неғұрлым жоғары өткізу бағасына сәйкес келеді деп болжанады.

Сату құны әдісі бойынша бөлу мынадай болады: іске асыру құнына негізделген әдісте заттай көрсеткіштер әдісінің кемшіліктері жоқ, алайда мынадай кемшілік бар: ол алдыңғы шығындар іске асырудан түскен кірістермен айқындалады деген болжамға негізделген. Мысалы, сатудан төмен кіріс беретін тиімсіз өнім күрделі шығындардың аз бөлігін құрайды және ол пайда әкеледі деген әсер пайда болады.

Жалпы пайданың тұрақты үлесінің әдісін қолдану күрделі шығындар жиынтық жалпы пайданың пайыздық үлесі әрбір жеке өнім үшін бірдей болатындай етіп бөлінеді деп болжайды.

Бұл әдіс мыналарды қамтиды:

1) жалпы пайда пайызын есептеу;

2) кешенді өндіріс шығындарын бөлу және сатылған өнімнің өзіндік құнын анықтау.

Әрбір өнім үшін жалпы пайданың үлесі жиынтық жалпы пайданың үлесіне тең болуы тиіс.

1. Жалпы пайда пайызын есептеу:

а) өткізу құны – 1500 тг.

б) шығындар:

- кешенді - 750 тг.

- жеке - 600 тг.

- барлығы  $(750+600) = 1350$

в) жалпы пайда  $(1500-1350) = 150$  тг.

г) жалпы пайданың пайызы  $(150/1500 \times 100\%) = 10\%$

2. Сатылған өнімнің өзіндік құнын анықтау және кешенді шығындарды бөлу (1-кесте).

Сүт өнімі үшін есептеу жүргізу мысалы:

- сату құны – 350 тг.

- жалп пайда -  $350 \times 0,1 = 35$  тг.

- сатылған өнімнің өзіндік құны -  $350 - 35 = 315$  тг.

- кейінгі өңдеу шығындары - 102 тг.

- бөлінген кешенді шығындар -  $600 - 102 = 498$  тг.

Кесте 1 - Сату көлемінде жалпы пайданың тұрақты үлесі әдісі бойынша кешенді шығындарды бөлу

Өнімдер	Сату құны	Жалпы пайда	Сатылған өнімнің өзіндік құны	Кейінгі өңдеу шығындары	Бөлінген кешенді шығындар
Сүт	350	35	315	102	498
Қаймақ	500	50	450	235	365
Ірімшік	650	65	585	263	337
	1500	150	1350	600	1200

Ескерту – «Нәтиже» Сүт Фабрикасы ЖШС ақпараты негізінде авторлардың есептеулері [3]

Жалпы пайданың тұрақты үлесі әдісіне сәйкес әр жеке өнім үшін сату құны мен өзіндік құн арасында бірдей байланыс бар деп болжанады. Бірақ мұндай болжам күмәнді, өйткені біз шығындары бөлінетін көптеген түрлі өнімдер шығаратын компаниялардағы жеке өнімдер үшін жалпы пайданың тең үлесін байқамаймыз.

Шығындарды бағалау үшін өнімдерге күрделі шығындарды бөлудің ең қолайлы әдісін таңдау үшін бағалаудың не үшін қажет екенін білуіміз қажет. Келесідей сұрақ туындайды: шығындарды өндірілген өнім бірліктерінің санына пропорционалды түрде бөлу керек пе, әлде әртүрлі бірлескен өнімдердің кіріс алу қабілетін көрсететін өзіндік құн мөлшерін алу керек пе? Бухгалтерлердің көпшілігі екінші нұсқаны ұстанады. Бірлесіп өндірілетін өнімдердің табыс әкелу қабілетін айқындау кезінде барынша жақындауды қамтамасыз ететін кешенді шығындарды бөлу әдісі бөлу нүктесінде өткізу құнын айқындау әдісі болып табылады. Сондықтан шығындарды бағалау үшін осы әдіс ұсынылады. Алайда, бөлу нүктесінде сату құны болмайтын жағдайлар болады. Содан кейін, осы әдістің орнына мүмкін болатын іске асырудың таза құны әдісін қолдану керек, бірақ кейбір салаларда кейінгі өңдеу қолданылады, оның кезеңдерінде бұл құн жиі өзгереді. Сонымен, мүмкін болатын іске асырудың таза құнын анықтау өте қиын болады. Кейбір өндірістерде шығатын өнімдер үшін жалпы табиғи өлшеуішті көрсету қиынға соғады.

Мысалы, кейбір үрдістердің шығуында сұйық, газ тәрізді немесе қатты өнімдер пайда болады. Демек, көптеген фирмалар өндіріс көлемін қиындықсыз анықтайтын әдіске жүгінеді. Сондықтан әртүрлі салаларда әртүрлі әдістерді қолдануға болады.

Кешенді шығындарды бөлудің ұсынылған әдістерінен, біздің ойымызша, «Нәтиже» Сүт Фабрикасы ЖШС үшін неғұрлым оңтайлы болып сатудың таза құны әдісі табылады, өйткені барлық бірлесіп өндірілетін өнімдер одан әрі қайта өңделеді. Бөлу нүктесінен кейін өнімдер одан әрі өңделгенде, сату көлеміндегі жалпы пайданың үлесі олардың әрқайсысы үшін әр түрлі болады. Сүт үшін – 11,9%, қаймақ үшін – 9,5%, ірімшік үшін – 9,9%. Есептеулер 2-кестеде жасалды және келесідей түрде ұсынылды:

Кесте 2 - Кешенді шығындарды таза құны әдісі бойынша бөлу

Өнімдер	Сүт	Қаймақ	Ірімшік	Барлығы
Сату құны, тг.	350	500	650	1500
Бөлу нүктесінен кейінгі шығындар, тг.	102	235	263	600
Бөлу нүктесінде ықтимал іске асырудың таза құнын бағалау	248	265	387	900
Жиынтық бағалаудағы үлесі, %	28	29	43	100
Кешенді шығындарды бөлу, тг.	210	217,5	322,5	750
Пайда, тг.	38	47,5	64,5	150
Жалпы пайда, %	11,9	9,5	9,9	10
Ескерту – «Нәтиже» Сүт Фабрикасы ЖШС ақпараты негізінде авторлардың есептеулері [3]				

Барлық өнімдер қосымша шығындарсыз бөлу нүктесінен тыс сатылады. Алайда, іс жүзінде бірлесіп өндірілген өнімдердің нарықтық құны болмауы мүмкін. Бөлу нүктесінде сату құнын бағалау үшін сату нүктесінде сату құнын бағалауды қолдану керек, осы жерден артқа жылжу керек. Бұл әдіс мүмкін іске асырудың таза құны әдісі деп аталады. Бөлу нүктесінде мүмкін болатын сатудың таза құнын сату құнынан кейінгі өңдеу шығындарын шегеру арқылы бағалауға болады.

Салыстыру үшін біз 3-кестеде дәстүрлі әдістеме бойынша дайын өнімнің 1 бірлігінің өзіндік құнын есептедік.

Кесте 3 - Өнімнің 1 бірлігінің өзіндік құнын есептеу

Өнімдер	Өнімнің 1 бірлігіне арналған шығындар	Тұрақты шығындар	Өнім көлемі	Өнімнің 1 бірлігінің өзіндік құны
Сүт	365 тг.	1 950 000 тг.	7500 шт.	260 тг.
Қаймақ	374 тг.	1 844 000 тг.	6500 шт.	283 тг.
Ірімшік	370 тг.	2 400 000 тг.	6000 шт.	400 тг.
